

ДЖОН БИВЕР

---

ШАЙТАН  
ТҰЗАҒЫ

Ажалды реніштің  
тұзағынан азат  
етілген өмір

Джон Бивер

ШАЙТАН  
ТҰЗАҒЫ

The Bait of Satan Kazakh by John Bevere

© 2014 Messenger International

[www.MessengerInternational.org](http://www.MessengerInternational.org)

Originally published in English

Additional resources in Kazakh are available for free download at:

[www.CloudLibrary.org](http://www.CloudLibrary.org)

to contact the author: [JohnBevere@ymail.com](mailto:JohnBevere@ymail.com)

Шайтан тұзағы, қазақ тілінде, Джон Бивер

©2014 Messenger International

[www.MessengerInternational.org](http://www.MessengerInternational.org)

Түпнұсқалық басылымы ағылшын тілінде жазылған

Қосымша қазақ тіліндегі ақпараттарды мына сайттан тегін көшіре аласыз:

[www.CloudLibrary.org](http://www.CloudLibrary.org)

Автормен мына электрондық мекенжаймен байланыса аласыз:

[JohnBevere@ymail.com](mailto:JohnBevere@ymail.com)

## АЛҒЫС СӨЗ

Құдайдан кейінгі ең жақын досым, сүйіктім Лизаға алғысымды білдіремін. Құдай екеумізді қосқаны үшін өмір бақи ризашылығымды білдіремін. Осы кітапты жазуға көмектескенің үшін шын жүректен рахмет.

Осы кітаптың шығу барысында әкелік көңіл бөлмеген үш ұлдарыма Эдисон, Остин, Александрға шыдамдылықтары үшін ризашылығымды білдіремін. Сендер - менің жүрегімнің қуанышысыңдар.

Әлі туылмаған ұлыма немесе қызыма. Сен біздің отбасымыздың сүйіктісіне айналдың. Сені көруге асығудамыз.

Әсіресе Джон Мейсонға, осы жолдамаға сеніп, кітаптың шығуына қошемет-қолдау көрсеткені үшін рахмет. Дебора Поулалионға, оның талантына және оның қолдауына, бүкіл «Creation House» баспасөз қызметкерлерінің еңбектері үшін рахмет.

Ең басты шынайы алғысымды Көктегі Әкеме күш-қуат бергені үшін, Тәңіріміз Исаға, Оның рақымы, ақиқаты және сүйіспеншілігі үшін, Киелі Рухқа, осы еңбекті жазудың барысында адал жетелегені үшін білдіремін.

# МАЗМҰНЫ

---

<i>Алғы сөз</i> .....	5
<i>Кіріспе</i> .....	7
1. Мен ренжудемін бе?.....	11
2. Көпшіліктің реніші.....	19
3. Қалайша осы жағдай менің басымнан өтті?.....	31
4. Әкем менің, әкем менің.....	41
5. Рухани қаңғыбастар қайдан пайда болады?.....	53
6. Ақиқаттан жасырыну.....	67
7. Сенімді негіз.....	77
8. Шайқалатынның барлығы міндетті түрде шайқалады.....	91
9. Азғырылудың іргетасы.....	109
10. Оларды азғырмайық!.....	127
11. Кешірімділік: бермегендіктен, алмайсыздар.....	139
12. Кек сақтау- тұзаққа түсу.....	153
13. Тұзақтанқалай аулақ болу керек.....	165
14. Біздің мақсатымыз-татуласу.....	175
<i>Эпilog: Іс-жүзіндегі қадамдар</i> .....	187

## АЛҒЫ СӨЗ

---

**К**ұдай жойылып бара жатқан әлемге Ізгі хабарды жеткізетін ұрпақты шақырып, көтеріп жатыр. Джон Биверді осы ұрпаққа жатқызамын. Мен 1983 жылы уағыздауға келген қауымда Джонмен дін қызметкер ретінде таныстым. Бірнеше жылдан кейін Құдай Джонды менің Орландодағы қауымыма қызметкер етіп алып келді. Оның Құдаймен тығыз қарым-қатынасы және қызметкер ретінде дамып, жетіліп бара жатқанын өз көзіммен көрдім. Оның адамдарға түсінікті де тура уағыздары күнәкарларды тәубеге және киелі өмір сүруге шақырады. «Шайтан тұзағы» кітабында Джон маңызды тақырыпты ашып талқылайды. Әрбір сенуші түсе алатын тұзақтың бірі- азғырушылық пен реніш. Азғырушылық пен реніштің кесірінен сенушілердің өміріне қиыншылықтар мен сынақтар келіп, әр қилы жағдайға әкеліп соқтырады. Оның соңы қалай болатыны адамның түсінігіне байланысты. Егер сіз ренішке беріліп, өкпешіл адам болатын болсаңыз, ол рухани өсуіңізге кедергі болады. Адамдардың сізге жасаған әділетсіздігі жайында көп ойлап, өзіңізге жаныңыз ашиды. Сөйтіп Құдайдан алыстап, назарыңыз басқа жаққа ауып кетеді. Шайтан сізді осы арқылы өз тұзағына түсірді деп ойлай беріңіз. Егер сіз барлығын Құдайдың қолына тапсырып, ренішіңіздің тамырын жойсаңыз, Құдаймен қарым-қатынасыңыз нығайа түседі. Жақып хатында былай дейді: «Бауырластарым менің, сендер алуан түрлі қиын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдандар. Себебі

сенімдеріңнің сыналып, берік те шынайы екендігінің дәлелденуі төзімділіктерің іс жүзіндесоңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақ. 1:2-4). Реніш пен азғырушылық міндетті түрде келеді. Иса Осы өмірде реніш пен азғырушылықты әрдайым кездестіретініміз жайында ескерткен. Бірақ мәселе реніш пен азғырушылықтар өміріңізге келетіні емес, олар келген кезде қалай көңіл бөлетініңізде. Егер сіз осындай жағдайда жүрсеңіз, осы кітап біраз нәрселерге көзіңізді ашады. Шайтанның осы шырмауын анықтай алуды және жеңіп шығуды үйреніңіз. Бивер өз кітабында осы мәселелерді рухани көзқараспен талқылайды. Өзіңіздің жеке басыңыз танып білген ақиқат қана сізді босата алатынын есіңізден шығармаңыз. Жан–жағыңызға қарап, сіздің нағыз дұшпаныңыз шайтан екенін білгеніңіз жөн.

Бенни Хинн, бағушы және Ізгі хабарды таратушы  
Орландодағы мәсіхшілер орталығы, Флорида штаты  
Сәуір 1994 жыл

## КІРІСПЕ

---

**К**ез–келген адам қақпан құрар алдында екі нәрсені білу керек. Біріншіден, қақпанды білдіртпей жерге көму қажет. Екіншіден, қақпанға «алдамшы жем» қою керек. Біздің жанымыздың қас жауы шайтан осы екі қағиданы пайдалана отырып, бізді өзінің қауіпті қармағына түсіреді. Оның қақпаны көрінбейді, ал «алдамшы жемі» күтуде. Шайтан мен оның жын­дары біз ойлағандай ақымақ емес. Олар өте қулық шеберлікпен алдап азғырады. Істеген істеріне ой–ұшқырын қосады. Періштенің кейпін киіп келетінін де ұмытпағаныңыз дұрыс. Егер біз Құдайдың Сөзін оқымай, жақсыны жамандықтан айыра алмайтын болсақ, оның тұзағына қалай түскенімізді байқамай қаламыз. Әр сенушіге кездесетін қауіпті тұзақтың бірі– реніш. Қақпанда жатқан реніш бізге қауіп төндірмейді. Бірақ егер сол қақпанға түсіп, ренішті бойыңызға сіңдіретін болсаңыз, сіз өкпешіл адамға айналасыз. Өкпешіл адамдар мынандай қасиеттерге ие болады: жан ауруы, ашу-ыза, қызғаншақ, ұрысқақ, жек көру, көре алмаушылық және пасықтық. Осы қасиеттердің салдарынан мынаған ұшырайсыз: жәбірлену, беттен алу кесек ету, жан азабын тарту, (бөлектену), қарым–қатынастың бұзылуы, сатқындық пен бас тарту тартушылықөз сыртқа тебу. Көбінесе адамдар өздерінің қармаққа түскендерін біле бермейді. Өздеріне жасаған жамандықты естерінен шығармай, нашар халде жүргендерін байқамайды. Олар шындыққа тура қарағылары келмейді. Бізді соқыр қылу үшін шайтанның ең нәтижеге жеткізер жолы– өзімшілдік. Қолыңызға ұстап отырған кітап, осы қақпанға түспей, бостандықта өмір сүруді үйретеді.



Әр мәсіхшінің реніштен азат болғаны өте маңызды, өйткені Иса айтқандай реніш пен азғырушылықсыз өмір сүру мүмкін емес. Құрама Штаттар мен басқа елдерде осы тақырыпқа уағыздаған кезімде, жартысынан көбі тәубеге келуді ұйғарды. Адамдар осы қақпаннан шыққан кезде шипа алып, азат болып, жан дүние телері Киелі Рухқа толып, мінажаттарына жауап алғандарын өз көзіммен көрдім. Олардың айтуы бойынша, азат алғаннан кейін ғана, өмір бойы іздеген нәрселерін бір сәтте тапты. Жиырма-сыншы ғасырдың аяғында Құдай жайында білімдарлар өсіп кетті. Соған қарамастан сенушілер, жетекшілер, мәсіхшілер қауымдастығы арасында бөлінушіліктер байқалады. Шынайы сүйіспеншіліктің жетіспеуінен мәсіхшілер қауымдарының арасында реніш үлкейіп және тереңдеп тамыр жайды.

«Бірақ «біліктілік» мақтаншақ етеді, ал «сүйіспеншілік» сенімді жетілдіреді» (Қорынттықтарға 1-хат 8:1).

Көпшілік сенушілер осы тұзаққа түсіп, мұндай тұрмыс қалпын дұрыс деп ойлайды. Алайда Мәсіхтің қайта келуінің алдында, сенушілердің арасында бұрын болмаған бірлік орнайды. Біздің уақытымызда сансыз көп адамдар реніш тұзағынан азат болатынына сенемін. Осы азаттық ояныштың ең маңызды бөлігі болып, бүкіл елге тарап кетеді. Бұрын болмаған сүйіспеншілікті арамызда көріп, Мәсіхтің жүзін танып білетін болады. Осы кітапты ермек үшін жазып отырған жоқпын. Құдай осы сөзді жүрегімде оттай жандырып, жеміс әкелетінін көріп тұрмын. Мен бір қауымда уағыздаған кезімде, сол жердің бағушысы осылай деді: «Бір қызметте осыншама көп адамдардың азаттық алғандарын бірінші рет көріп жатырмын». Құдай жүрегіме осылардың барлығы тек бастамасы ғана деді. Осы кітапты оқып, Киелі Рухтың айтқандарын тындаса, көпшілік адамдар азаттық, шипа алады және қалпыларына келеді. Осы кітапты оқыған кезіңізде Ұстазыңыз және Жұбатушыңыз сіздің жүрегіңізге жеке сөйлеп, Рухтан шыққан аяны өміріңізге және қызметіңізге үлкен азаттық алып келеді. Кітапты оқып бастамас бұрын мінажат етейік:

*«Көктегі Әке, Иса Мәсіх арқылы өтінемін, осы кітапты оқыған кезімде маған Өз Сөзіңді Рухыңмен ашып бере көр. Сені танып білуді және жемісті қызмет етуді кедергі еткен жүректегі мәселелерді ашып көрсетші. Киелі Рухтың әшкерлеуін қабылдап, Сенің еркіңді орындауға рақымыңды сұраймын. Осы кітапты оқи отырып, Сені терең білуді және даусыңды естуге көмектес».*

**Біздің ренішке қалай  
көңіл аударатынымыз  
болашағымызды анықтайды.**

## МЕН РЕНЖУДЕМІН БЕ?

---

*«...теріс жолға азғыратын жағдайлардың болатыны сөзсіз».*

- Лука 17:1

**А**ҚШ-тың барлық жерлерінде қызмет еткен кезімде мәсіхшілердің көбі шайтанның ең алдамшы және рухани өлім алып келетін тұзағына түсіп, қарым-қатынасты бұзады. Бұл тұзақ реніш деп аталады.

Реніш пен жәбірленудің кесірінен жан азабын тартып жүрген көпшілік сенушілер Құдайдың шақырылуын дұрыс орындай алмай, дұрыс шешімдерді қабылдай алмайды. Осының кесірінен олар өзінің бойларында бола алатын қасиеттерін толығынан ала алмайды. Осы жағдайлар адамдардың бойындағы қабілеттерді толығынан ашқызбайды. Көбінесе жан азабын сенушілердің өздерінен тартамыз. Осындайда реніш сатқындық болып көрінеді. Забур жырында 54:13-15 Дәуіт:

*«Жауым қараласа соған төзер едім, дұшпаным бас көтерсе одан тығылар едім. Алайда мұны істеген қатарласым Сенсің, о, жанымға жақын сырлас досым! Қандай гажап еді қарым-қатынасымыз, Құдайдың үйіне барғанымыз».*

Бұл адамдар біздің арамызда мадақтау әндерді айтып отырады, кейде ол қауымның уағыздаушысы болуы мүмкін. Осындай адамдармен біз бірге демалыстарды өткіземіз, әр түрлі қызметтерге қатысамыз немесе бірге жұмыс істейміз. Мүмкін олар одан да жақын адамдар шығар. Біз олармен жұмыс істейміз, сырласамыз, бір-

бірімізге жақын тұрамыз. Қай адаммен қарым–қатынасымыз жақын болған сайын, соған деген ренішіміз тереңірек болады. Қазіргі кезде бір–бірін қатты жек көретін адамдар арасында бұрын тығыз қарым–қатынас болғанын да естіп жатамыз. Ажырасу мәселесімен айналысатын заңгерлер сіздерге көптеген қайғылы оқиғаларды айтып бере алады. Отбасылар ішінде жанжалдар салдарынан кісі өліміне алып келетін жағдайларды, жергілікті бұқаралық ақпараттар айтып жатады. Жанұя бізге қамқорлық, қорғаныш, біздің қажетімізге жарайтын, сүйіспеншілікке үйрететудің орнына, көбінесе жан азабын тартқызатын жерге айналады. Тарихқа сүйенетін болсақ, ең қанды соғыс, азаматтық соғысы уақытында болатын. Інісі ағасына қарсы, ұлы әкесіне қарсы, әкесі ұлына қарсы шығатын болды. Сіз жақсы көретін адамдарыңыз ғана ренжітіп жаныңызды ауыртады. Бұл өзгермес шындық. Сіз оларға көп бергендіктен, көп алуды үміттенесіз. Сіз көбірек күткен сайын, түңіліске одан бетер кете бересіз. Біздің қоғамамызда өзімізді басты орын алады. Бүгінгі уақытта адамдар тек өз қарабастарын ойлап, жан-жағындағыларды өкпелетіп алады. Бұл жағдай бізді таң қалдырмау керек. Киелі кітап осыны бізге анық ашып айтады: ақырғы заманда «Адамдар өзімізді.....болады» (Тімотеге 2 хат 3:2).

Осы аятқа қарап, біз сенбеуші жайында жазылған деп ойлаймыз. Бірақ Пауыл елші сенбеушілер жайында айтып жатқан жоқ. Ол мәсіхшілердің сондай жағдайда болатынын ескерткен. Көптеген сенушілер ренжулі, жан азабын тартып жүр, азғырушылыққа беріліп кеткен. Олар шайтанның қармағына түскендерін білмей жүр. Бұған кім кінәлі? Біз бе? Исаның анық айтуы бойынша, осы әлемде азғырушылық пен ренішке душар болмай өмір сүру мүмкін емес. Соған қарамастан көп сенушілер ренішті бастарынан өткізген кезде таң қалып жатады. Бізден басқа адамдарға әділетсіздік жасамайды деп ойлаймыз. Мұндай жағдайларға назарымызды аударып беретін болсақ, жүрегімізде реніштің ащы тамыры жайылады. Сондықтан біз азғырушылық пен ренішке қарсы шығу үшін дайын болуымыз қажет. Өйткені біздің болашағымыз, ренішке қалай көңіл аударатынымызға байланысты.

## ӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛАРЛЫҚ ТҰЗАҚ

«Азғырылу» грек тілінде Лұқа жазған Ізгі хабарда (7:1) *скандалон* деген сөзден шығады. Осы сөздің басты мағынасы қақпанның ішіндегі жемді жабыстыратын бөліктердің бірін білдіретін. Сөйтіп бұл сөз біреуге қойылған тұзақты білдіреді. Жаңа өсиетте осы сөз шайтанның адамдарға құратын тұзағы деп көп қолданылады. Адамдарды құлдықта ұстап отыратын шайтанның қаруы реніш (немесе азғырушылық).

Пауыл елші жас Тімотені жігерлендіргендегі:

*«Жаратқан Иенің қызметшісінің жанжалдасуына болмайды. Ол бәріне жылы жүзді, жақсылап тәлім беретін, сабырлы болып, қарсыластарын ілтипаттылықпен түзету қажет. Мүмкін болса, Құдай оларды өкіндіріп, шындықты мойындаттар. Осылайша олар ақылға келіп, өзінің еркіне бағындыру үшін ұстап алған шайтанның тұзағынан босап, құтыла алмақ».*

-Тімотеге 2 хат 2:24-26

Жанжалдасатын немесе ұрысқа дайын адамдар шайтанның тұзағына түсіп, оның еркін орындайтын құлға айналып кетеді. Олардың құлға айналғандарын мойындамайтыны өте қайғылы. Азғырылуға түскен адам өзін-өзі дұрыс жағдайда жүрмін деп ойлайды. Бірақ ол керісінше нашар жағдайда жүргенін түсінбейді. Ренжулі адамдарды екіге бөлуге болады:

1. Оларға шынымен әділетсіздік жасағандар
2. Өздеріне әділетсіздік жасалды деп ойлайтындар

Екіншісі, оларға әрдайым әділетсіздік жасай отырып, оларға жамандық жасады деп ойлайды. Олардың тұжырымдары көбінесе бұрыс ақпарат алғаннан пайда болады. Кейде олардың ақпараттары дұрыс болса да, тұжырымдары бұрыс болады. Қай жағдай болса да, олар ренжулі болған соң түсініктері бұрмалы болып келеді. Олар сыртқы белгілерге, сыбыстарға,

Шайтан тұзағы

жорамалдарға, өз ойларын жалғастыруға үйреніп алған айыптаушыларға айналған.

## **ЖҮРЕКТІҢ ШЫНАЙЫ КҮЙІ**

Адамдарды ренжулі қалыпта ұстау үшін шайтан мынандай тәсілді қолданады. Ол - адамдардың тәкаппарлығы. Тәкаппарлық сіздің шынайы бейнеңізді білдіртпейді. Бір кезде бірнеше қауым қызметкерлері менің жүрегімді қатты жаралады. Сонда кейбір адамдар менен сұрайтын: «Саған олай жасауға қалай дәті барды екен? Саған ауыр тиген шығар?» Сонда мен тез жауап қататынмын: «Жоқ, мен ешкімге де ренжіген жоқпын». Менің ешкімге ренжуіме болмайтынын мен түсінетінмін. Сондықтан бар ренішті ішіме жұтатынмын. Мен өз-өзімді ешкімге ренжімеймін деп көндіретінмін. Шын мәніне келсек, үлкен реніште жүрдім. Сол кездегі тәкаппарлығым шынайы кейпімді көруге кедергі ететін. Тәкаппарлық ақиқаттан бой тасалатып, шындыққа қаратқызбайды. Тәкаппарлық сіздің көзіңізді байлайды. Егер сізде бәрі ойдағыдай деп ойласаңыз, ешқашан да өзгере алмайсыз. Тәкаппарлық жүрегіңізді қатыгез қылып, ой санаңызды бұрмалайды. Жүректің өзгеруіне, тәубеге келуге жол бермей, шайтанның торынан шығармайды (Тімотеге 2-хат 2:24-26 қараңыз). Тәкаппарлық сізді өзіңізге деген аяушылық сезімін тудырады. Сол кездегі сіздің ойыңыз: «Маған әділетсіздік жасады. Мені дұрыс бағалай алмады. Сондықтан ренжуге толық құқығым бар», - деп ойлайсыз. Өзіңізді кінәлі санамағандықтан сіз басқаларды кешіре алмайсыз. Сіздің жүрегіңізде не болып жатқанын білмесеңіз де, Құдай бәрін көреді. Сізге әділетсіздік жасады деп жүргеніңізде ренішті сақтауға ешқандай құқығыңыз жоқ.

## **ЕМ АЛУ**

Иса Аян кітабында ешнәрседен тарықпайтын және өзін бай санайтын Лаудікидегі қауымға тіл қатып, олардың шынайы кейіптерін көрсетеді. «...Ал өзіңнің шынында сорлы бейшара,

рухани жарлы, жалаңаш әрі соқыр екенінді білмейсің!» (Аян 3:14-20). Олар рухани игілікте қаржы игілігіне ауыстырып алған. Тәкаппарлық арқылы қандай күйде жүргендерін көре алмайды. Көпшілік адамдар тура осындай жағдайда жүр. Олар мен сияқты бұрынғы қызметшілерге ренжіген қалпымды қайталады. Мен өзімді жүрегімнің жараланбағанына сендірдім. Иса Лаудікиліктерге азғырылудан қалай аулақ болуды үйреткен: Құдайдың алтынын сатып алып, шынайы кейпіңізді көру.

## ҚҰДАЙДЫҢ АЛТЫНЫН САТЫП АЛУ

Исаның бірінші тәлімі - азғырылудан аулақ болудың жолы:

*«Саған рухани баюың үшін отта балқытылып тазартылған «саф алтынды» Менен сатып алуға кеңес беремін...».*

- Аян 3:18

Отпен тазаланған алтын жұмсақ әрі икемді, шіріктен, қараудан, басқа қоспалары жоқ болып келеді. Алтын басқа металлдармен араласқан кезде, ол өте қатты, икемсіз, және шіріп қарауға дайын тұрады. Мұндай қоспаларды құйма деп атайды. Басқа металлдар көбірек қосылған сайын, алтын қатай береді. Және де керісінше басқа металлдар аз болған сайын алтын жұмсарып икемді бола бастайды. Біз өз көзімізбен салыстырып қарағанда таза жүрек таза алтынға ұқсайды. Ол жұмсақ, нәзік және икемді. Еврейлерге арналған хатта (3:13) адамдар біздің күнәміздің кесірінен жүректерінің қасарысатыны туралы жазған. Егер біз ренішімізді жеңбесек, ол күнәнің жемісін алып келеді. Олар: тәкаппарлық, ыза, қарсылық. Басқа қоспалар алтынды қалай қатты және икемсіз қылса, біздің жүрегіміз де сол сияқты болады. Біз жүрегіміздің нәзіктігін, жұмсақтығын, сезімталдығын жоғалтамыз. Құдайдың дауысын естімей, көзіміз байланады. Алтынды тазаларда, бірінші қадам оны ұнтаққа айналдырып, флюс деген затпен араластырады. Кейін осы ұнтақты алып, жоғарғы температурадағы пештің отына



Шайтан тұзағы

салып қайнатады. Қортпалар мен қоспалар флюсқа жақындап, жоғарыға көтеріледі. Алтын ауыр болған соң түбінде қалады. Қоспалар және қоқыстар (мыс, темір, мырыш және флюспен аралас металлдар) алынады, сөйтіп түбінде таза алтын қалады. Ал енді Құдайдың Сөзіне қарайық:

*«Оның орнына сендерді тазарту үшін азап отынан өткіздім. Сонда да балқытылған күмістей саф таза болып шықпадыңдар».*

*-Ишая 48:10*

Және тағы:

*«Қазір сендерге біраз уақыт азап иегің (ағылыың аудармасында «тым қатты сынақтар»), қуғын-сүргін көруге тұра келгенмен, осы сөнбес үмітке қуаныңдар! Азап иегулеріңнің мақсаты - иың жүректен сенгендеріңді дәлелдеу. Жойылып кетуі мүмкін алтын отта балқытылған кезде сыналып, тазартылады. Сол сияқты, алтыннан әлдеқайда бағалы сенімдерің де бастан кешкен азаптарың арқылы сыналып, берік те шынайы екендігі дәлелденеді. Сонда Иса Мәсіхтің қайта оралып, ашық көрінетін күні Құдай сендерді мадақтап, даңқ пен құрметке бөлемек».*

*-Петрдің 1-ші хаты 1:6-7*

Құдай бізді қиыншылықтар мен сынақтар арқылы отпен тазалап, кешірмеу, ұрыс-керіс, қызғаншақтық, ашу-ыза сияқты жағымсыз мінез-қылықтардан арылтып Өзінің мінезіне ұқсатады. Сынақ пен қиыншылықтың оты болмаған жерде күнә пайда болады. Сәтті кездерде нашар адамның өзі жақсы болып көрінеді. Алайда сынақтар келген кезде, қоқыстың бәрі сыртқа шығады. Менің өмірімде ешқашан кездестірмеген қатты сынақтар келген кездер болды. Жақындарыма дәрекілік көрсете бастадым. Менің достарым мен жанұям менен алшақтай бастады. Мен Құдайға шағымдана бастадым: «Өмірі болмаған ашу-ыза қайдан пайда болды?» Сонда Құдайдың жауабы: «Ұлым, алтынның қоқыстары тек ыстық оттан өткен кезде ғана сыртқа шыға бастайды!» Содан соң Құдай менің бүкіл өмірімді өзгерткен сұрақ қойды: «Алтынды отқа қоймай тұрып қортпасын

көре аласың ба?» «Жоқ» деп жауап бердім мен. Көрінбегенмен оның жоқтығын білдірмейді ғой? Сен сынақ отына түскен кезде қортпалар үстіне көтеріледі. Олар саған көрінбесе де, Маған әрқашан көрінетін. Қазір сенің алдында өміріңді өзгертетін таңдау тұр. Сен әйелінді, достарыңды, бағушыңды, бірге жұмыс істейтін адамдарды кінәлап оларға ренжи бермесең, алайда күнәнің ластығын түсініп, тәубеге келіп, өзіңе деген кешірімді қабылдасаң, Мен сенің өміріңнен осы қоспаларды өз қолыммен алып тастаймын ».

## **ӨЗІҢІЗДІҢ ШЫНАЙЫ КЕЙПІҢІЗДІ КӨРІҢІЗ**

Барлық жағдайларды шынайы түрде көру қабілеті - азғырылудан азат болудың жолы деп Иса айтқан. Біз ашу-ызамыздың, кешірімсіздігіміздің, қызғаншақтығымыздың бәрі сыртқа шыққан кезде өзімізді жақтаймыз. Кейде біреулер ренжіткен адамымызды есімізге түсірсе, оларға ашуланамыз. Сол себептен Иса кеңес берген: «...Сондай-ақ, көре алуың үшін «көзге жағатын шипалы май» да сатып ал!» (Аян 3:18). Нені көру? Өзіңнің шынайы кейпіңді. Құдайға «ыстық болу мен тәубеге келудің» жалғыз жолы осы екенін Иса айтқан. Басқа адамдарды кінәлай беруді доғарсаңыз ғана тәубеге келе аласыз. Біреуді кінәлай беріп, ал өзіңізді жақтай берсеңіз зағип адамға ұқсайсыз. Біз бауырымыздың көзінде тұрған жаңқаны алғымыз келіп тұрады. Өзіміздің көзімізде бөрене тұрғанын байқамаймыз. Ақиқат аяны ғана бізді азаттыққа алып келеді. Құдайдың Рухы әрдайым бізге күнәмізді көрсеткен кезде, тұлғамызды күнәдан айырып көрсетеді. Бұл бізге айыптау емес, әшкерелеу алып келеді. Осы кітапты оқыған кезде сіздің көзіңіз ашылып, жүрегіңіздің шынайы кейпін көруге және реніштен азаттық алғаныңыз жайында мен мінәжат етемін. Сіздің көзіңіздің ашық болуына және тәубе етіп жүруіңізге кедергі ететін тәкаппарлыққа жол бермеңіз.

**Ренжулі мәсіхші - ол өзіне  
өмірді сіңдіріп, бірақ  
ешкіммен сол өмірмен  
бөлісуге қабілеті жоқ адам.**

## КӨПШІЛІКТІҢ РЕНІШІ

---

*«Сонда көбі сенімдерінен танып, өзара опасыздық жасап, бір-бірін жек көреді. Талай жалған пайғамбарлар халық алдына шығып, көптеген адамдарды алдап, азғыратын болады. Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді. Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады.»*

**-Матай 24:10-13**

**М**атай жазған Ізгі хабардың осы тарауында Иса ақырғы заманның белгілерін көрсетіп жатты. «Сенің қайта келуіңнің белгілері қандай?» деп Исаның шәкірттері сұрайтын. Біз Исаның қайта келуінің уақытында өмір сүріп жатқанымызды адамдардың көбісі келіседі. Оның қайта келуінің нақты уақытын анықтаудың қажеті жоқ. Оны тек Көктегі Әке біледі. Бірақ Оның қайта келуін біз алдын ала білетінімізді Иса ескерткен. Ол уақыт келді! Бүкіл әлемде, Израилде, қауымда орындалып жатқан көптеген пайғамбарлық Сөздерді бұрын осыншама көрген жоқпыз. Сондықтан біз Матайдың 24-тарауындағы сипатталған уақытында өмір сүріп жатырмыз деп сенімді айта аламыз. Исаның қайта келуінің белгілерінің біріне назар аударайықшы: «Көпшілігі азғырылады (яғни ренжиді)...» Бірнеше немесе кейбірі деп жазылып тұрған жоқ, көбі деп жазулы. Біріншіден, мынандай сұрақ туу мүмкін. «Бұл азғырылған және ренжіген кімдер?» Мәсіхшілер ме әлде барлық қоғам ба? Ары қарай жауабын іздесек: «Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі суып

кетеді». Осы жерде «сүйіспеншілік» сөзі грек тілінде *agape* сөзінен шыққан. Жаңа Өсиетте «сүйіспеншілік» сөзін аударған кезде, *agape* және *филео* деген сөздерін қолданған.

Филео - достардың арасындағы сүйіспеншілікті білдіреді. Мұндай сүйіспеншілік - достар арасындағы белгілі бір шарттарға байланысты жылы қарым қатынас. Филеоның сөздері: «Сен маған берсен, мен де саған беремін» немесе «Сен маған жылы қарасаң, мен де саған жылы қараймын». Басқа жағынан *agape* - Құдайдың балаларына жаудырып тұрған сүйіспеншілігі. Осы сүйіспеншілікті Иса өтеусіз береді. Ол - шартсыз сүйіспеншілік. Ол сіздің жақсылығыңызға немесе іс-әрекетіңізге қарамайды. Одан бас тартсаңызда, ол сізді жақсы көруді жалғастырады. Құдайсыз біздің сүйіспеншілігіміз біреуден пайда көрмесе таусыла бастайды. Бірақ *agape* ештеңеге қарамай сүюді жалғастырады. Иса айқыш ағашта біздер үшін өмірін қиып жатқан кезде, *agape* сүйіспеншілігімен сүйді. Сондықтан Иса айтып жатқан «көпшілік» *agape* сүйіспеншілігі суып кеткен мәсіхшілер болып табылады. Менің өмірімде бір адамға бар сүйіспеншілігімді көрсетуге тырысқан уақытым болды. Бірақ бұл кісі менің сүйіспеншілігімнен бас тартып, мені көрген сайын дөрекілік көрсететін. Бұл жағдай көп айларға созылды. Сөйтіп менің төзімім таусылды. Мен Құдайға күңкілдей бастадым. «Жетер енді! Сен менімен қазір сөйлесуің керек. Бұл адамға қанша сүйіспеншілігімді көрсетуге тырысқаныммен түк шықпады. Оның дөрекілігінен басқа түк көрген жоқпын». Сонда Құдай маған тіл қатты:

*«Джон, саған Құдайдың сүйіспеншілігін дамыту керек». «Сен осымен не айтқың келеді?» деп мен сұрадым. «Өзінің ескі күнәкар болмысын қанағаттандырушы сол болмысқа тән өлімді орады. Ал Құдайдың Рухына қызмет етуші осы Рухқа тән мәңгілік өмірді орады. Жақсылық жасаудан талмайық! Себебі бұдан шаршап, бас тартпасақ, тиісті уақытта оның игілікті өнімін Құдайдан қабылдайтын боламыз».*

*-Ғалаттықтарға 6:8-9*

Сіз Құдайдың сүйіспеншілігін екен кезде, Құдайдың сүйіспеншілігін орасыз. Осы рухани заңға сеніміңізді дамытуыңыз қажет. Мүмкін сіз қалағандай тез немесе екен жеріңізден ормайсыз.

Сөйтіп Құдай маған жалғастыра берді: «Менің ең жақын достарым қатты қиналған кезімде тастап кетті. Яһуда мені сатып кетті, Петр менен бас тартты, басқалары болса өз өмірлерін сақтау үшін қашып кетті. Тек Жохан ғана алыстан қарап жүрді. Мен оларға үш жыл бойы қамқор болып, тәлім бердім, тамақтандырдым. Алайда мен бүкіл әлемнің күнәлары үшін айқышқа барғанымда, олардың бәрін кешірдім. Мені тастап кеткен достарымнан бастап, айқышта шегелеген римдік жауынгерлерге дейін барлығын азат еттім. Олар менен кешірім сұрамаса да, Мен оларға кешірімділікті бердім. Мен Әкенің сүйіспеншілігіне сендім. Әкенің сүйіспеншілігін екен кезде, Құдайдың Патшалығының көпшілік ұлдары мен қыздарының сүйіспеншілігін оратынымды білдім. Сүйіспеншілігімнің күәлігі- құрбандығым арқылы олар мені жақсы көретін болады.

*«Ал Мен сендерге айтамын: жауларыңды жақсы көріндер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінажат етіңдер! Осылайша Көктегі Әкелеріңнің рухани балалары боласыңдар: Ол жамандарға да, жақсыларға да күн сәулесін бірдей түсіріп, әділдерге де, әділетсіздерге де жаңбырды бірдей жауғызады. Ал егер өздеріңді жақсы көретіндерді жақсы көрсеңдер, онда сендерге қандай сый берілмек? Тіпті күнәлі салықшылар да солай етпей ме? Сондай-ақ өз бауырларыңмен ғана жарқын жүзбен амандассаңдар, онда басқаларға қарағанда қандай ерекше іс істейсіңдер? Тіпті Құдайға мойынсұнбайтындар да солай етпей ме?».*

*-Матай 5:44-47*

## ҮЛКЕН ҮМІТ АРТУ

Мен Рухқа еккен сүйіспеншілікті ерте ме, кеш пе оратынымды түсіндім. Қалай және қайдан оратынымды білген жоқпын. Бірақ жемісін көретінімді білдім. Мен жақсы көретін адамдарыма еккен сүйіспеншілігімнің жемісін көрмесемде, жақсы көруден шаршамайтынмын. Осындай ойлар мені азат етті. Егер көпшілік мәсіхшілер осыны түсінсе ғой, сонда олар азғырылмай жеңілмеуші еді. Әдетте біз ондай сүйіспеншілікті көрсете алмаймыз. Біз өзімізді сүйіспеншілікпен сүйгенді әдетке айналдырып алғанбыз. Мұндай сүйіспеншілік үмітімізді ақтамаса, көңілімізді қалдырады. Егер мен адамдарға үміт артатын болсам, олар менің көңілімді қалдыратыны сөзсіз. Ал егер мен ешкімнен ештеңе күтпеген жағдайда, олардан көргендерімді жарылқау ретінде қабылдаймын. Егер біз қарым-қатынаста тұратын адамдарға сенім артсақ, азғырылу мен ренішке есік ашамыз. Неғұрлым біз адам баласына үміт арта берген сайын, соғұрлым біздің өмірімізде азғырылу мен ренішке жол ашыла береді.

## ҚОРҒАНЫШ ҚАБЫРҒАЛАРЫ

*«Ренжіген ағайын- бекітілген қаладай, дауласқан адамың- бекітілген қамалдай».*

*- Нақыл сөздер 18:19*

Ренжулі бауырластардың жүрегін жібіткеннен гөрі, бір қаланы жаулап алғаның жеңілірек болар. Ежелдегі адамдар өз қалаларын жаулардан қорғау үшін қабырғалармен қорғайтын. Қаланың кіреберісі мұқият қадағаланатын. Салық төлемегендерді қаланың ішіне төлемегендерінше кіргізбейтін. Кез келген күдікті адамдарды да кіргізбейтін. Бізде солар сияқты ренжулі кезімізде, жүрегімізді жараланудан қорғау үшін қабырғаларды сала бастаймыз. Жаңа жараларды алудан қорқып қалған біз әрбір

күдіктіні кіргізбейміз. Сөйтіп өзімізге қарыздар болып көрінетін адамдарды ғана таңдаймыз. Қарызын толық өтемейінше оларды кіргізбейміз. Бізді жақтайтындар деп ойлатын адамдарды ғана өмірімізге кіргіземіз. Алайда бізді жақтайтындардың өздері ренжулі және жәбірленген болып табылады. Сөйтіп, адамдарға көмектесудің орнына біз жүрегіміздегі қабырғаларға тағы да тастарды қалай бастаймыз. Бірақ бұл қабырғалардың түрмеге қалай айналып кеткенін байқамай қаламыз. Осындай күйімізде біздің жүрегімізге кім кіріп жатқанын мұқият қадағалай отырып қана қоймай, қорқыныштан өзімізде осы күйден шықпай отырамыз. Жәбірленген мәсіхшілер өздеріне қатты назар аударып, өздерін зерттеумен айналысады. Біз өзіміздің құқығымыз бен қарым-қатынасымызды бақылаймыз. Өзіміздің жүрегімізді жаңа жаралардан қорғау үшін бар күш-қуатымызды жұмсаймыз. Бірақ біз жүрегімізді ашпасақ, Құдайдың шартсыз сүйіспеншілігін көрсете алмаймыз. Құдайдың шартсыз сүйіспеншілігі өзіміз болмайды, ал ренжулі адамдар өзіміз және тұйық болып келеді. Мұндай қарым-қатынаста Құдайдың шартсыз сүйіспеншілігі суып кетеді. Оны Киелі жеріндегі екі теңізбен салыстыруға болады. Галилеялық теңіз өзіне басқа теңіздерден суларды қабылдап, өзі де басқа теңіздерге құяды. Ол теңіз берекеге толы және ішіндегі балықтар мен өсімдіктеді қоректендіреді. Галилеялық теңіз Иордан теңізі арқылы өтіп, Өлі теңізге құяды. Бірақ Өлі теңіз суды басқаларға құймай, тек қабылдайды. Бұл теңізде не балық жоқ, не өсімдік жоқ. Галилеялық теңіздің тірі сулары Өлі теңіздің суына құйған кезінде, өлі суға айналып кетеді. Өміріңізді басқалар үшін сүрмесеніз, өлі адамға айналып кетесіз. Сондықтан ренжулі мәсіхші бір нәрсені қабылдағаннан басқа еш нәрсеге жарамсыз болып қалады. Нәтижесінде мұндай адамның жүрегіндегі реніштен салынған қабырғаларда сулар тұрып қалады. Жаңа Өсиет бұл қабырғаларды бекіністер деп атайды.

*«...қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар. Солармен жасау*



*бекіністерін талқандаймыз; оның дәлелдемелерінің қате екенін әшкерелеп, адамдардың Құдайды тануына бөгет болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырамыз».*

*-Қорынттық. 2 хат 10:4-5*

Мұндай бекіністер адамда белгілі бір бұрыс ой-сананы қалыптастырады. Осындай ой-саналар тек бір жақтан ғана ақпаратты қабылдап, оны тек бұрмалауға қабілеті болып, Құдайды тану үшін кедергі етеді. Басында ол бекіністер өз-өзін қорғау үшін салынған. Кейін бұл бекіністер өзіңді бұрмалап қинайды, ойыңыз Мәсіхке бағынбайтын болады. Біз басымыздан өткізгендерімізді, реніштерімізді есімізге түсірген кезімізде, Құдайға сенудің қиын екенін байқаймыз. Біз Құдайдың Сөзінде айтқысы келетін нәрселерге сенгіміз келмейді. Құдайдың қайырымдылығы мен сенімділігіне күмәнданамыз. Өйткені біз Құдайды адаммен салыстырамыз. Бірақ Құдай адамға ұқсамайды! Ол адам сияқты емес! Ол ешқашан жалған сөйлемейді. (Руларды санауды қараңыз). Оның ойы сендердің пікірлеріңнен өзге, Оның жолы сендердікінен басқа (Ишая 55:8-9 қараңыз). Ренжулі адамдар Киелі кітаптың ішінен кейбір аяттарды өздерін жақтау үшін қолданады, бірақ Киелі кітапты мұндай тәсілмен пайдалануға болмайды. Құдайдың Сөзінде сүйіспеншіліксіз біліміңіз болса, мұндай білімді жойып жіберетін күшпен салыстыруға болады. Осының салдарынан адамның ойы қараңғыланып, діншілге айналып кетеді. Басқаларды кешірмегені үшін тәубе етудің орнына, бұл білімділік өздерін ақтауға итермелейді. Иса «көпшілігі азғырылады» дегенде жалған пайғамбарлар жайында ескертеді:

*«Талай жалған пайғамбарлар халық алдына шығып, көптеген адамдарды алдап, азғыратын болады».*

*-Матай 24:11*

Ол көпшілік кімдер? Жауабы: сүйіспеншілігі суып кеткен ренжулі адамдар.

## ЖАЛҒАН ПАЙҒАМБАРЛАР

Иса жалған пайғамбарларды қойдың терісін киіп алған қасқырлармен теңестіреді (Матай 7:15 қараңыз). Олар өздерін ғана ойлап, арамшыл болады. Олардың сырт келбеттері сенушілерге ұқсайды (қойдың терісі), ал шын мәнінде қасқыр болып келеді. Қасқырлар қойлардың маңайында айналшықтауды жақсы көреді. Олар қауымның мүшелерінің арасында немесе қауымның сахнасының төрінде көрінуі мүмкін. Мұндай адамдар - сенушілердің арасына өтіп кетіп, оларды азғыру үшін шайтаннан келетіндер. Оларды пайғамбаршылық сөздері немесе тәлімдері арқылы жемістеріне қарап білуге болады. Олардың тәлімдері кейде дұрыс болып көрінгенмен, өмірлері мен жемістері бұрыс болады. Құдайдың қызметшісі немесе жай ғана сенуші Исаны өзінің өмірі арқылы көрсетуі керек. Қасқырлар әрқашанда әлсіз және жас қойларды іздейді. Ол қасқырлар шындықты емес, тек құлаққа жағатын нәрселерді ғана айтады. Олар Құдайдың ақиқатын естігісі келмейді. Пауылдың ақырғы заман жайында не айтатынын көрейік:

*«Есіңде болсын, соңғы дәуірде қиын-қыстау күндер туады. Адамдар...ымыраға келмейді (жаңа аударылған Киелі кітапта «кекшіл» деп аударған). Олар сырт көзге Құдайға ұнамды болып көрінгенмен, Оның күшінен бас тартады. Мұндай адамдардан аулақ жүр! Себебі адамдар дұрыс тәлімді еш қабылдамайтын уақыт та туады. Олар жеке құмарлықтарының жетегінде кетіп, құлақтарына жағатындарды ғана айтатын тәлім берушілерді көптеп шақырып, соларды тыңдайтын болады. Осылай олар шындыққа құлақ салмай, бос аңыздарға назар аудармақ.*

*-Тимотеге 2-ші хаты 3:1-5; 4:3-4*

Олар сырт көзге Құдайға ұнамды болып көрінгенмен, Оның күшінен бас тартатынына назар аударыңызшы. Құдайдың күшінен қалай бас тартпак? Оларды Мәсіх өзгерте алатынына сенбейді. Өздерін Мәсіхтің жоғарыдан туылған шәкіртімін деп мақтайды. Бірақ олар өздерін өзгертуге Құдайға мүмкіндік бермейді.

## АҚПАРАТТЫҚ ҰРПАҚТЫҢ ДӘУІРІ

Пауыл елші осы адамдарды білімділікке құмар болса да, өздерінің өзгеруіне жол бермейтіндерін рухта көрген. Оларды былай сипаттайды:

*«Олар әрдайым тәлім алуға ұмтылғанмен, ешқашан шындықты білуге қол жеткізбейді».*

*- Тимотеге 2 ші хаты 3:7*

Егер Пауыл елші өз болжағандарының бәрін көргенде, көңілі түсіп қалар еді. Ол көптеген адамдардың қауымға, семинарлар мен конференцияларға барып, Киелі кітапты зерттеп жататын сенушілерді көргенде ғой. «Жаңа аяндарды» өздерінің пайдасы үшін іздеп өмір сүретін сенушілерді көруші еді. Сенуші қызметкерлер бір-бірін сотқа беріп, сол істерін әділдікке жатқызатындарды көруші еді. Мәсіхшілердің бұқаралық ақпараттар мен радиоларда көз алдында жүрген Құдайдың қызметшілері жайында айтылатын өсектерді көруші еді. Ренжуден қашу үшін харизматтардың бір қауымнан екінші қауымға ауысатынын көруші еді. Олардың бәрі Исаны Тәңір деп мойындаса да, кешіруге қабілеттері жоқ. Пауыл бар даусымен айқалаушы еді: «Ей, сенбейтін ұрпақ-ай тәубеге келіп, азғырылудан арылыңдар!» Сізде көптеген ашықтықтар болса да, рухани мектептерді бітіріп көп кітаптар оқысаңыздар да немесе Құдаймен Оның Сөзінде қанша сағат өткізсеңіз де, ол аса маңызды емес. Егер сіз реніште жүріп, адамдарды кешіруден бас тартсаңыз, шындықты танымағаныңыз. Сіз өзіңізді алдап

жүріп, азғырылуға түстіңіз. Сізде қандай ашықтықтар болса да, оның жемісі өзіңізге мәлім болады. Сіз ащы су шығаратын бұлаққа айналып, сол бұлақ шындықты емес, азғырылу мен алдаушылықты алып келетін болады.

## **ОПАСЫЗДЫҚ**

*«Сонда көбі сенімдерінен танып, өзара опасыздық жасап, бір-бірін жек көреді».*

*- Матай 24:10*

Осыны зерттеп көрейікші. Реніш опасыздықты, ал опасыздық жек көрінішті туғызады. Жоғарыда айтып кеткендей, ренжулі адамдар жан-жағын қабырғалармен қоршап алады. Өзімізді қорғау біздің мақсатымызға айналған және осы үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз. Тіпті опасыздыққа дейін барамыз. Бұл опасыздықтың астында жақындарыңыздың қалуы әбден мүмкін. Бір сенуші өз пайдасы үшін басқа сенушіні пайдаланса, Құдайдың Патшалығында ол опасыздық болып есептеледі. Сіздердің қарым- қатынасыңыз жақын болған сайын, опасыздық ащы болып көрінеді. Опасыздық келісімнің бұзылуын білдіреді. Опасыздық жасалған кезде, қарым-қатынастың тәубесіз қалыпқа келуі мүмкін емес. Опасыздық өсиетті бұзуы. Опасыздық жасалса, егер сол опасыз адам тәубеге келмесе, қарым-қатынасты қалпына келтіруге мүмкін емес. Опасыздық жек көрінішке және соның салдарынан келетін мәселелерге алып келеді. «Бауырын жек көретін әркім кісі өлтіруші. Ал мынаны білесіңдер: кісі өлтірушінің мәңгілік өмірі жоқ!» (Жохан жазған 2 хат 3:15) деп Киелі кітап анық айтады. Сенушілердің арасында реніш, опасыздық пен жеккөрініш сияқтыларды кездестіргенде қатты қынжыламын. Бұл біздің үйіміз бен қауымдарымыздың арасында үйреншікті жағдай болып кеткен. Бір қауым қызметшісі екіншісін сотқа бергенде уайымдамағанымыз, жүрегіміздің қаттыгез болып кеткенін көрсетеді. Ерлі-зайыптылар ажырасып жатқанға

да еш таң қалмаймыз. Қауымдардың өзара бөлініп жатқандарын да өте жиі кездестіруге болады. Қауым қызметкерлерінің өз саясаттары бар. Мұндай саясат Құдай мен қауымға керек деп сылтауртады. Жаңа Өсиеттен айтқандарын ұмыттық па? «Бір-біріңмен таласқандарыңның өзі маскара. Одан да әділетсіздікке неге төзбеске, неге ақыларыңды жегізбеске?» (Қорынттықтарға 1-ші хат 6:7).

Исаның Сөзін ұмыттық па? «Ал мен сендерге айтамын: жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін мінажат етіңдер!» (Матай 5:44).

Құдайдың айтқанын ұмыттық па? «Жеке басыңның абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кішіпейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар!» (Філіпіліктерге 2:3). Осындай сүйіспеншіліктің заңымен неге өмір сүрмеске? Бір-біріміз үшін өмірімізді берудің орнына алданып, неге опасыздыққа барамыз? Сүйіспеншілігіміз суып кеткеннен өзімізді қорғаудан талмаймыз. Біз өзімізді Құдайдың қамқорлы қолына тапсыра алмаймыз. Исаға жамандық жасаған кезде, Ол өзінің жанын Құдайға, Әділ Соттаушыға тапсырып жамандықпен қайтарған жоқ. Киелі кітап бізді Оның жолымен жүруге шақырады.

*«Ол сендерді сол үшін де шақырды. Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек.*

*«Ол ешқандай күнә жасаған да емес, аузынан бірде-бір өтірік шыққан да емес». Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта, Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды».*

*-Петрдің 1-ші хаты 2:21-23*

## **МҮМКІНШІЛІК БЕРУШІ**

Біз тәнімізге емес, Құдайға сенім артқанымыз жөн. Көп сенушілер Құдайды мадақтап, өмірлерінің қайнар көзі деп санаса да, жетімдерге ұқсайды. Олар өз ауыздарымен «Иса Тәңірім» деп жарияласа да, өмірлерін өздері қадағалайды. Енді сіз реніштің күнә екендігін білдіңіз. Ренішті өміріңізден жоймасаңыз, рухани өлімге әкеліп соқтырады. Егер сіз ренішке қарсы шықсаңыз, Құдай сізді ұлы жеңіске алып келеді.

**Егер бізді кез келген уақытта  
құртуға шайтанның қолынан  
келсе, ол оны баяғыда істеуші еді.**

## ҚАЛАЙША ОСЫ ЖАҒДАЙ МЕНІҢ БАСЫМНАН ӨТТІ?

---

*«Сендер маған жамандық ойладындар, бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын деп...».*

**-Жаратылыстың баст. 50:20**

**Б**ірінші тарауда біз ренжулі адамдарды екіге бөлгенбіз:

1. Оларға шынымен әділетсіздік жасағандар
2. Өздеріне әділетсіздік жасалды деп ойлайтындар

Осы тарауда мен біріншісі туралы сөйлескім келіп отыр. Сізге бір сұрақ қояйын: егер сізге шынымен әділетсіздік жасалса, сіздің ренжуіңізге бола ма? Осы сұраққа жауап алу үшін Жақыптың сүйікті ұлы Жүсіп туралы сөйлесейікші.

### ТҮНГІ ТҮСІҢІЗДІҢ ЖАМАН ТҮСКЕ АЙНАЛУЫ

Жүсіп Жақыптың онбірінші баласы болатын. Әкесі оны жақсы көргендіктен, туған ағалары жек көрді. Жақып оны басқалардан өзге етіп, түрлі-түсті шапан тігіп берді. Құдай Жүсіпке екі пайғамбарлық түс берді. Бірінші түсінде ол егіннің байланған бауларын көрді. Жүсіптің бауы тік тұра қалып, ал ағаларының баулары оның бауын қоршап, иіліп тағзым етті. Екінші түсінде ол күн, ай және он бір жұлдыздың оған тағзым етіп тұрғанын көрді (бұл оның әкесін, анасын және ағаларын бейнелейді). Осы



түстерді бауырларына айтып бергенде, олардың қуанбағанын көреміз. Керісінше олар оны жек көріп кетті. Кейін он ағасы мал жаюға өріске шығады. Жақып Жүсіпті ағаларын көріп келсін деп жібереді. Ағалары алыстан келе жатқан Жүсіпті көріп, өзара: «Қарандар, түс көргіш келе жатыр! Жүріңдер оны өлтіріп, құдыққа лақтыра салайық. Сонда оның түстерінен не шыққанын көреміз. Бізге патша болғысы келе ме? Өлінің қалай патша болатынын көрейік», - десті. Сөйтіп олар оны құдыққа тастап, өлімге тапсырды. Олар оның әдемі шапанын жыртып тастап, малдың қанына малып, әкелерін Жүсіпті қасқырлар талап кетті деп көндіргілері келді. Кейін Яһуда аға- інілеріне: «бауырымыздың қанын төгіп, оның өлгенін жасырғаннан бізге не түседі? Жүріңдер, оны ана саудагерлерге сатып жіберейік. Қандас бауырымыз ғой, оған қол жұмсамай-ақ қояйық!»- деді. Олар қастарынан өтіп бара жатқан мадияндық саудагерлерге Жүсіпті жиырма мысқал күміске сатып жіберді. Олар Жүсіпке ренжулі болғандықтан, отбасы мен мирасынан айырып сатып жіберді. Осылай жасаған туған ағалары екенін ұмытпаңыздар. Олардың әкелері бір, қандары бір болған. Мұндай сұмдық біздің мәдениетімізге жат нәрсе болып саналғандықтан біз оны түсінбейміз. Бірақ олар Жүсіпті өлтірген кезде бұл одан да өткен сұмдық болушы еді. Сол кездері ұл баланың болуы өте маңызды болатын. Олар Жүсіптің әкесінің әулетінен айырып, аты өшіп қалсын деп сатқан еді. Адамды басқа елге құлдыққа сатқан кезде, ол сол жерде өлгенше құл болатын. Құлдың үйленген кезінде әйеліде, туылған балаларыда құлға айналады. Жүсіпке қымбат болған адамдарыда, жеріде бір күннің ішінде жойылып кетті. Туылғаннан бастап құл болған қиын, сөзсіз, ал бай мираспен, атақты атпен туылған балаға құл болу - әлдеқайда қиынырақ. Өзінің жарқын болашағын көрмей өсіп келе жатқан құлға оңай болса, Жүсіпке оңайға соқпағанына көзіміз жетеді. Осылай құл болып өмір сүргенше, ағаларының өзін өлтіріп тастағаны артық деп Жүсіп, әрине, ойлаған болатын. Ағаларының осы жасағаны қылмыс болып саналады.

## **ӨТКЕН ЖАҒДАЙЛАРҒА НАЗАР АУДАРУ**

Сіздер қазір Жүсіп жайында оқиғаны оқыдыңыздар. Мүмкін оның соңында не болатынын білетін де шығарсыз. Бұл оқиғаның соңы жігерлендіреді. Бірақ Жүсіп өмірінің соңы қалай болатынын білген жоқ. Оған әкесін ешқашан көрмей және Құдайдың берген түстері ешқашан орындалмайтындай болып көрінді. Ол өмір бойы құл болам деп ойлады. Ол Мысырдан кете алмады. Өмір бойы басқа біреудің меншігі болды. Жүсіпті Потифар есімді адамға сатып жіберді. Ол перғауынның күзет бастығы болды. Жүсіп оған он жылдай қызмет етті. Жүсіп өз жанұясынан еш хабары болмаған соң, әкесі оны өлі деп санап жүргенін түсінді. Оның отбасы Жүсіпсіз өмір сүруді жалғастыруда, ал Жүсіптің оны әкесінің құтқарып алатынына еш үміті болған жоқ. Уақыт өткен сайын Жүсіптің иесі оған жылы көзбен қарай бастады. Потифар өзінің үйімен бар мүлкін Жүсіпке басқаруға тапсырды. Жүсіптің өмірі енді ғана жақсы болып келе жатқан еді. Бірақ Потифардың әйелі Жүсіпке көзін салып азғындық жасағысы келді. Ал Жүсіп одан бас тартты. Бір күні ол әйел Жүсіппен оңаша қалған кезде, оны жыныстық қатынасқа мәжбүрлегісі келді. Жүсіп онымен жатқысы келмей қашып бара жатқанында киімін тастап кетеді. Потифардың әйелі өзін жәбірленген болып сезініп, Жүсіпті өзін зорлады деп айыптады. Осы іс үшін Потифар Жүсіпті перғауынның түрмесіне қамайды. Ол жердің түрмелері Американың түрмесіне ұқсамайды. Мен бірнеше қызметтерімді түрмелерде өткіздім. Олар Мысырдың түрмесімен салыстырғанда кәдімгі үйлерге ұқсайды. Перғауынның түрмесінде күн сәулесі түспейтін, қабырғалары аласа, шұңқыр болатын. Ол жер адам тұрғысыз болатын. Ол жерде адамдар қиналып баяу өлімге алып келу үшін тек нан мен су ғана берілетін. Забур жырында 104:18 Жүсіптің аяқтары қысылып, мойнына темір құрсау салынғаны жайында жазылған. Оның өлуі мүмкін еді. Егер ол мысырлық болған кезде оның шығуға мүмкіншілігі болушы еді. Ал ол басқа елдің азаматы және бастықтың әйелін зорлағысы келген

адам ретінде айыпталып отыр. Сондықтан оның түрмеден шығуы екі талай. Мұндай жағдайға түскен Жүсіптің ойын көз алдыңызға елестетіп көріңізші: «Он жыл бойы Потифарға адал қызмет еттім. Мен әйелінен гөрі адал болдым. Құдайға адал болдым. Сонда алған сыйым осы ма? Жақсылықты жасаған сайын өмірім қиыншылық пен жамандыққа толып бара жатыр. Құдай қайда қарап жатыр? Менің өмірімдегі Құдайдың уәделерін бауырларым ұрлап алды ма? Неге Құдіретті Құдай осы қиын жағдайдан мені құтқарып алмады? Өзінің қызметкерлеріне сүйікті де адал Құдайдың камқорлығы осындай ма? Мен не үшін жазаландым? Соншама не істеп қойдым? Мен тек Құдайдан уәде алғанымға ғана сендім». Жүсіптің осындай ойлармен күрескеніне мен сенімдімін. Оның бостандығы болмаса да осы басынан өткізген жағдайларға қандай қарым-қатынаспен қарайтынынатандау керек болды. Ол бауырларына және Құдайға ашуланып ренжи ме? Өмір сүруге құлшынысын жоғалтып, Құдайдың уәделерінің орындалатынына үмітінен бас тарта ма?

## **БӘРІ ҚҰДАЙДЫҢ ҚОЛЫНДА МА?**

Құдай осы сынақтардың әміршілікке дайындық болғаны Жүсіптің ойына кіріп шықпады. Өзінің болашақ билігін сағып кеткен бауырларына қалай қолданады? Жүсіп қиыншылықтар арқылы мойынсұнуға үйренді. Оның ағалары Құдайдың қолындағы құрал болды. Жүсіп өзінің сөзінде тұрып, Құдайдың уәдесі өмірінде орындалу үшін Оның жүзін іздей ме? Мүмкін Жүсіп өз түстерін көрген кезде Құдайдың ризашылығы онымен бірге деп ойлады. Сол кезде Жүсіптің өз-өзін басқалардан артықпын деп ойлап, биліктің адамдарға қызмет ету үшін берілетінін түсінбеді. Осындай дайындық сынақтардан өткен кезімізде Құдайға қараудың орнына шыдамымыз жетпей жатады. Қиыншылықтардың салдарынан біз басқаларды кінәлай бастаймыз. Осы қиыншылықтардың бәрінен Құдай бізді азат етпеген кезде Оны кінәлаймыз. Жүсіптің ойы: «Мен Құдайға мойынсұнып өмір сүрдім. Оған ешқашан қарсылық білдірген жоқпын, Оның заңын бұзған емеспін. Мен тек Құдай берген түс

жайында ғана айтып бердім. Осының соңы не болды? Ағаларым мені сатып, құлдыққа түстім. Әкем мені өлі деп санағандықтан ешқашан да Мысырға іздеп келмейді». Жүсіп үшін басты кінәлі адамдар оның ағалары еді. Ағалары оны сатпағанда өмірі басқаша болатын еді. Біздің рухани бауырларымыз бен апаларымыз осындай тұзаққа түсіп, бір-бірін кінәлаумен уақыт өткізетінін күнде естіп жатамыз. Мысалы: «Менің Құдайға қызмет етпегеніме әйелім кінәлі. Ол маған кедергі болып, бар армандарымның тас талқанын шығарды». «Менің адамдарша өмір сүрмеуіме ата-анам кінәлі. Қазіргі жағдайыма оларды кінәлаймын. Неге менің ата-анам жұрттың ата-аналары сияқты емес? Егер менің ата-анам ажыраспағанда ғой, менің некем жақсырақ болушы еді». «Менің дарынымды басып, қызметімнің дамуына кедергі болған бағушым болмағанда Құдайдың қызметін орындаушы едім. Ол бүкіл қауымды маған қарсы қылып қойды». «Егер менің бұрынғы күйеуім болмағанда балаларыммен ақшадан қысылмаушы едік». «Қауымдағы сол әйел болмағанда ғой. Қазір қауымның жетекшілерімен жақсы қарым-қатынаста болушы едім. Ол өзінің өсектерімен мені құртты және сыйлы адам болу арнымды құртты». Осы тізімнің аяғы жоқ. Бүкіл жағдайда басқаларды кінәлау оңай. Мен сізге бір нәрсені айтқым келеді: ешқандай еркек, әйел, бала немесе шайтан сізді Құдайдың еркінен алып кете алмайды. Сіздің тағдырыңыз - тек Құдайдың қолында. Жүсіптің ағалары Құдайдың оған берген болашағын жойғысы келді. Олар Жүсіптің түстерін құрттық деп ойлады. Ауыздарынан шыққандары: «Жүріңдер, оны өлтіріп құдыққа тастай салайық. Жыртқышқа жем болды дей саламыз. Сонда оның түстерінен не шыққанның көрерміз». Олар Жүсіптің көзін құртқысы келді. Бұл әдейі жасалған іс болды. Осыны жоспарлап отырып жасады. Жүсіптің болашағын құрттық деп ойлады. Қалай ойлайсыздар, Жүсіпті ағалары сатып жіберген кезде Құдай Өзінің Ұлы мен Киелі Рухқа қарап: «Енді не істедік? Мыналар біздің Жүсіпке арналған бар жоспарымызды ыдыратып тастады ғой. Тез арада бір нәрсе істеуіміз қажет. Басқа жоспарымыз бар ма?», - деді ме? Көпшілік сенушілердің ойынша, аспанда мәселерді

осылай талқылап отырады. Сіз Құдайдың Исаға мыналарды айтып жатқанын елестете аласыз ба: «Иса, Джимді жұмыстан шығарып жіберіпті. Өйткені оның сенуші әріптесі ол туралы жалған бір нәрселерді айтты» немесе «Салли отыз төртке келіп, әлі тұрмысқа шықпапты. Сенде бір артық ер адам бар ма? Мен оған дайындаған жігітім оның құрбысына үйленіпті. Ол құрбысы Салли туралы жалған сөздерді айтып, сол жігітті өзіне қаратып алды». Сандыраққа ұқсайды, солай емес пе? Алайда біз тура осылай Құдай туралы ойлаймыз. Қазір Жүсіп өмір сүргенде өзінің ренжіткен адамдарына не істейтінін көрейікші. Жүсіп қазіргі қауымның адамдарына ұқсағанда не болатын еді? Ол кек алудың жоспарын ойлаушы еді. Ол өзін мына ойлармен жұбатушы еді: «Оларға қолым жетсінші, көздерін құртамын. Маған жасағандарын өздерінің алдарына алып келемін». Егер Жүсіптің ойы шынымен осындай болғанда Құдай оны түрмеде шіруге қалдырушы еді. Егер ол осындай оймен түрмеден шыққан кезде, ол болашақ Израилдың он ұрпағының басшыларын өлтіруші еді. Оның ішіне Мәсіхтің арғы атасы Яхуда да кіретін еді. Иә, Жүсіпке мұндай сұмдықты жасағандар Израил халқының арғы аталары болды. Ал Құдай Ыбырайым арқылы бір халықты шығаратынын айтты. Осылардың ішінен Иса Тәңірдің Өзі дүниеге келді. Жүсіп ренішті өз жүрегіне кіргізген жоқ, сол арқылы Құдай Өз еркін орнады.

## **БҮДАН ДА ҚИЫН БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?**

Түрмеде Жүсіп үшін ойлануға уақыт болды. Жүсіппен бірге түрмеде екі адам отырды. Оларға аян түсі кірді. Жүсіп ол түстерді тура жормалдап берді. Біріншісіне өз жұмысына оралуы айтылса, екіншісіне өлтіріліп, басынан айырылатыны айтылды. Жүсіп бірінші адам түрмеден шыққан кезде оны ұмытпауын сұрады. Әлгі кісі өз жұмысына оралып, перғауынға қызмет ете бастады. Бірақ екі жыл бойы Жүсіп жайында тіс

жарған жоқ. Бұл жағдай Жүсіптің көңілін қалдырып, ренжуге мүмкіншілік тудырды. Бірақ ол тағы да ренжіген жоқ.

## ҚҰДАЙДЫҢ ЕРКІ - МҮЛТІКСІЗ

Перғауын алаңдататын түскөрді. Бұл түсті ешбір сиқыршылар жорамалдап бере алмады. Осы кезде түрмеде отырған әлгі адамның есіне Жүсіп түсті. Ол Жүсіптің оған және басқа адамға түстерін дұрыс жорамалдап бергенін айтып берді. Сөйтіп Жүсіпті перғауынның алдына алып келді. Ол перғауынның түсі келе жатқан ашаршылықты білдіретінін және оған қалай дайындалу керектігін айтты. Перғауын тез арада Жүсіпті бүкіл Мысырдың өзінен кейінгі әміршісі етіп тағайындады. Құдай Жүсіпке даналық беріп, ашаршылыққа Мысырды дайындады. Кейін ашаршылық бүкіл жерге тарап кеткен кезде, Жүсіптің ағалары Мысырға қарай жол тартты. Егер Жүсіптің жүрегінде ағаларына деген реніші болғанда, осы жағдайды пайдаланып кек алуына болатын еді. Ол оларды өмір бойы түрмеге қамап тастаушы еді немесе өлтіруге дейін баратын еді. Оған ешкім ешнәрсе жасай алмаушы еді. Өйткені ол перғауыннан кейінгі әмірші еді. Оның ағаларының перғауынға керегі жоқ еді. Бірақ Жүсіп оларға тегін нан берді. Кейін олардың бүкіл отбасылары Мысырға көшіп, қарындары тоқ, киімдері көк, Мысырдың ең құнарлы жерінде өмір сүрді. Жүсіп өзін қарғаған адамдарын жарылқап, жек көретіндеріне қол ұшын созды. Құдай Жүсіптің ағалары не істейтінін алдын ала бәрін білген. Енді ағаларын қайтадан кездестірген Жүсіптің айтқан сөздеріне қараңыз:

*«Ал енді, ештеңені уайымдамаңдар, мені осында сатып жібердік деп өздеріңді кінәламандар! Өйткені Құдайдың Өзі мені осы жерге өмірлеріңді сақтап қалу үшін сендерден бұрын жіберді. Елді аштық жайлағалы екі жыл өтті, енді алдағы бес жыл бойы да жер өңделмей, астық егілмейді. Ұрпақтарыңның жер бетіндегі өмірін жалғастыру үшін сендерді*

*ұлы іспен құтқарып, аман-есен қалдыру үшін Құдай мені мұнда өздеріңнен бұрын жіберді. Осылайша сендер емес, Құдай мені бұл жерге жіберді! Ол мені перғауынға әке іспетті бас кеңесші етіп тағайындап, сарайына қожайын, бүкіл Мысыр еліне билеуші етіп қойды».*

*-Жаратылыстың бастауы 45:5-8*

Енді Забур жырына 104:16-17 қарайықшы: «Тәңір Ие ашаршылық жіберді елге, талқандап тамақ қорының бәрін де. Алдарынан шығарды Ол бір жігітті, Мысырға құлдыққа сатылған Жүсіпті».

Жүсіпті кім жіберді? Оның ағалары ма әлде Құдай ма? Осы екі жазбаларға куә ретінде қарап, Жүсіпті Құдайдың жібергеніне көзіміз жетеді. Осы жерде Жүсіп ағаларына анық айтады: «Мені сендер жіберген жоқсындар». Рухтың не айтып тұрғанын тыңдаңыз. Айтып кеткенімдей, еш адам баласы немесе шайтан сізді Құдайдың еркінен тайдыра алмайды. Осы ақиқатты қабылдасаңыз, ол сізді азат етеді. Бірақ сізге айтайын, Құдайдың еркінен сізді тайдыра алатын бір адам бар- ол сіз өзіңіз! Израил халқы жайында ойланыңызшы. Құдай оларды құлдықтан босатып, уәделі жерге алып келу үшін Мұсаны жіберді. Шөл далада бір жыл жүріп, Израилдің көсемдері уәделі жерге барлаушыларды жіберді. Барлаушылар қайтып келген кезде күнкілдей бастады. Олар сол жердің халықтың бойы мен әскерінен қорықты. Ешуа мен Халептен басқа халықтың барлығы барлаушылармен келісті. Адамдардың ойлауынша Құдай оларды шөл далаға өлсін деп алып келді. Олар Құдай мен Мұсаға ренжіп қалды. Бұл ренішті бір жылдан аса сақтап жүрді. Бұл реніштің арқасында Мысырдан шыққан бүкіл халық уәделі жерге кіре алмады. Құдайдың жалындаған қызметкерлерінің көпшілігі сенбеушілерге немесе жалған мәсіхшілерге ренжіп қиын жағдайларға түсіп жатады. Шын мәніне қарасақ, оларға әділетсіздік жасады. Құдайдың еркінен тайып, шайтанның ойын іс жүзіне асырғыңыз келсе, адамдарға ренжи беруді жалғастырыңыз. Реніштен бас тартқаныңыз - Құдайдың еркінен

кетпегеніңіз. Егер сіз ренжісеңіз, шайтан сізді өзінің қармағына түсіріп, өз ісі мен еркін орындатқызады. Нені таңдайтыныңызды өзіңіз шешіңіз. Ренжімеу сізге тиімдірек болады. Құдай алдын ала білмей бізге ешкімнің ештеңе қарсы істей алмайтындығын есімізден шығармауымыз керек. Егер бізді өлтіруге шайтанның қолында құдырет болса, баяғыда осыны істеуші еді. Өйткені ол адамзатты қатты жек көреді. Осы жұбату сөздерін оқыңыз: «Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар, еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келеді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік:

«Ол төзімдеріңнен артық сыналуларына жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш-қуат беріп, (ағылшын тіліндегі Киелі кітапта «құтқарылудың нақты мүмкіншілігі») құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді» (Қорынттықтарға арналған 1-ші хаты 10:13). Осы жерге назар аударыңызшы: «құтқарылудың мүмкіншілігі» деп тұрған жоқ, «құтқарылудың нақты мүмкіншілігі» деп тұр. Құдай біздің қиын жағдайларға түсетінімізді алдын ала біліп, сол жағдайлардан құтқарылу үшін нақты мүмкіншілікті береді. Осының ең қызығы: егер біз Құдайға мойынсұнып, ренішке жол бермесек, осы қиыншылықтар Оның еркінің орындалуына алып келеді. Сондықтан есіңізде сақтаңыз: реніштен бас тартып, Құдайға мойынсұныңыз: «...Әзәзіл шайтанға қарсы тұрындар, сонда ол сендерден қашып кетеді» (Жақыптың хаты 4:7). Ренішті жүрегімізге кіргізбейтініміз - шайтанға қарсы тұрғанмыз.

## **САТҚЫНДЫҚТЫҢ БАСҚА ТҮРІ**

Жүсіп секілді өз ағаларынан қорлықты әрбіреуіміз көре бермейміз. Егер осыны істеген дұшпаны болғанда Жүсіп осыншама қиналмаушы еді. Бірақ осыны істеген қаны бір туған ағалары еді. Олар қорлаудың орнына қорғаушылары, қамқоршылары, жұбатушылары, қолдаушылары болуы керек еді. Осыдан тағы не қиын болушы еді?



**Ағаңнан немесе апаңның  
опасыздық көргенің бір бөлек  
болса, ал әкеңнің опасыздығы  
одан тым ауыр болып келеді.**

## ӘКЕМ МЕНІҢ, ӘКЕМ МЕНІҢ

---

*«Қараңызшы әке,... Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз. Сізге істеген ешбір жамандығым жоқ, ал өзіңіз қалайда жанымды алу үшін артымнан қалмай жүрсіз».*

**-Патшалықтар 1-ж. 24:12**

Өткен тарауда Жүсіптің ағаларының оған қастандық жасағаны туралы оқыдық. Олардың опассыздықтарынан Жүсіптің жан азабын тартқанын көреміз. Мүмкін сіз де мұндай жағдайға түскен шығарсыз. Сізге ең жақын адамыңыз опасыздық жасаған шығар. Мүмкін сіз сол адамнан сүйіспеншілік пен жігерлендіруді күткен шығарсыз. Осы тарауда біз ағаның опассыздығынан да ауырын қарастырамыз. Бауырлардың опасыздығынан гөрі әкенің опасыздығы мен ашу ызасы одан да жаман болады. Осы жерде мен тек туған әкелерімізді айтпаймын, оларды біздерге Құдай қойған қауымның жетекшілері болуы мүмкін. Олар бізге сүйіспеншілігін және қамқорлығын көрсетулері керек.

## СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ЖЕК КӨРУДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Әкесінің ұлына жасаған опасыздығы туралы қарастырайық. Бұл жерде Саул Патша мен Дәуіттің қарым-қатынасы жайында оқимыз (Патшалықтардың 1 ж. 16:31). Олардың

өмірлері кездеспей тұрып, бір-бірімен байланыстырылды. Бұл байланыс Құдайдың пайғамбары Самуил Дәуітті Исраилдың патшалығына майлағаннан басталды. Қуанышты Дәуіттің таңғалған ойы: «Бұл адам Саул патшаны майлаған. Мен шынымен де патша болатын шығармын!» Саул патша Құдайға мойынсұнбағандықтан қинайтын рухқа толды. Оған біреу домбырамен күй тартқан кезде ғана жақсы болатын. Саулдың жұмыскерлері домбыра ойнаушыны іздеп, Иессейдің ұлы Дәуітті табады. Сөйтіп Саул Дәуітті өз сарайына қызмет етуге шақырады. Мүмкін Дәуіттің ойлағаны мынау шығар: «Құдай өзінің пайғамбары Самуил арқылы айтқан уәделері орындалмақ. Патшаның назарын өзіме аудартатыныма сенімдімін. Бұл менің патша болуыма бірінші қадамым!» Бір күні әкесі Дәуітті әскердегі ағаларына тамақты апарсын деп жіберді. Дәуіт сол жерге келген кезде філістірлердің дәу жауынгері Ғолияттың Құдайдың әскерін қырық күн бойы қорлап отырғанын көреді. Бұл дәуді жеңген адамға Саулдың өз қызын күйеуге беретінін Дәуіт білді. Дәуіт Саулға келіп, ұрысқа шығуға рұқсат беруін өтінді. Ол Ғолиятты өлтіріп, Саулдың қызына үйленді. Біраз уақыттай Дәуіт Саулдың назарын өзіне аударып, сарайында тұрып жатты. Саулдың ұлы Жонатан Дәуітпен мәңгілік достық келісімде болған. Саул Дәуітке күнделікті тамағын олармен ішуіне рұқсат берді. Дәуіттің қуанышында шек болған жоқ. Ол патшаның сарайында тұрып жатты, ханшайымға үйленді, патшаның ұлымен дос болды, әскери жұмысы өте сәтті жүріп жатты. Ол исраил халқының сүйіспеншілігі мен рақымына ие болды. Дәуіт Самуилдың пайғамбарлық сөзі орындалып жатқанын көрді. Саул Дәуітті басқа қызметкерлерден артық көретін. Ол оған әкесі сияқты болып кетті. Дәуіттің ойынша Саул оны тәрбиелеп және үйретіп, өз тағына отырғызады. Дәуіт Құдайдың рақымы мен адалдығына қатты қуанатын. Бірақ бір уақытта бәрі өзгеріп кетті. Саул мен Дәуіт ұрыстардан оралған кездері даладағы әйелдер дауыстап әндететін: «Саул мыңдаған жауды жеңіп жойды, ал Дәуіттің жойғаны он мың

болды!»! Осы сөздер Саулды ашуландырып, Дәуітті жек көруіне әкелді. Саул қинайтын рухқа кенелген кезде, Дәуітті күй ойнап жатқан жерінде екі рет өлтіре жаздады. Құдайдың Саулмен емес, Дәуітпен бірге болғанын көріп, жек көргені туралы Киелі кітаптан көреміз. Дәуіт Саулдан құтқарылу үшін шөл далаға қашуға мәжбүр болды. «Не болып кетті?» - деп Дәуіт ойланып, былай дейтін: «Менің тәрбиелеушім болған адам мені өлтіргісі келді. Енді не істедім? Саул - Құдайдың майланған қызметкері. Егер ол маған қарсы болса, менің сәттілігіме еш мүмкіншілігім жоқ. Ол - патша, Құдайдың халқын басқаратын адам. Құдай неге осылардың болуына жол берді?» Саул үш мың әскерімен Дәуітті бір шөл даладан екіншісінде, бір жартастан екіншісінде іздеп қинады. Олардың бір ғана мақсаты болатын, ол - Дәуіттің көзін құрту. Бұл кезде патша болу туралы уәденің тек көлеңкесі ғана қалды. Дәуіт енді патшаның сарайында тұрмады, онымен дастархандас та болған жоқ. Ол жағымсыз иісі бар жартастарда өмір сүріп, шөл даланың аңдары тастаған тамақ қалдықтарымен тамақтанды. Оның жылы төсегі және қызметшілері болған жоқ. Оның әйелін басқа біреуге берді. Үйі жоқ қаңғыбасқа айналды. Жалғыздықтың не екенін түсінді. Дәуітті Саулдың қолына шайтан емес, Құдайдың жіберіп отырғанын байқадыңыз ба? Неліктен Құдай осы жағдайды жоспарлады? Неліктен Құдай бас кезінде рақымын төгіп, кейін қиыншылықтар жіберді? Дәуітке азғырылушылық келе бастады. Ол Саулға ғана емес, Құдайға да күнкілдеп, ренжуіне мүмкіншілік болды. Оны қинаған көптеген сұрақтар Құдайдың даналығы мен жоспарына күмән келтіруі керек еді. Саулдың есінен адасқаны қаншалықты қалай болса, соншалықты сол жігітті өлтіргісі келді. Дәуіттің көңілі жабырқау болды. Ноб қаласының діни қызметкерлері Дәуітті патшаның қызметкері деп ойлағандықтан, оған тамақпен уақытша пана және Ғолияттың семсерін берді. Дәуіттің патшадан қашып жүргенін олар білген жоқ. Олар бәрін білген кезде Дәуітті басқа жерге жіберді. Саул оны білген кезде ашуға басып, сексен бес күнәсіз діни қызметкерді өлтірді. Олардың өлімдерімен

шектелмей, сол қаланың ерлерін, әйелдерін, жігіттерін, сәбилерін, мал түліктерін өлтірді. Күнәсіз адамдардың орнына амаликтерді жою керек еді. Ол кісі өлтірушіге айналды. Мұндай адамды Құдай Өз Рухымен қалай майлады екен? Бір күні Саул Дәуіттің Ен Гедидтің шөл даласында жүргенін біліп, оны өлтіру үшін өзімен үш мың әскерді алып барды. Шаршаған Саул демалыс жасау үшін тоқтады. Ол бір үңгірге кірген кезде, артында Дәуіттің тұрғанын білмеді. Саул өз сыртқы киімін қасына қойып жатты. Дәуіт ақырын ғана келіп, сол киімнің шетінен кесіп алды. Содан кейін Саул үңгірден шығып бара жатқан кезде, Дәуіт алдынан шығып жерге дейін басын иіп:

*«Қараңызшы, әке, шапаныңыздың бір шеті - міне, менің қолымда! Оны жаңа ғана шапаныңыздан кесіп алдым, бірақ өзіңізді өлтірмедім. Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз. Сізге істеген ешбір жамандығым жоқ, ал өзіңіз қалайда жанымды алу үшін артымнан қалмай жүрсіз».*

- Патшалықтар 1-ж. 24:12

Дәуіт Саулға: «Әкем менің, әкем менің!» Сіздерге түсінікті болу үшін: «Менің жүрегіме қарашы! Менің әкем болшы. Мен ұстазға мұқтажбын!» Осылайша Дәуіттің жүрегі үмітпен өмір сүрді.

## **ӘКЕЛЕР ҚАЙДА ЖОҚ БОЛЫП КЕТКЕН?**

Мәсіхтің Денесіндегі сансыз көп әйелдер мен еркектердің жүректерінің сұрауы осындай екенін білеміз. Олардың көбі - Құдайдың жоспары бар жас адамдар. Олар рухани әкені іздеп аңсайды. Олар өздерін сүйетін, қолдайтын, жігерлендіретін, үйрететін әкені аңсайды. Құдай осыны бекер айтпаған: «Ол әкелерді (жетекшілерді) балаларымен (Құдайдың халқы), балаларды әкелерімен шын жүректен татуластыратын

болады. Ал егер олар мойынсұнбаса, Мен келіп, бүкіл елді қарғап, қиратамын» (Малахи 4:6). Біздің еліміз өз әкелерінен қырқыншы және елуінші жылдары айырылып, қазір одан да мүшкіл жағдайда жүр. Саул сияқты біздің қауым жетекшілеріміз өз қамдарын ойлап, жас ұрпақты ұмытып кетті. Олар Құдайдың халқына қызмет етудің орнына, оларды өз жетекшілік қабілетін арттыру үшін пайдаланады. Мұндай жетекшілер жетістікке жету үшін рақымшылық, сүйіспеншілік, әділдік сияқты қасиеттерді ұмытып кеткен. Олардың шешімдері ақшаның саны мен жетістіктерге негізделеді. Олар күдікті болып көрінгендіктен өздерін қолдайтын адамдарынан айырылады. Неге олар күдікті болып көрінеді? Өйткені олар Құдайға емес, өз жетістіктеріне қызмет етеді. Олар Саул сияқты өмірлерінің үндеуін білмегендіктен, жүректерінде қызғаныш пен тәкаппарлық пайда болады. Бұл жетекшілер адамдардың бойындағы жақсы қасиеттерді көріп, оларды өз пайдаларына қолданады. Саул Дәуіттің жетістігінен рақат алып жүрді. Бірақ Дәуіт оның патша болуына кедергі ететінін білген кезде оны өлтіргісі келді. Мен көпшілік жастармен сөйлескенімде, олар сенімді адамды іздеп жүргендерін айтты. Олар өздері сенетін, оларды үйрететін, әке болатын адамды іздеп жүр. Құдай олардан бас тартып, жалғызсырап жүргендеріне жол берді. Оның себебі: Құдай Дәуіттің жүрегінде жасағандарын сіздің жүрегіңізде жасағысы келеді. Саул Дәуітті бүлікші және ызалы адам деп санайтынына Дәуіт қатты уайымдайтын. Мүмкін ол өзінен сұрайтын: «Мен соншама не істеп қойдым? Неге Саул маған қарсы шықты?» Дәуіттің ойынша, егер ол Саулға өз сүйіспеншілігін көрсетсе, Саул ол туралы ойын өзгертеді. Сөйтіп Самуилдің пайғамбарлық сөзі орындалады. Осыны айтқанының себебі осы еді: «Маған «Көзін құртыңыз!» - деді. Бірақ мен « Тақсыр иеме қол жұмсамаймын, ол Жаратқан Иенің тағайындаған патшасы ғой!» - деп, сізге жаным ашыды» (Патшалықтар I ші жазба 24:11). Адамдардан жетекшілері немесе әкелері бас тартқан кезде өздерін барлық жағынан кінәлағанын әдетке айналдырып

алған. Олар өздерін мынандай сұрақтармен қинайды: «Мен не істедім? Менің жүрегім таза сияқты еді ғой! Оларды маған кім қарсы қойды»? Кейін олар өздерінің кінәсіз екендерін дәлелдегісі келіп, сүйкімді болып көрінгісі келеді. Олар қанша тырысқанымен, өздерін қабылдамайтындарын қатты сезеді.

## МЕН ҮШІН КІМ ӨШ АЛАДЫ?

Дәуіттің Саулды өлтіруге мүмкіншілігі болғанмен, ол оны өлтірген жоқ. Ол Дәуіттің абзалдығын көріп, тек адамдарын алып кетті. Мүмкін Дәуіттің сол кездегі ойында мынандай ойлар болған шығар: «Енді патша мені бұрынғы орныма орналастырады, пайғамбарлық сөз орындалуда. Менің жүрегімді көріп, маған деген ойын өзгертеді». Дәуіт, асықпа! Бірнеше күннен кейін Дәуіттің Гахила тауында тығылып жүргені Саулға жетті. Ол баяғы үш мың әскерін алып, сол жерге жол тартады. Бұл қадам Дәуіттің көңілін қалдырғаны сөзсіз. Саулдың өзін шын мәнінде өлтіргісі келетінін түсінді. Дәуіттің жүрегін біле тұра, оған қарсы шықты. Әбішаймен Дәуіт Саулдың бекінген тұрағына кіріп кетеді. Оларды күзетшілерде байқаған жоқ. Өйткені Құдай оларды қатты ұйықтатып тастады.

*«Әбішай Дәуіттен: Бүгін Құдай жауыңызды қолыңызға түсіріп отыр. Оны сүңгімен жерге қадап тастауға рұқсат етіңіз. Мен бір ұрсам, екінші рет ұрып жатпаймын! - деп өтінген еді».*

*- Патшалықтар1 ші жазба 26:8*

Әбішайдың ойынша, Дәуіт Саулды қылмыскер ретінде өлтіруге рұқсат береді. Біріншіден Саул күнәсіз сексен бес діни қызметкер мен олардың отбасыларын өлтірді. Екіншіден ол үш мың әскерімен Дәуітті және оның адамдарын өлтіргісі келді. Әбішайдың пікірінше: егер сен жауынды бірінші өлтірмесең, ол сені өлтіреді. Ол өз-өзін қорғау деп аталады! Кез келген сот осыны ақтайды. Үшіншіден Құдай Самуил арқылы Дәуітті патшалыққа

майлады. Самуилдың пайғамбарлық сөзі орындалу үшін Дәуіт патшалығына қол жеткізуі тиіс. Төртіншіден Саулға таяну үшін Құдайдың Өзі бүкіл әскер мен күзетшілерге қатты ұйқы берді. Енді осының бәрін Құдай не үшін істеп жатты? Осының бәрін Құдай әділдікті орнату үшін істеген деп Әбішай ойлады. Осы пікір дұрыс болып көрінеді. Егер Дәуіттің жүрегінде кішкене болса да реніш болған кезде, Әбішайға сүнгімен жерге қадауға рұқсат беретін еді. Осы істі дұрыс деп санаушы еді. Дәуіттің жауабын тыңдаңыздар: «...Оны өлтіруші болма! Жаратқан Ие тағайындаған патшаға қол көтерген адамайыпсыз қалмайды. Мәңгі тірі Жаратқан Иенің алдында шын айтамын: Оның Өзі Саулды өлтіретін болады. Не уақыты жетіп қайтыс болады, не соғысқа шығып қаза табады» (Патшалықтар 1 ші жазба 26:9-10). Саул кінәсіз адамдарды жойып, Дәуітті өлтіргісі келсе де, Дәуіт оған қол көтерген жоқ. Дәуіт өз үшін кек алмай, бәрін Құдайдың қолына тапсырды. Дәуіт Саулды бірінші рет өлтірмеген кезде, жүрегінің таза екенін көрсетті. Дәуіттің жүрегіне ұқсас қанша адамды кездестіре алады екенбіз? Біз семсермен өлтірмесек те, бір-бірімізден басқа семсермен кегімізді аламыз. Ол семсер біздің тіліміз.

*«Тілде өмір мен өлімнің билігі болар, Сөзге үйір  
соның жемісін татар».*

*- Нақыл сөздер 18:21*

Қауымдар бөлініп кетіп жатыр, отбасылар ажырасып жатыр, сүйіспеншілік реніш пен ашу ызада айтылған сөздердің салдарынан өшіп бара жатыр. Біз достарымызға, туыстарымызға немесе жетекшілерімізге ренжіп, ашу-ызада қатты сөздерді айтып тастаймыз. Мүмкін айтатынымыз шындық болар. Бірақ ренжулі жүрекпен айтатынымыз дұрыс емес. Нақыл сөздерде (6:16-19) былай деп жазылған: «Жалған куә өтірік айтатын және араздық әкелетіндер, осыларды Құдай жақтырмайды». Егер шындықты айтып, біреулердің қарым қатынастарын бұзсақ немесе біреудің абыройын төксек, онда біз Құдайды жәбірлейміз.



## **МЕНИҢ ЖЕТЕКШІМНІҢ КҮНӘЛАРЫН ӘШКЕРЛЕУГЕ ҚҰДАЙ МЕНИ ҚОЛДАНА МА?**

Қазіргі менің және әйелімнің қызметіне Құдай есік ашар алдында, мен жастардың қызметінде бағушы және көмекші қызметінде болдым. Сол кезде қауымда мені және уағыздарымды ұнатпайтын бір кісі болатын. Мұндай нәрселер мені қатты мазаламайтын, бірақ әлгі адамның қауымда үлкен әсері болатын. Жастарға рухтың тазалығы мен құлшыныс жайында уағыздарымды Құдайдың бергеніне мен сенемін. Сол кісінің ұлы мен жүргізетін рухани жанұяда болатын. Бұл жігіттің жүрегінде әшкерлеу өсе берді. Бір күні ол бізге жылап келді. Менің үйреткен және ұстанған өмір салтымды олардың үйде ұстанбайтынына қатты уайымдады. Сөйтіп олардың үйінде келіспеушіліктің салдарынан әкесі менен құтылу керектігін түсінді. Ол бас бағушыға барып, маған жалған айыптарды тағып, бағушының ашуын келтіргісі келді. Ал маған келіп, бас бағушының маған ашулы екенін және оның мені қолдайтынын айтты. Сыртымнан ескертпелер айтылып жүрді. Маған қарап күліп жүрген адамым шын мәнінде мені құртқысы келді. Біздің жанұямыздың бірнеше адамдары мені жұмыстан шығарады деп естіпті. Бұл сыбысты әлгі адамның ұлы таратып жүр екен. Ол әдейі таратып жүрген жоқ екен. Ол тек үйде естігендерін ғана айтып жүрді. Мен сол адамға таяндым. Ол үйде солай айтатынын мойындады, бірақ та тек бас бағушының ойын қайталағанын айтты. Айлар өтті. Бұл жағдайдың өзгеретін түрі жоқ. Бұл адам бас бағушымен арамыздағы қарым-қатынасты бұзды. Мұндай жағдайға менен басқа сол адам ұнатпайтын бағушылар да түсті. Менің отбасым қатты қысымшылықты сезді. Біз сол қауымда қаламыз ба әлде бізді қуып жібере ме деген ойлар мазамызды алды. Біз өзімізге үй сатып алғанбыз, әйелімнің аяғы ауыр болатын. Ал біздің сол қауымнан басқа баратын жеріміз болған жоқ. Бұл қауымға Құдайдың Өзі мені алып келгеніне мен сеніп,

ешқайда кеткім келген жоқ. Менің жұбайым қатты уайымдап: «Қымбаттым! Сені жұмыстан шығарайын деп жатқанын мен білемін. Маған осыны бәрі айтып жүр», - деді. Мен оған: «Мені олар емес, Құдай осы жұмысқа алды. Сондықтан Оның рұқсатынсыз мені ешкім куа алмайды», - деп жауап қайтардым. Әйелім осы сөздермен өзімді жұбатып жүрмін деп ойлады. Осы оқиғаның соңында мені жұмыстан шығаруын ұйғарғандарын естідім. Жастардың қызметінде өзгерістер болатынын бас бағушы қауымға айтып қойды. Сол жетекші екеуміздің арамызда болған түсінбеушілік жайында әлі күнге дейін бағушымен сөйлескен жоқпыз. Бағушы маған әлгі адаммен үшеуміздің келесі күні сөйлесетінімізді айтты. Құдай маған өзімді ақтамауымды нақты айтты. Келесі күні келгенде бағушының өз кеңсесінде жалғыз отырғанын көріп, қатты таңқалдым. Ол маған қарап былай деді: «Джон, сені осы қауымға Құдай алып келді. Мен сені ешқайдада жібермеймін». Жүрегімнен жүк түскендей болдым. Құдай соңында мені қорғап алды. «Бұл адам неге саған осыншама қарсы?» - деп бағушы менен сұрады, - «Бар да, сол адаммен қарым-қатынасыңды дұрыста». Кейін сол адамның маған деген зұлым ойын дәлелдейтін құжаттар қолыма түсті. Мен бұл құжаттарды бас бағушыға апарғым келді. Сол күні мен ішімдегі жайсыз сезімдерді басу үшін қырық бес минуттай мінажат еттім. Мен Құдайға: «Бұл - әділсіз адам. Осы қызметті құртуға күші бар. Оның шын мәнінде кім екенін бағушыға айту керек», - деп айттым. Мен сол адамның шынайы бетін көрсетуім керек деп өзімді көндіргім келді. «Тек құжаттар мен айғақтарды көрсетсем болды, ешқандай сезімге берілмеуім тиіс. Осы сұмдықты тоқтатпасам, бүкіл қауымға тарап кетеді», - деген ойлар мені мазалай бастады. Аяғында көңілім түсіп, Құдайға жайып салдым: «Құдайым, Сен маған осылай істеме дегің келе ме? Мен Сені дұрыс түсіндім бе?» Осы сөздерді айтқан кезімде Құдайдың тыныштығы жүрегімді толтырды. Құдайдың сол адам жайында ештеңе айтуымды қаламайтынын сезген кезімде таңғалдым. Сол құжаттарды лақтырып тастадым.

Кейін сезімдерім өшкен кезде, осы жағдайға қарап, қауымдағы адамдарды емес, өзім үшін кек алғым келгенін түсіндім. Сол кездегі қалауым осы еді. Менің ниетім өзімшіл болмаған деп өзімді көндіргім келді. Бұл ақпарат дұрыс болсада, ниетім таза болған жоқ. Бір күні мен жұмыстың алдында қауымның қасында мінажат етіп жаттым. Менен құтылғысы келген әлгі адам жақындап келе жатты. Құдай маған сол кісіге таянып, кішіреюімді айтты. Мен сол сәтте-ақ Құдайға: «Жоқ, Құдайым, мен емес, ол маған таяну керек емес пе? Бәріне де сол кінәлі», - деп ақталдым. Мен мінажат ете бердім. Бірақ Құдай менің соған таянып, бойсұнғанымды айта берді. Осыны Құдай айтып тұрғанына мен сенімді болдым. Сол адамға өз кеңсемнен қоңырау шалып бардым. Егер Құдай менімен сөйлеспегенде, әлгі адамға айтатын сөздерім мүлдем басқа болатын еді. Шын жүрегіммен одан кешірім сұрадым. «Мен сізді айыптап, жамандадым», - деп мойындадым. Оның жүрегінің бірден жібігенін байқадым. Екеуіміз бір сағат көлемінде сөйлестік. Арамыздағы мәселелер басқа бағушылар арасында шешілмесе де, сол күннен бастап оның маған шабуылдары тоқтатылды. Алты айдан кейін мен АҚШ-тың сыртында қызмет етіп жүргенімде, сол адамның барлық сұмдық істері бас бағушыға мәлім болды. Оның кейбір істері мен білгеннен де сұмдық болды. Оны тез арада жұмыстан шығарды. Бұл адамға менсіз-ақ үкім шығарылды. Маған жасағысы келгендердің бәрі өз басына келді. Бірақ мен осыған қуанған жоқпын. Оған және оның отбасына жаным ашыды. Өйткені оның сезімдері маған таныс болды. Алты ай бұрын мен оны кешіріп, жақсы көріп, еш жамандық ойлаған жоқпын. Егер оны бір жыл бұрын жұмыстан шығарғанда, менің қуанышымның шегі жоқ болушы еді. Бірақ сол кезде менің жүрегімде реніштің болмағанына көзім жетті. Мені «Реніш» деп аталатын түрмеден шығарған - өш алмауым және мойынсұнуым. Бір жылдан кейін мен сол кісіні әуежайда жолықтырдым. Мен Құдайдың сүйіспеншілігіне толы болдым. Оған жақындап құшақтадым. Оның тәуір болғанын естіп, шын жүректен қуандым. Егер мен

сол кезде Құдайды тындамағанымда, әлгі адамның бетіне қарай алмаушы едім. Осы уақыттан бірнеше жыл өтсе де, мен оны жақсы көріп, Құдайдың еркінде жүргенін тілеймін. Дәуіт өзі үшін кек алмай, Құдайға жол бергенде даналығының барын көрсетті. «Сонда Саулды соттау үшін Құдай кімді пайдаланды?» - деп сіз сұрайсыз. Філістіктерді. Філістіктермен соғысып жатқанда, Саул және оның ұлдары қаза табады. Бұл хабар Дәуіттің құлағына жеткен кезде, ол шаттанған жоқ. Ол жоқтап жылады. Бір адам Дәуітке келіп, Саулдың өлуіне көмектескенін айтып мақтанды. Дәуітті өзіне қаратып аламын деп үміттенді. Бірақ ойлағанындай болған жоқ. «Дәуіт оған: Сен қалайша шімірікпестен Жаратқан Иенің тағайындаған патшасына қол көтеріп өлімге қидың?» (Патшалықтар 2-ші жазба 1:14). Дәуіт бұл адамды өлім жазасына кесті. «Дәуіт Саул мен оның ұлы Жонатан туралы жоқтау айтты» (Патшалықтар 2-ші жазба 1:17). Дәуіт өз халқына філістіктердің қалаларында Исраилдың «мықтылары мерт болды», - деп сөз таратпағаны жөнінде бұйрық берді. Саулдың қаза тапқан жеріне Дәуіт жаңбыр мен егістіктің болмауын жария етіп, бүкіл Исраил халқын Саулды жоқтауға шақырды. Бұл ренжулі адамның жүрегіне ұқсамайды. Ренжулі адам былай деуші еді: «Оған сол керек!» Саулдан қалған ұрпақты Дәуіт жойған жоқ. Керісінше оларға мейірім танытты. Оларға ішетін ас пен тұратын жер берді және бір немересіне өзінің патшалық дастарханынан әрдайым ас ішуге шақырды. Ренжулі адамның іс-әрекетіне ұқсай ма? Саулдың жасаған сұмдықтарына қарамастан, Дәуіт оның өлімінен кейін де оған адал болып қалды. Өзіңізді жақсы көретін жетекшіге немесе рухани әкеге адал болу қиын емес. Сіздің көзіңізді құртқысы келетін жетекшіге адал болып қалу оңай ма? Өзіңіз үшін кек аласыз ба әлде Құдайдың көңілінен шыққан адам боласыз ба?

**Құдай Өзінің халқы үшін кек  
алғанда әділетті орнатады,  
Ал адам өзі үшін кек алса,  
ол – әділетсіздік.**

## РУХАНИ ҚАҢҒЫБАСТАР ҚАЙДАН ПАЙДА БОЛАДЫ?

---

*«...Жаратқан Ие тағайындаған тақсыр иеме қарсы көтеріліп, оған қол жұмсаудан Құдай сақтасын! Бұл Жаратқан Ие тағайындаған патша зой! - деп тыйым салып, олардың Саулға бас салуларына жол бермеді».*

**- Патшалықтарға 1 жазба 24:7-8**

**Д**әуіт туған әкесіндей жақсы көрген адамының оған жасаған сұмдық істері туралы өткен тарауда қарастырғанбыз. Дәуіт қай жерде дұрыс істемегенін түсінгісі келді. Саулды Дәуітке қарсы қойған не болды екен? Және патшаны өзіне қайтадан қалай қаратса екен? Дәуіт Саулдың өмірін сақтап, өзінің адалдығын дәлелдеді. Ал Саул оны өлтірудің амалын іздеп жүрді. Дәуіт Саулға басын жерге дейін иіп дауыстады: «Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз». Өзінің жетекшісіне адалдығын дәлелдеген кезде Дәуіт жеңілдеп қалды. Кейін оған одан да суық хабар жетті: Саул оны әлі де өлтіргісі келеді. Бірақ Құдай Саулдың бүкіл әскеріне қатты ұйқы беріп, Дәуіттің қасына Саулды өлтіруге өтінген серікті берсе де, Дәуіт өзін өлтіргісі келген адамға қол жұмсаудан бас тартты. Бұл әскердің қатты ұйқысының мақсаты- Дәуіттің жүрегінің сыналуды керектігін ол сезді. Құдайдың көргісі келетіні: Дәуіт өз патшалығын орнату үшін Саул сияқты кісі өліміне бара ма әлде Құдайдың әділдігімен мәңгілік патшалығын орнатуға рұқсатын бере ме?

*«Сүйікті бауырластарым, кек алмандар, соны*

*Құдайдың қаһарына қалдырыңдар! Тауратта мынадай сөздер жазылған ғой: Жазалау-Менің ісім, тиісті жазаларын тартқызамын Өзім! - дейді Иеміз».*

*- Римдіктерге хат 12:19*

Құдай Өзінің халқы үшін кек алғанда әділетті орнатады, ал адам өзі үшін кек алса, ол әділетсіздіктің болғаны. Саул өзі үшін кек алатын адам болды. Ол Дәуітті, әділ адамды он төрт жыл бойы ізіне түсіп қудалады. Діни қызметкерлер мен олардың жанұяларын өлімге кесті. Дәуіт ұйықтап жатқан Саулдың үстінен түскен кезде, үлкен сынақтан өтті. Бұл сынақтың нәтижесінде Дәуіттің жүрегіндегі баяғы абзал шопан әлде зұлым «екінші» Саулды көрсету керек еді. Дәуіт Құдайдың көңілінен шыққан адам болып қала ма? Құдай Өз халқын мойынсұну сынағынан өткізеді. Ол біздің жаман істерімізді ақтайтын, өзің үшін кек ал деп айтатын адамдардың арасына әдейі жібереді. Мұндай адамдар өзіңді қорға деп айтады. Бірақ ол Құдайдың жолына сәйкес келмейді. Бұл - осы әлемнің даналығының тәндік жолы. Мен өз жетекшімді әшкерелегім келген кезде, өз ойыммен күрескенім есімде. Оны біреу әшкерелемесе, қауымның адамдарына зияны тиеді деп ойлады. «Мен тек шындықты айтамын ғой. Егер мен оны істемесем, ол адамның зұлым істері қалайша тоқтатылады»? Басқа адамдар мені толығымен қолдады. Бірақ Құдай сол дәлелдеме құжатты мені сынау үшін бергенін білемін. Менен құтылғысы келген адам сияқты боламын ба? Әлде мен оны Құдайдың қаһарына қалдырамын ба? Немесе сол адам тәубеге келсе мейірімділік танытамын ба?

Бұзылған жетекшілерді Құдай қолдана алама?

Көпшілік адамдар сұрап жатады: «Неліктен Құдай қате жасайтын немесе күнәға бататын жетекшілерді қояды?» Самуилдың балалық шағын есімізге түсірейікші. Құдай (шайтан емес) азғындаған Елидің және оның ұлдары Опни мен Пінехес діни қызметкерлердің қамқорлығына Самуилды берді. Олар Құдайға құрбандыққа шалынатын етті қулықпен күштеп алатын және кездесу шатырының кіреберісінде қызмет

атқаратын әйелдермен азғындық жасайтын. Егер сіз осындай жетекшілердің қарамағында болсаңыз қалай болушы еді? Мінажат етіп жатқан әйелді маскүнемдікте кінәлап, Киелі Рухқа сезімталдығын жоғалтқан жетекші болса ше? Ели дәл қауымның ішінде әйелдермен азғындық жасаған ұлдарына немқұрайлы карап, оларды тоқтатқан жоқ. Қазіргі сенушілер мұндай қауымға түссе, өздерін жәбірленген болып сезініп, осындай жетекшілерді арсыз істерінде айыптаушы еді. Бұл азғындықтың үстінде өмір сүріп жатқан жас Самуил туралы жазылғандар маған ұнайды: «Жасөспірім Самуил Елидің қарамағында...қызмет етіп жүрді» (Патшалықтар 1 ж 3:1). Сол заманда азғындыққа толы уақыт еді: «...Сол заманда Жаратқан Иенің адамдарға Сөзін арнап, аян беруі өте сирек болатын» (Патшалықтар 1 ж 3:1). Құдай еврей халқынан алыстап кеткен сияқты болып көрінді. Құдайдың шамы өшуіне шамалы қалды. Самуил табынуға басқа қауымды іздеп жүрді ме? Ели мен оның ұлдарының арсыз істері жайында ақсақалдарды жинап әшкереледі ме? Оларды бағушылық орындарынан алып тастау үшін жиналыс құрды ма? Жоқ, ол тек Құдайға қызмет етіп жатты. Құдай ол жерге Самуилды қойып, оның мойнына олар үшін жауапкершілік артқан жоқ. Самуилды олардың қарамағында айыптау үшін қойған жоқ, керісінше оларға қызмет етсін деп қойды. Елидің Құдайдың құлы болғанын және Құдайдың онымен не істейтінін Өзі шешетінін Самуил білді. Балалар әкелерінің қателерін түземейді. Керісінше әкелер балаларының қателерін түзеп үйретуі тиіс. Құдай бізді үйретуге жібергендерге мойынсұнуымыз керек. Ол - біздің міндетіміз бен жауапкершілігіміз. Және де бізбен бір деңгейдегі адамдарды жігерлендіріп қолдауымызды көрсетуіміз керек. Осы тарауда және өткен тарауда да айтып кеткенімдей қарастыратынымыз - үстімізге қойған адамдардың жаман іс-әрекетіне деген біздің назар аударуымыз. Самуил Құдайдың қойған жетекшісіне қолынан келгенше айыптамай қызмет етті. Ели Самуилдан Құдайдың түнде не айтқанын сұрағанда, Самуил сол кезде ғана



соттың сөздерін айтты. Оның өзінде бұл әшкерелеу Самуилдікі емес, Құдайдың Сөзі еді. Егер көпшілік адамдар осыны қабылдаған болса, қауымдар басқаша болатын еді.

## ҚАУЫМ КАФЕТЕРИЙ ЕМЕС

Адамдар жетекшілердің кемшіліктерін көрген кезде қауымдардан кетеді. Мүмкін олар бағушылардың сый-тартулар мен ондықтарды қалай жинағанын немесе ақшаның қалай жұмсалып жатқанын ұнатпайтын шығар. Немесе оларға бағушыларының уағыздары ұнамайтын шығар. Олардың ойынша бағушыға жақындай алмайсың немесе ол тым дөрекі. Мұндай тізімнің аяғына жете алмайсыз. Қиыншылықтармен бетпе-бет кездескенде үмітті сақтаудың орнына, олардың ойынша қиыншылықтар жоқ жерге қашады. Исаның жалғыз мінсіз бағушы екеніне келісейікші. Онда неге біз қиыншылықтарды бетпе-бет кездестірген кезімізде, оларды шешпей қашамыз? Қиыншылықтарды шеше алмаған кезімізде ренішке берілеміз. Кейін біз бір қауымнан екінші қауымға ауысып, мінсіз жетекшіні іздейміз. Өмірімде мен екі қауымның ғана мүшесі болдым. Оның өзінде екі бөлек штаттарда болатын. Мен өзімнің жетекшілеріме ренжіп қалуыма екі немесе одан да көп мүмкіншілігім болды. Бірақ қауымнан кетуім қиыншылықтарды шешпеуші еді. Бір күні мен қиналып жүргенімде, Құдай маған осы Сөздермен сөйледі:

*«Сондықтан сендер зор қуанышпен тұтқыннан босап шығып, жолдарыңда аман-есен жетеленетін боласыздар...».*

*- Ишая 55:12*

Көпшілік мәсіхшілер қауымдардан осылай кетеді. Олардың ойынша қауымның кафетерийден еш айырмашылығы жоқ. Өздерінің талғамдарына сай таңдайды. Олар қауымдарда қиыншылықтармен беттеспегенше отырамын деп ойлайды.

Бірақ Киелі кітап бізді осыған үйретпейді. Қандай қауымға бару керегін сіз шешпейсіз. Оны Құдай шешеді. Киелі кітапта былай жазылмаған ғой: «Іс жүзінде Құдай дене мүшелерінің қалауы бойынша орналастырған». Ол жерде былай жазылған:

*«Іс жүзінде Құдай дене мүшелерінің әрқайсысын  
Өзінің қалауы бойынша орналастырған».*

*- Қорынттықтарға 1 хат 12:18*

Құдай сізді бір қауымға орналастырған кезде шайтан қиыншылықтар арқылы қуып жіберуге тырысатынын есіңізге сақтаңыз. Егер оның қолынан сізді қауымнан ығыстыру келсе, жеңісін тойлайды. Егер де қатты қиыншылықтар сізді Құдайдың орнынан қуа алмаса, шайтанның жоспарын бұзасыз.

## **АЙЫПТАУДЫҢ АЗҒЫРУШЫЛЫҒЫ**

Мен бір қауымда бірнеше жыл болдым. Біздің бағушы Американың ең мықты уағыздаушыларының бірі болатын. Бұл қауымға бірінші рет келгенімде, сол уағыздарды естіп аузым ашылып отыратын. Уақыт өте келе мен сол бағушыға қызмет етіп жүріп, оған жақын болған сайын оның тәніндегі кемшіліктерді көре бастадым. Оның қызмет жайында қабылдаған шешімдеріне күмән келтіре бастадым. Мен оны айыптап соттап жүрдім және оған деген ренішім мені қатты қинады. Ол уағыздап жатқан кезде, мен майлануды көрмедім және Оның уағыздары енді менің жүрегіме сөйлеген жоқ және көмектескен жоқ. Басқа ерлі-зайыптылар, біздің достарымыз болатын, оларда қауымда жұмыс істеп жүрді. Менің байқауымша, олар да мен сияқты ойлайтын. Құдай оларды сол қауымнан шығарып, олар өздерінің қызметтерін бастады. Бір күні олар бізді қонаққа шақырды. Олар біздің ішіміздегі күресті біле тұра, жігерлендіруден шаршамай, қолдауларын көрсетіп жатты. Олар бізге Құдайдың жоспарынан таймау керектігін айтты. Осыған қарамастан, олар бағушының кемшіліктерін, оның әйелі және қауым жетекшілері

дұрыс жасамаған істері жайында айтты. Біз олармен кездескен уақытта өзімізді ыңғайсыз тұзаққа түскендей сезіндік. Сол ерлі-зайыптылар бізге шынайы қамқорлық көрсеткендей болып көрінді. Сол кездегі біздің айыптауларымыз ренішімізді ушықтыратын. Нақыл сөздерде айтылғандай:

*«Отын таусылса от өшер, Өсек таусылса дау өшер» (26:20).*

Олар маған: «Сен - Құдайдың таңдаулы қызметкерісің, біз оны білеміз! Неге сенде осы қауымда қиыншылықтар көп болып кетті?»- дейтін. Олардың сөздері құлағымызға жағатын. Әйеліміз екеуіміз шешім қабылдадық: «Жетер! Біз мұндай жағдайға қалай түстік? Осы қауымнан кеткеніміз дұрыс болар! Біздің достарымызға барайық, олар бізді жақсы көреді. Олар бізге лайықты рухани ұстаз болады. Олардың қауымдарындағы адамдар бізді және Құдай бізге берген қызметімізді қабылдайды». Біз сол қауымнан кетіп, біздің достарымыздың қауымдарына бардық. Бірақ ол бірнеше айға ғана созылды. Өзіміздің қиыншылықтарымыздан құтылдық деп ойлап жүрсек те, ішіміз қиналып жүрді. Біз рухтағы қуанышты сезбедік. Қалдырған бағушыларымызға ұқсап кетеміз бе деп үрейлене бастадық. Бізді біреу итермелеп жатқандай, қызметімізді жасандылықпен жасадық. Енді біздің бағушы мен оның әйелі арасындағы қарым-қатынасымыз шиеленісіп кетті. Біз Киелі Рухтың жетелеуіне кіре алмадық. Ең аяғында ойлана келе, бұрынғы қауымымызға қайта оралуды шештік. Сол қауымға оралуымыздың Құдайдың еркі екенін түсіндік. Бірақ сырт көзге бізді басқа қауымда жақсы қабылдайтын болып көрінді. Содан кейін маған Құдай айтты: «Джон, Мен саған осы қауымнан кетуді ешқашан айтқан жоқпын. Сен өзіңнің ренішіңнің арқасында кеттің. Осы жанжалда бағушы немесе оның әйелі кінәлі емес, тек сендердің өздерің». Олар бізді түсініп, өз жүректеріндегі мәселелерді шешкісі келді. Егер сіз Құдайдың еркінде болмасаңыз, бір де бір қауымға жарылқау бола алмайсыз және көмектесе алмайсыз. Адамдармен қандай жақсы

қарым-қатынасыңыз болса да, Құдайдың еркісіз қиынға түседі. Әйеліміз екеуміз Құдайдың еркінен шығып кеттік. Ренжулі адамдар жағдайларды бұрмалап, сырт көзге қарағанда, істеген істері өздеріне дұрыс болып көрінгенмен, Құдайдың еркіне сай келмейді. Біз өзіміздің сезімдерімізге берілудің орнына іс-жүзінде Құдайдың еркіне сай әрекет етуге шақырылғанбыз.

Егер біз Құдайға мойынсұнсақ және Оның жүзін іздесек, ал Ол сізге жауап бермесе, Оның сізге айтқысы келетіні: «Отырған жеріңнен қозғалма. Еш нәрсені де өзгертпе». Біз Құдайдың Сөзін қысымшылық сезген кезде ғана іздейміз. Құдай біздің көзімізді құртуға емес, рухани есею, тазару, нығаяу үшін осындай жағдайларды жібереді. Бір айдың ішінде бағушымен кездесуге мүмкіншілігім пайда болды. Мен өзімнің бағушымын айыптап, соттап және мойынсұнбағанымға тәубе еттім. Ол шын жүрегіммен мені кешірді. Біздің қарым-қатынасымыз нығайып, жүрегіме қуаныш оралды. Мен бағушының уағыздарынан бұрынғыдай жігер алып, сол қауымға көпке дейін барып жүрдім.

## **ОТЫРҒЫЗЫЛҒАНДАР ГҮЛДЕЙДІ**

Забур жырында былай делінген:

*«Жаратқанның үйінде ол тамыр жаяды, Құдайымыздың ауласында құлтырады» (91:14).*

Құдайдың үйінде отырғызылғандар ғана гүлдейтінін байқаңызшы. Өсімдікті әр үш апта сайын бір жерден екінші жерге отырғыза берсеңіз не болады? Көбіміз білеміз, оның тамыры жұқарып, ауырсынып дұрыс өспейді. Егер сіз сол өсімдікті қайта-қайта отырғыза берсеңіз, ол шошынып, солып қалады. Көпшілік адамдар өзінің қызметін жақсартамын деп бір қауымнан екінші қауымға, бір қызметтен екінші қызметке ауысып жатады. Егер Құдай оларды қабылдамайтын және жігерлендірмейтін қауымға отырғызса ренжиді. Егер олар бір нәрсеге келіспесе, сол қауымнан кетеді. Кетіп

бара жатып, жетекшілерді кінәлап кетеді. Олар өздерінің кемшіліктерін көрмейтін зағип адамдарға ұқсайды. Құдай оларды қысымшылық арқылы тазалап жетілдіргісі келетінін түсінбейді. Құдай көрсетіп жатқан өсімдіктер мен ағаштардың мысалдарына қарап үйренейікші. Жеміс-жидек ағашы жерге отырғызылған кезде жаңбырмен желмен, дауылмен және ыстық күнмен беттеседі. Егер жас ағаш сөйлей алса, онда айтатын сөзі мынадай болатын еді: «Мені осы жерден алып тастаңызшы, өтінемін. Мені желі мен дауылы, ыстық күні жоқ жерге апарып отырғызыңызшы». Егер адамдар оны тыңдап, басқа жерге отырғызса, оған зиянын келтіретін еді. Егер ағаштар күнмен желде тұрып өссе, оның тамыры тереңірек түсіп жуандайды. Басынан өткізген жағдайлар ағаштың нық тұруына көмектеседі. Табиғаттың айналасындағы қатал жағдайлар ағаштың өмір сүруіне қайнар көзін іздеуге мәжбүрлейді. Сондай ағаш еш дауылдарға қарамай, жеміс әкеле беретін күн туады. Мен Флорида штатында, цитрустардың астанасында өмір сүремін. Флориданың тұрғындары қыс суық болған сайын апельсиннің жемісі тәтті болатынын біледі. Рухани қысымшылықтан тез қашпағанымызда, түбіріміз терең бойлап, жемісіміз мол және Құдайға сүйкімді, ал Құдай халқына тәтті болушы еді. Біз жеміс бермей лақтырылған ағашқа ұқсаудың орынына, Құдайға ұнамды тамыры терең бойлаған ағаш іспетті болайық. Біздің рухани өсуімізге көмектесетін Құдайдың жіберіп отырған сынақтарынан қашпауымыз керек. Дәуіт патша Киелі Рухтың жетегінде ренішпен рухани өсуіміздің арасында тығыз байланыстың барын көрсетеді:

«Мынадай адам шынымен бақытты:

*Ол құдайсыздар кеңесіне бармайды, Күнәкарлар жолымен де жүрмейді, Мазақтаушылармен бірге отырмайды. Қайта, ол Жаратқанның тәліміне құанады, Күні-түні сол туралы ойланады».*

*- Забур жырлары 1:1-2*

Кейін Забур жырларында ол Құдайдың өсиеттерін жақсы көретін адамдар жайлы тағы бір ашықтық айтады:

*«Тәліміңді сүйгендер тыныштыққа кенелер, Ештеңеге сүрінбей (оларды ешнәрсе азғыра алмайды), аман-есен жүрер» (118:165).*

Үшінші аятта сондай адамның тағдыры туралы жазып кеткен:

*«Ол су жағасындағы ағашқа ұқсайды: Сол мерзімінде жемісін береді, Жапырақтары кеуіп те сембейді Не істесе де, ол табысқа жетеді».*

*- Забур жырлары 1:3*

Басқаша айтқанда, сенуші адам бүкіл қиыншылықтарды жеңу үшін Киелі кітапқа ұмтылатын болса, реніштен аулақ болып аяғы шалынбайды. Мұндай адамның түбірі Киелі Рухтын күш-жігерін беретін жеріне терең бойлайды. Ол Құдайды өзінің қайнар көзі қылып алады. Бұл оны нығайтып жетілдіреді, сөйтіп ол жеміс бере бастайды. Аллилуйя! Енді Исаның айтқан астарлы әңгімесіне құлақ түрейік:

*«Сол секілді, тастақ жерге себілгендері мынаны көрсетеді: кейбіреулер Ізгі хабарды естіген бойда оны қуанышпен қабылдайды, бірақ тамыр жаймағандықтан берік болмайды. Кейін Ізгі хабарға бола бастарына азап не қуғын түскенде, олар дереу сенімдерінен безіп кетеді».*

*-Марқа 4:16-17*

Құдай сізге дайындап берген жеріңізден кеткен кезіңізде, тамырыңыз өсуін тоқтатады. Келесі рет сіз қиыншылықтан оңайлықпен қашып кетесіз. Өйткені сіз тамырыңыздың терең бойлағанын қаламадыңыз. Аяғында сіз тіпті қиыншылықтарға төзе алмайсыз немесе қуғыншылық пен қайғы-қасіретке төзуге еш күшіңіз қалмайды. Кейін сіз бір жерден екінші жерге ауысып, біреу сізге жамандық жасайды деп барлық адамға күмәнмен қарап, рухани қаңғыбасқа айналасыз.

Сөйтіп жеміс бермей, рухани мүгедекке айналып, өзіңіздің өміріңізге ғана назар аударып, басқа сенушілердің рухани жемістерінің қалдықтарын жеп отырасыз. Адамның бірінші балаларына, Қабыл мен Әбілге назар аударайықшы. Қабыл өзінің еңбегімен өсірген жемістерін құрбандыққа алып келді. Бұл жемістер көп еңбектің арқасында жасалған. Ол жерді тастардан, ағаштың түбірлерінен және қоқыстардан тазалау керек болды. Жерді жыртып екті. Отырғызу, суару, тыңайту және егістікті қорғау керек еді. Ол Құдайға қызмет етемін деп көп еңбек етті. Бірақ мойынсұнудың орнына, құрбандық жайында осылай ойлады. Бұл Құдайдың рақымымен емес, адамның өз күш-қабілетімен Құдайға табынуды бейнелейді. Әбіл керісінше өзінің мойынсұну құрбандығын алып келді: таңдалған малының алғашқы төлдері және олардың майлы бөліктері. Ол Қабыл сияқты қозы өсіріп еңбек еткен жоқ, бірақ бұл мал оған қымбат болды. Адам ата мен Хауа ана өз жалаңаш денелерін інжір ағашының жапырақтарымен жапты, ол олардың күнәларын өз күштерімен жойғысы келетінін бейнелейді, осыны екі ағайынды ата-анасынан еститін. Бірақ Құдай олардың жалаңаш денелерін күнәсіз хайуандардың терісімен жауып, Өзіне ұнамды құрбандықты көрсетті. Осының алдында Адам ата мен Хауа ана өз күшімен күнәларын жапқаны дұрыс болмағанын білген жоқ. Бірақ оларға Құдайдың жолы көрсетілгеннен кейін, күнәсін қалай кетіре алатынын түсінді. Бұл олардың балаларына да тиісті еді. Қабыл Құдайдың мейірімін Оның нұсқауынсыз алғысы келді. Құдай Оған тек Өзінің рақымы (Әбілдің құрбандығы) арқылы келетіндерді қабылдап, «жақсылық пен жамандықты танытатын ағашты» (Қабылдың діншіл істері) негіз қылып алатындардан бас тартады. Кейін Қабыл жақсылық жасайтын болса қабылданатынын, ал егер жамандық жасаса, күнә оны құлға айналдыратынын Құдай түсіндірді. Бірақ Қабыл Құдайға ренжіп қалды. Ол тәубе етіп өмірін өзгертудің орнына, Әбілге өз ашу-ызасы мен ренішін өлтіру арқылы төкті. Бұл Құдайға

қарсы бағытталған болатын. Сөйтіп Құдай Қабылды қарғады:

*«Сені қарғыс атқан! Енді өз қолыңмен өлтірген ініңнің қаны сіңген жердің топырағынан аулақ жүресің. Сен оны өңдегенде, түк өнім ала алмайсың. Сондықтан жер бетінде тұрағы жоқ кезбеге айналасың, - деді».*

*- Жаратылыстың басталуы 4:11-12*

Құдай бас тартса не болады... Қабыл өзі қатты қорыққан нәрсесі өз басына келді. Тек өзі кінәлі еді. Құдайдың мейірімін алу үшін пайдаланған құралы (жер) енді қарғыстың астында жатты. Қантөгіс қарғыс әкелді. Жер енді бар күшін бере алмады. Жеміс енді тек қатты еңбек еткен кезде шығады. Ренжулі сенушілер өздерінің жеміс әкеле алатын қабілеттерін құртады. Иса астарлы әңгімесінде жүректі жермен салыстырады. Қабылдың жері жеміссіз болғандай, ренжулі адамның жүрегі тура осындай жеміссіз уланған болады. Ренжулі адамның өмірінде пайғамбаршылық сөздер, мықты уағыздар, Құдайдың шипасы мен кереметтері бұрынғыша бола береді. Бірақ осының бәрі Киелі Рухтың жемістері емес, дарындары болып келеді. Біз өзіміздің дарындарымыз емес, жемістеріміз арқылы сотталамыз. Дарын беріледі, ал жеміс өңделіп өсіріледі. Қабыл өзінің істеген істерінің салдарынан қуғындалып, қаңғыбас болатына назар аударайықшы. Бүгінгі күнде біздің қауымдарымыз рухани қашқындар мен қаңғыбастарға толы. Олардың пайғамбаршылық, табынушылық (мадақтаушылар, дауыстары барлар), уағыздаушылық дарындары қауым жетекшілерінен қабылданған жоқ. Сол себептен олар сол қауымнан кетуді ұйғарады. Мұндай адамдар жүректерінде реніштерін арқалап, мақсатсыз қаңғырып жүреді. Олар дарындарын қабылдап, жараларына шипа беретін мінсіз қауымды іздейді. Олар өздерін қуғындалған және жаралы болып сезінеді. Олар өздерін қазіргі заманның Еремиясымын деп ойлайды. Тек «Құдаймен олар» ғана бар, ал қалғандары олардың өлімін іздеп жүр. Олар үйренуге қабілеттерін жоғалтып алады. Олардың ойынша «барлығы



менің соңыма түсіп алды». Барлық адамдар қуғындайтын Құдайдың киелі пайғамбарымын деп өздерін осылай жұбатады. Әрбір адамға күмәнмен қарайды. Тура осындай жағдайды Қабыл кешкен болатын. Оның сөзіне қарайықшы:

*«Бүгін мені егіндік жерден қуып отырсың, Сенің көзіңнен таса жүретін боламын. Жер бетінде тұрағы жоқ кезбеге айналамын. Кім кездессе, сол мені өлтіретін болады, - деді».*

*- Жаратылыстың басталуы 4:14*

Көрдіңіз бе, Қабылдың ойындағыдай бәрі соңына түсіп алғанын тура осы бүгінгі өмірде де кездестіреміз. Мұндай адамдар өзінің шын бет пердесін көре алмайды. Ренжулі адамдар бәрі солардың арттарынан қалмай жүр деп ойлайды. Олар өздерін адамдардан алшақ ұстап, істегендері адамдарды жаман қарым-қатынастарға мәжбүрлейді.

Құдай бізді бір-бірімізге тәуелді етіп жаратты. Құдайдың балалары бір-біріне қамқор болып жәрдемдескенді ұнатады. Егер біз басқаларды бақытсыздығымызда кінәлап, біреуге ашулансақ немесе өзімізге аяушылық танытсақ, Құдайдың көңілі түседі. Ол бізді Өз жанұясының белсенді мүшесі болғанымызды қалайды. Оны өмірдің қайнар көзі еткенімізді қалайды. Басқалармен болғысы келмейтін адам тек өзі ғана ойлайтын нәрселерді істегісі келеді. Ол - Құдайдың қалауын орындамайтын адам. Мұндай адам ешкімнің кеңесіне құлақ түрмей, азғырушылыққа ашық болады. Құдай сізді Оның Сөзімен жігерленуге және демалу үшін бөлек шығуға шақырған уақытты айтпаймын. Мен өздерін-өзі «түрмеге» қамап тастағандар туралы айтып жатырмын. Өздерімен келіспейтіндерге қарсы шығып, олардың ойлары дұрыс емес деп есептейді. Олар бөлектеніп, өздерін қорғап бақылайды. Енді оларға кемшіліктерін түзетудің қажеті жоқ. Қиыншылықтармен беттесудің онына, сынақтардан безеді. Мінездің өзгеруі осындай сынақтармен ғана тоқталмайды.

**Мінезіңіздің кемшіліктерін  
көруге реніш кедергі етеді,  
себебі басқаларды кінәлаймыз.**

## АҚИҚАТТАН ЖАСЫРЫНУ

---

*«Олар әрдайым тәлім алуға ұмтылғанмен, ешқашан шындықты білуге қол жеткізбейді».*

**- Тимотеге арналған 2-хат 3:7**

**А**дамдардың менен көп сұрайтындары: «Мен қауымнан немесе қызметімнен қашан кетуім керек?» Ол қауым қаншалықты нашарлағанында мен кетуім керек?» Менің жауабым: «Бұл қауымға сізді кім жіберді?» Көп жағдайда олардың жауабы: «Құдай». Сондағы менің айтатыным: «Егер Құдай сізді жіберсе, онда Ол айтпайынша кетпегеніңіз дұрыс болады. Егер Құдай сізге ештеңе айтпаса, Өзінің үндемеуімен айтқысы келетіні: «Ештеңені өзгертпей, отырғызған жерімнен кетпе!» Егер Құдай сізге қауымнан кетуді айтса, сол қауым қандай нашар халде болса да, жақсы қарым-қатынаспен кетесіз.

*«Сондықтан сендер зор қуанышпен....жетеленетін боласыңдар.».*

*- Ишая 55:12*

Сіздің қауымнан кеткеніңіз адамға байланысты болмай, Киелі Рухтың жетегімен шығасыз. Өзіңіздің пікіріңізге сүйеніп, қызметіңізден кетуге болмайды. Сіздің қауымнан ренішпен, айыптаушылықпен кеткеніңізді Құдай қаламайды. Бұған қарап Киелі Рухтың жетелеуімен емес, өзіңіздің сол қиыншылықтарға назар аударып әрекет еткеніңізді білуге болады. Римдіктерге арналған хатта былай делінген:

*«Өйткені Құдай Рухының жетелеуімен жүретіндер  
Құдайдың рухани балалары».*

*- Римдік. 8:14*

Осы жерге терең үңіліп қараңызшы: «Қиын жағдайларға назар аударып, әрекет ететіндер Құдайдың рухани балалары» деп тұрған жоқ. Жаңа Өсиеттің біраз жерінде «бала» деген сөз қолданылғанда, грек тілінен мынаны білдіреді: текнон және хьюос. Текнон сөзін былай анықтауға болады: ол - өзіңіздің туған балаларыңыз. Менің тұңғыш балам Эдисон туылған кезде, менен және әйелімнен туылған соң Джон Бивердің ұлы болып кетті. Егер сіз сол кезде жаңа туылған сәбиімді перзентханада көргеніңізде, басқа балалардың арасынан менің баламды айыра алмаушы едіңіз. Менің туғандарым мен достарым оған қарап, басқа балалардың ішінен таныған жоқ. Тек оның төсегіндегі жазуды көргеннен кейін ғана білді. Эдисон Джон мен Лиза Бивердің баласы текнон болып есептеледі. Римдіктерге арналған хатта текнон сөзінің қолданылатынын көреміз. Осында біз Құдайдың рухани баласы еткен Киелі Рухты қабылдағанымыз айтылады: «Киелі Рух Құдайдың рухани баласы (тектонон) екенімізді өз рухымызға растайды». Адам Исаны Тәңірі ретінде қабылдап тәубеге келген кезде, ол Құдайдың рухани баласына жоғарыдан туылудың нәтижесінде айналады. Екінші грек сөзі хьюос «балалары» дегенді білдіреді. Жаңа Өсиетте осы сөзді ата-анасының әрекеттерін қайталайтын балаларды айтады. Менің ұлым Эдисон өскен кезде өз әкесіне тартып, менің істеген істерімді де қайталайтын болды. Ол алты жасында болғанда, біз әйеліміз екеуіміз шаруаларымызбен кетіп, ата-анамыздың үйінде қалдырып кеттік. Кейін анам Эдисон әкесінен аумап қалыпты деп айтты. Оның мінезі менің алты жасымдағы мінезімдей болды. Ал ол есейген сайын өз әкесіне тартып бара жатты. Енді оны тек Джон Бивердің баласы деп тек деректерге сүйенбей, оның мінез-құлқына қарап тануға болады. Жалпақ тілмен айтқанда текнон сөзі сәбилерді, ал хьюос сөзі ересек балаларды білдіреді. Римдіктерге арналған хатты тағы бір қарап шығайықшы: «Өйткені Құдай Рухының жетелеуімен жүретіндер Құдайдың рухани балалары

(хьюос)» (Римдік. 8:14). Рухани ересек балалар ғана Құдайдың жетелеуімен жүретінін осыдан анық көреміз. Толық жетілмеген мәсіхшілер Құдайдың Рухының жетегінде жүре алмайды. Олар қиыншылықтарды кездестіргенде, сезімге беріліп немесе өздерінің ой-саналарымен шешуге тырысады. Олар тек Киелі Рухтың жетелеуіне сүйенуге үйренбеген. Эдисон есейе оның мінезі ары қарай жетілмек. Ол есейген сайын, мен оның мойнына бірте-бірте жауапкершілік арта беремін. Егер ол есеймесе, оның өмірі қиын болады. Біздің рухани сәби болып қала бергенімізді Құдай қаламайды. Менің ұлым Эдисонға мінезінің дұрыс қалыптасуына қиын жағдайлармен беттескені көмектесті. Ол мектепке барған кезде дөрекі балалармен танысты. Мен солардың менің ұлыма істеген жағымсыз нәрселерін естідім. Сол кезде мен барып олармен сөйлескім келді. Бірақ менің олай істегенім, Эдисонның дамуына жол бермейтінін түсіндім. Сөйтіп әйеліміз екеуміз оған үйде кеңестерімізді беріп, сол қиыншылықтарға қалай төтеп беруге болатынын үйреттік. Біздің кеңестерімізге құлақ түріп, сол қиыншылықтарға төтеп бере алған сайын оның мінезі бекем бола бастады. Осы мысал Құдайдың бізбен осылай жұмыс істейтініне ұқсайды. Киелі кітап айтады:

*«Құдайдың рухани Ұлы (хьюос) бола тұра, Мәсіх (Иса) ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренді».*

*- Еврейлерге хат 5:8*

Дененің өсуіне уақыт керек. Бірде бір екі жастағы баланың бойы бірден 180 сантиметр бола қалмайды. Интеллектуалдық өсу оқу барысында дамиды. Бірақ рухани өсуіңіз тек мойынсұну арқылы ғана келеді. Енді Петрдің айтқандарына қараңызшы:

*«Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап етуге дайын) болындар!... Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді».*

*- Петрдің 1 хаты 4:1*

Күнә жасауды қойған сенуші нағыз Құдайдың баласы болып келеді. Ол - рухани есейген адам. Ол өзінің емес, Құдайдың жолын таңдайды. Иса ауыр азаптарды шегіп мойынсұнуды үйренгендей, бізде қиыншылықтар арқылы мойынсұнуға үйренеміз. Біз Киелі Рухқа Құдайдың Сөзі арқылы мойынсұнғанда, қиыншылықтар мен жанжалдар туған кезде рухани өсіп ересек адамға айналамыз. Тек мойынсұну арқылы! Сенушілердің он жыл бойы мәсіхші бола тұра, Киелі кітапты жатқа біліп, мыңдаған уағыздарды тындап, көптеген кітаптарды оқыса да, рухани жаялықтарды неге киіп жүргендерін енді білдік. Олар қиын жағдайларға тап болған кезде, Киелі Рухтың жетегімен жүрудің орнына өзін қорғау жолдарын іздейді. Олар қанша оқыса да, шындықтың түбіне жете алмайды. Олар шындықтың түбіне келе алмауларының себебі алған білімдерін өмірлерінде қолданбайды. Егер сіз рухани өскіңіз келсе, шындықты өміріңізде босатыңыз. Оны тек миыңызбен ғана қабылдағаныңыз жеткіліксіз. Егер біз мойынсұнбасақ, қанша үйренуге тырыссақта, ешқашанда рухани ересек бола алмаймыз.

## ӨЗІҢДІ ҚОРҒАУ

Біз өзіміздің ренішімізді мойынсұнбаушылықпен, өзімізді қорғаумен сылтауратамыз. Ренішті сақтау- өзімізді қорғаудың жалған сезімдері. Басқаларды кінәлап, өз кемшіліктеріңізді көрмейсіз. Сіз тек басқа адамның кемшіліктерін ғана байқап, өзіңіздің тәртібіңізді, күнәларыңыз бен есеймегеніңізді дұрыстағыңыз келмейді. Осылай сіз Құдайға мінезіңізді өзгертуге рұқсат бермейсіз. Ренжулі адам өзін ренжітетін нәрселерден қашып, рухани қаңғыбасқа айналып кетеді. Таяуда бір әйел маған өз құрбысы жайында айтып берді. Оның құрбысы өз қауымынан басқа қауымға ауысып кетіпті. Ол өз үйіне жаңа бағушыны тамақтануға шақырыпты. Дастархан басында бағушы одан өз қауымынан неге кеткенін сұрайды.

Ол бұрынғы қауымның барлық қиыншылықтары жайында айтып береді. Бағушы оны тыңдап жұбатуға тырысты. Менің ойымша, бұл бағушы Киелі кітапқа сүйеніп, оның реніш пен айыптаушылықтан арылуы керектігін көрсетуі керек еді. Мүмкін бағушы сол әйелге бұрынғы қауымына оралып, Құдай тыныштықпен жібермейінше, кетпеуіне кеңес беруі керек еді. Құдай сізді бір қауымнан шығарса, сіз өзіңіздің кеткеніңізді ақтамайсыз. Сіз бұрынғы қауымның мәселелерін айтып соттамайсыз. Сол әйел уақыт өте келе жаңа бағушысын да тура осылай соттайтынын мен білемін. Бір ескі астарлы әңгіме бар. Баяғыда шығыстан Солтүстік Американың батысына қарай көшіп бара жатқан адамдар болды. Бір жаңа қаланың кіреберісінде бір дана адам оларға қарап тұрды. Көшпенділер оны көріп, сол қаланың адамдары қандай екенін сұрайды. Олардың сұрағына ол да сұрақ қойды: «Сендердің келген жерлеріңнің адамдары қандай болды?» Олардың жауабы: «Біздің шыққан қаламыз өте жаман болды. Тұрғындары өсекшілерге, күнәсіз адамдарға қастық жасайтын өтірікшілер мен ұрлықшыларға толы қала». Дананың жауабы: «Бұл қаланың тұрғындары тура сендердің қалаларыңдағы адамдар сияқты». Олар сол адамның өздерін пәледен сақтағаны үшін алғысын білдіріп, батыстың ар жағына кетті. Кейін сол жерге тағы басқа бір топ адам келіп, дана адамға тура сол сұрақты қояды. Ол да өз сұрағын қайталайды. Олардың жауабы: «Біздің шыққан қаламыз өте керемет! Адамдары да керемет еді. Ол жерде жақын достарымыз қалды. Бір-бірімізге көмектесуге тырысатынбыз. Ешкім еш нәрсеге мұқтаж болмайтын, өйткені бәрі бір-біріне қамқор болуға тырысады. Егер біреуде қиыншылық болса, барлық қоғам көмектесуге жиналатын. Сол жерден кеткіміз келмеді, бірақ біздің батысқа бірінші болып барғанымыз- болашақ ұрпағымызға орын дайындауымыз». Әлгі дана кісі оларға да жауабын солай қайтарды: «Бұл қаланың тұрғындары тура сендердің қалаларыңдағы адамдар сияқты». Сол адамдар қуанып: «Осы жерде қалайық!» – десті. Адамдар

өздерінің бұрынғы қарым-қатынастарына қалай қараса, келешектегі қарым-қатынастарына да солай қарайтын болады. Сіз бұрынғы қауымнан қалай кетсеңіз, келесі қауымға қалай қосылатыныңыз да солай болады. Қандай қарым-қатынаспен айырылыссаңыз, сондай қарым-қатынасты тағы да бастайсыз. Иса Жохан жазған Ізгі хабарында (20:23): «Кімнің күнәларын кешсеңдер, солар кешіріледі, ал кімнің күнәларын кешпесендер, солар кешірілмейді», - деді. Егер біз біреуді кешірсек немесе ренжіп қалсақ, сол адамдарға күнәларымызды іліп қоямыз. Егер біз қауымнан кетіп немесе біреумен қарым-қатынасымызды ренішпен, ашу-ызамен үзсек, басқа қауымға немесе біреумен қарым-қатынасқа тура сол сезімдермен түсеміз. Кейін бізде қиыншылық пайда болған кезде, жаңа қарым-қатынасты үзуге қиынға соқпайды. Сіз осылай тек жаңа жараларды сезініп қоймайсыз, одан бетер баяғы қарым-қатынастардан қалған жаралар қайта есіңізге түседі. Соңғы мәлеметтерге сүйенсек, екінші рет некелескен адамдардың 60-65 пайызы қайтадан айырылысып жатады (Рокфорд Институты, Америкадағы Отбасы мәселелерін шешетін орталық, Рокфорд, Иллинойс штаты). Адам бірінші некесінен қалай айырылысса, екінші некесінен де солай айырылады. Егер біреу бірінші әйеліне деген кешірімсіздікті жүрегінде сақтап қалса, ол екінші әйелімен өмір сүруге кедергі болады. Басқа адамдарды кінәлап, осындай жанжалда рөліңізді көрмейсіз, яғни өзіңіздің кемшіліктеріңізді байқамайсыз. Осының ең қиыны, мұндай адамдар жан азабын тартамын деп екі есе қорқады. Бұл пікір тек некелесу мен айырылысуды ғана қозғамайды. Бұл барлық қарым қатынастарға тиесілі. Біздің қауымның қызметіне бір адам келді. Ол бұрын бірге қызмет етіп жүрген адамға ренжіп қалған. Уақыт өте келе, Құдайдың қалауымен оны бізбен бірге жұмыс істеуге шақыруым керек екенін сездім. Ол өз ренішін жеңуге тырысатынына сендім. Мен оның бұрынғы бастығына қоңырау шалып, сол адамды өз штатыма жұмысқа алғым келетінін айттым. Ол бізбен бірге жұмыс істеуін бастаған кезде,



толығымен жан азабынан шипа алатынына оның бастығы сенді. Мен олардың қарым-қатынастары қалпына келуі үшін мінажат етіп жүргенімді екеуіне де айттым. Сол адам біздің қызметімізге кіріскеннен бастап, бірден мәселелер туындады. Мен оның мәселелерін шешіп жүрдім, бірақ олар қысқа мерзімге ғана жеңілденетін сияқты болып көрінді. Оның барлық істеген ісі, бұрынғы қарым-қатынастардан еш айырмашылығы жоқ. Мені бұрынғы жетекшісінің істегендерін істейтінім туралы кінәлады. Мен ол үшін уайымдап жүрдім. Өйткені маған оның жұмысынан гөрі амандығы маңыздырақ болды. Мен оған бір де бір жұмыскеріме жасамаған жақсылығымды жасадым. Өйткені оның жан азабынан сауығуына көмектескім келді. Екі айдан кейін ол өзінің жұмыстан кету арызын жазды. Оған бұрынғы жұмысындағы мәселермен кездескендей болып көрінді. Кетіп бара жатып айтқаны: «Джон, мен енді ешқашанда осындай мәсіхшілік қызметтерде жұмыс істемеймін». Мен оны жарылқап, артынан кетіп бара жатқанына қарап тұрдым. Біз оны және оның әйелін жақсы көреміз. Құдай шақырған қызметін жаңа ғана тастап кеткені өте қайғылы болды. Осы қызметті тастаса да, басқа жерде табысты болмайды деп мен айтпаймын. Ол кеткеннен кейін өзімді жайсыз сезініп, Құдайдың жүзін іздеуге бардым: «Біз екеуміз оның осында жұмыс істеу керегін білдік қой. Неге ол осыншама тез кетті»? Бірнеше аптадан кейін Құдай маған бір дана бағушы, менің досым арқылы жауап берді: «Адам өз жүрегінде қиыншылықтардан қашып құтылам деп шешсе, олардың қиыншылықтардан өтуіне Құдайдың еркі болса да, Ол солардан (қиыншылықтардан) мыңдаған рет құтылуға мүмкіндік береді. Кейін ол Ілияс пайғамбардың өмірін мысал ретінде көрсетті. Ол Езабелден қашып кетеді. Ілияс жаңа ғана халықты жалғантәңірлерге табынуды үйреткен Бағалдың және Ашераның жалған пайғамбарларының көздерін құртты. Езабел олардың өлімі жайында естіп, Ілиясты тәулік ішінде өлтіретінін айтты. Ілиястың оған қарсы тұруын Құдайдың Өзі қалады. Оның қорыққаны соншалық, Құдайдан өзіне

өлім сұрады. Ол қорқынышта болған соң Құдайдың берген тапсырмасын орындай алмады. Құдай оған періштесін екі тілім нанмен жіберіп, тамақтандырып, Хорива тауына 40 күн, 40 түн қашуына рұқсат берді. Ол сол жерге жеткен соң, Құдай одан сұрады: «Сен мұнда не істеп жүрсін?» Қызық сұрақ! Құдайдың Өзі оны тамақпен қамтамасыз етіп, сол жерге жіберіп осындай сұрақ қойды. Илиястың қиыншылықтан қашуды ұйғарғанын Құдай білді. Құдайдың еркі болмаса да, Ол оған қашуға ерік берді. Кейін Ол Илиясқа айтты:

*«...Келген жолыңмен кері қайтып, Дамаск жақтағы иен далаға бар! Сол жерге жеткен соң Хазаилді май жағу рәсімінен өткізіп Араманың патшасы етіп тағайында. Сондай-ақ, Нимши ұлы Ехуди-Израилдің патшасы, ал Әбел-Мехоладан шыққан Шатат ұлы Елішені өзіңнің орныңа пайғамбар етіп тағайында».*

*- Патшалықтар 3ж.19:15,16*

Ехумен Елішенің қызметі арқылы Езабелді және оның зорлығын құртты (Патшалықтар 4ж. 9,10). Бұл тапсырманы Илияс емес, өзінің орнына тағайындаған жол қуушы орындады. Сол бағушы маған айтты: «Егер біз жүрегімізде қиыншылықтардан қашуды шешсек, Құдайдың еркі болмаса да, Ол шынымен солардан босатады». Кейін менің есіме Руларды санау кітабының 22-тарауында болған тура осындай жағдайды есіме түсірді. Балағам Израил халқын үлкен ақшаға қарғағысы келді. Ол бірінші рет Құдайдан баруға болатынын сұрағанда, Құдай оған Балақтың елшілерімен бармасын деп еркін білдірді. Моабтың патшалары одан да бетер көп ақша мен құрметпен оралғанда, Балағам тағы да Құдайдан сұрайды. Балағамға ақшажәне құрметті көбірек ұсынса, Құдай Өз ойын өзгертеді деп ойлағаны - ақымақтық. Бірақ Құдай осы жолы баруына рұқсат етті.

Құдай неге Өз ойын өзгертті? Жауабы: Құдай Өз ойын мүлдем өзгерткен жоқ. Балағамның сол жерге барғысы

келгені соншалықты Құдай оған рұқсат берді. Ол Моабтың патшаларымен ақыр аяғында кеткен кезде, Құдайдың ашуы Балағамға төгілді. Бізге Құдай анық Өз еркін көрсетсе де, Одан өз қалағанымызды сұрай беруден шаршамаймыз. Ақыр аяғында Ол бізге рұқсат берсе де, Оның еркіне және жоспарлап қойғанына сәйкес келмейді. Бізге ұнамсыз қарым-қатынастар мен қорлықтардан өтуіміз жиі Құдайдың ісі болады. Шын мәнінде бізді нығайтатын жағдайлардан қашамыз. Қиыншылықтардың басын ашып шешкеннің өзі сізді азат етпейді. Былай жасау сізге тек уақытша жеңілдеп қалу сезімін береді. Ал мәселенің тамыры тиіспеген қалпы болып қала береді. Өз тәжірибеме қарап, айтып кеткен жігітті жұмысқа алғаным маған сабақ болды. Бұрынғы қарым-қатынастарды ашу-ыза және ренішпен үзген кезде, жаңа және сау қарым-қатынастарды бастау мүмкін емес. Шипа келу керек. Әлгі жігіт өзінің жетекшісін кешірдім деп айтқанмен, шынында кешірген жоқ. Сүйіспеншілік реніштер мен қорлықтарды ұмытып, болашақтан үмітін үзбейді. Кейін бір дана досым маған мыналарды айтты: «Бір ескі мақал бар: «Сүтке күйіп қалғандар суға үрлейді». Бүгінгі күнге қаншама адам оларды сергітетін суық судан қорқады. Олар бұрын ыстық сүтке күйіп қалып, енді ешкімді де кешіргісі келмейді. Иса біздің жан азабымыға шипасын бергісі келеді. Бірақ қиынға соғатынына қарап, біз Оған рұқсатымызды бермейміз. Аянбаушылық пен мойынсұнушылық шипа мен рухани өсуіңізге жол сілтейді. Біз басқалардың қамын өзімізден гөрі ойлау керекпіз. Ол адамдар бізге көп қиыншылықтар алып келсе де, оған қарамауымыз қажет. Осы жолмен тәкаппар адамдар жүре алмайды. Бұл жолды қуылған болса да, тек тыныштықты ойлайтындар ғана өтеді. Бұл сынақ мойынсұнуымызға үйретеді. Бұндай жол өмірге әкелетін болады.

**Құдайдың құзырында  
үйренгендерімізді  
Адамдардың құзырында  
үйрене алмаймыз.**

## СЕНІМДІ НЕГІЗ

---

Сондықтан Жаратушы Тәңір Иенің айтқаны мынау:

*«Міне, Мен аса құнды «Тасты» таңдап алдым, Оны Сиондағы үйімнің бұрышымның іргетасы ретінде орнатып қоямын. Енді Оған сенімін артқан ешкім ұятқа қалмайды лайым».*

**- Ишая 28:16**

«**О**ған сенімін артқан адам ұятқа қалмайды». Көңілі қалған адамның өмірінің негізі болмаса, тұрақсыз болады. Мұндай адам қиындыққа, қуғыншылыққа, сынақтарға төзе алмайды. Шимон Петрмен не болғанын көрейікші. Бірде Иса Філіп-Кесариясы қаласының маңына барып, жеткеннен кейін, шәкірттеріне: «Жұрт көктен келген Билеушіні кім деп жүр?- деген сұрақ қойды» (Матай 16:13). Бірнеше шәкірт Иса жайында өз пікірін айтты. Иса олардың жауабын тыңдап, өздерінен сұрады: «...Ал сендер Мені кім дейсіңдер?» 15-ші аят. Осы сұраққа жауап іздеп, үрейлегендеріне мен сенімдімін. Олар ауыздарын ашып, еш нәрсе айта алмады. Жаңа ғана өз пікірлерін айтып жатқандар үндемей қалды. Мүмкін олар осы жайлы ешқашанда ойламаған шығар. Қалай болса да, оларда жауап жоқ болды. Иса не істесе де, жақсылап тұрып істейді. Оның сұрағы оларды аландатып жіберді. Иса оларды нені білетіндерін және білмейтіндеріне назар аудартқызды. Оның шәкірттері өздерінің емес, басқа адамдардың пікірімен өмір сүріп келіпті. Олар Исаны шынымен

кім деп ойланып көрмеген. Шимон Петр ғана осы сұраққа жауап берді: «-Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз!» 16-шы аят. Иса оған: «Сен бақыттысын, Жүніс ұлы Шимон: саған мұны адам баласы емес, Көктегі Әкем білдірді!» 17-ші аят. Иса Петрге оны кім ашып бергенін көрсетті. Петрге осыны адамдар емес, өзі емес, Құдайдың Өзі ашып берді. Шимон Петрде «Құдайдікіне» шөлдеу болды. Шимон Петр ғана Исаға көп сұрақтарды қоятын. Петр ғана он бір шәкірт қарап тұрған кезде, судың бетімен өтіп шықты. Ол басқалардың пікіріне қарап, өмір сүргісі келмеді! Ол тек Құдайдың аузынан шыққандарын естігісі келді. Киелі Рух ашып берген Иса жайындағы білім сезім мүшелері арқылы келмейді. Бірақ рухани шөлдеген адамға ашылады. Шимонның көргендерін басқалары да көрді, бірақ олардың жүректерінде Құдайды танып білуге шөлдеу болған жоқ. Жоханның 1-ші хатының 2:27 аятында былай айтылады:

*«Ал сендерге келсек, Құдайдан алған Киелі Рух өздеріңде қалады. Сол себептен сендерге жаңа ілім үйрететін біреудің қажеті жоқ, өйткені қажеттілердің бәрін де Киелі Рух үйретеді. Оның сендерге үйреткендері еш өтіріксіз, шынайы, сондықтан Киелі Рухтың үйреткені бойынша әрекет ете беріңдер».*

Шимон Петрді осы майлану үйретіп жатты. Шимон Петр басқалардың пікірін тыңдамай, Құдай оның рухында не ашып бергеніне қарады. Сіз Құдайдың Өзінен аян немесе білім алғаныңызда, сізді ешкім де шайқалтпайды. Құдай сізге ашып берсе, барлық әлем не десе де, маңызы жоқ. Сіздің ойыңызды ештеңе өзгерте алмайды. Кейін Иса Өз шәкірттеріне айтты:

*«...Осы іргетастың үстіне Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Оны өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады».*

- Матай 16:18

Біздің сеніміздің іргетасы Құдайдың Сөзінде тұрғанын анық көріп тұрмыз (осында Петрдің Исаның Құдайдың рухани Ұлы туралы түсінігі).

## **СӨЗ АҒАРТУШЫ РЕТІНДЕ**

Мен бір жерде уағыздап тұрғанымда, тыңдаушыларымды іштерінен Құдайдың даусын тыңдауға шақырамын. Әдетте біз уағыздарды тыңдағанымызда, айтылғандарды ғана жазып аламыз. Осының салдарынан біз Киелі кітапты және оның түсінігін тек миымызбен ғана түсінеміз. Егер де біз тек миымызбен ғана түсінсек, онда біз:

- Асырғандық пен сезімдерге берілеміз
- Миыңыз немесе интеллектіңіз билеп-төстеп алады.

Бірақ осы екі нұсқада да Иса қауымын салатын іргетас бола алмайды.

Оның айтуынша, жатқа білетін аяттар емес, Киелі Рухтың ашып берген аяндары қауымның іргетасы болып саналады. Уағыз тыңдағанымызда немесе кітап оқып жатқанымызда, бізге от беретін сөз немесе сөйлемдерді іздеуіміз қажет. Ол сөзді Құдай ашып береді. Ол сөз рухани түсінік алып келеді. Забур кітабындағы жыршы былай деп айтады: «Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады». Құдайдың Сөзі ашықтық арқылы миымызға емес, жүрегімізге кірген кезде айқындықты беріп, нұрын шашады. Біреудің уағызын тыңдап тұрған кезімде, ол белгілі бір тақырыпқа уағыздап тұрады. Ал Құдай менің жүрегіме мүлдем басқа нәрсе жайында ашып жатады. Алайда Құдай сол уағыздаушылардың айтқан сөзі арқылы сөйлейді. Құдай кез келген тәсілдерді қолданып, маған ашықтықтарды береді. Құдай бізді өзгертіп «жай адамдардан» (түсінігі жоқ) рухани ересекке (түсінігі мол) айналдырғысы келеді. Бұл нұрланған сөз Иса қауымын салатын іргетас болады. Иса ашықтықты тасқа ұқсатады. Тас тұрақтылық пен беріктікті бейнелейді. Исаның

айтқан екі үй туралы астарлы әңгімесі бар. Біріншісі, таспен қаланған үй, екіншісі, құммен салынған үй. Қуғыншылық, қайғы және қиыншылықтар осы үйлерге түскен кезде, тастан салынған үй орынынан қозғалмай, құмнан жасалынғаны құлап қалады. Кейде бізге керек жауаптарды Киелі кітаптан көрмейміз. Мысалы: Кімге үйленуім керек? Қайда жұмыс істеуім керек? Қай қауымда тұрақталуым керек? Осындай сұрақтар көп. Осы сұрақтарды ойлап, шешім қабылдау керек болса, Киелі Рухтың ашықтықтарын алуымыз керек. Осындай ашықтықтарсыз шешім қабылдауыңыз - үйіңізді құмға қалағаныңыз. Құдайдың ашып бергенін ешкім де алып кете алмайды. Істегендеріміздің барлығының іргетасы болу керек. Қатты сынақтар келгенде, біз тез азғырылып кетеміз. Есіңізге сала кетейін, Исаның себілген сөз жайында айтқаны - қуанышпен қабылдаған сөз тамырын жаймайды. Ол - тек мимен және сезіммен қабылданған сөз.

*«Сол секілді, тастақ жерге себілгендері мынаны көрсетеді: кейбіреулер Ізгі хабарды естіген бойда оны қуанышпен қабылдайды, бірақ тамыр жаймағандықтан берік болмайды. Кейін Ізгі хабарға бола бастарына азап не қуғын түскенде, олар дереу сенімдерінен безіп кетеді».*

*- Марқа 4:16-17*

Біз «тамыр» немесе іргетас, негіз» деген сөздерді бір-бірімен ауыстыра береміз. Екеуі де ғимарат немесе өсімдіктің тұрақтылығы мен беріктілігі жайында айтсақ, бір мағынаны білдіреді. Тұрақсыз адам Құдайдың ашықтықтарына негізін қаламаған, олар азғырылу мен реніштің дауылымен шайқалып кетеді. Көпшілік адамдар Исаның шәкірттері сияқты сұрақтарына жауап ала алмай жүр. Мұндай адамдар өз пікірлерімен емес, басқалардың бөліскен куәліктерімен, уағыздарымен өмір сүріп жүреді. Біреудің пікірі оларға ақиқаттай болады. Олар басқалардың пікірі ақиқат па деп Киелі Рухтан сұрап сынамайды. Құдай бізге ашып бергендерін аузымызбен жариялауымыз керек. Иса осындайда Өз қауымын



салады. Баяғыда менімен тұрмысқа шықпаған жас қыз жұмыс істеді. Ол бізбен бірге жұмыс істейтін жігітпен кездесіп жүрді. Олардың қарым-қатынастары күннен-күнге нығая берді. Барлықтары олардың үйленетініне күмәнданған жоқ. Олар осы жайында сөйлесіп жүрді. Бір күні олардың бас бағушылары жексенбінің кешінде оларды шақырып айтты: «Құдай былай дейді: сендер екеуің үйленесіңдер». Келесі күннің таңында әлгі қыз кеңсеге нұрланған жүзбен келді. Ол менен некелерін қиюымды сұрады. Мен келісіп, оның мен үшін құрмет екенін айттым. Оларды сөйлесуге шақырдым. Бірақ жүрегімде бір ауыр жүк тұрғандай болды. Олар менің кеңсеме кірген кезде, рухым қобалжып тұрды. Мен әлгі қызға қарап, сол жігіттің Құдайдан берген күйеу жігіт пе деп сұрадым. Оның жауабы дереу «иә» болды. Содан соң жігітіне қарап тура сол сұрақты қойдым. Оның аузы ашылып, басын шайқап «жоқ, сенімді емеспін» деп жауап берді. Оларға қарап айттым: «Мен сендердің некелерінді қия алмаймын. Сендерге кім пайғамбаршылық сөзін айтса да, қаншама адам екеуінді жарасымды деп айтса да. Егер Құдай сендерге рухта ашықтық бермесе, үйленуге құқықтарын жоқ». Сосын жалғастырып: «Егер сен Құдайдың еркін білмей үйленсең, дауылдар келген кезде, сенде күмән мен сұрақтар туа бастайды: «Басқа қызға үйленгенімде не болатын еді? Осы қиыншылықтар болмайтын ба еді? Осы үйленуіме Құдайдың еркі болды ма? Осыны біліп алуым керек еді. Өзімді торға түскендей сезініп тұрмын». Сонда сен осы некеге сенімді болмай, некеңе құлап түскен қиыншылықтарға төтеп бере алмайсың. Барлық жерде сенімді болмаған екі ойлы адамдай боласың». Мен оларды қайтарып жібердім ол жігіттің мойнынан жүк түскендей болды. Ал қалыңдық болса қатты жабырқаулы қайтты. Келесі жетінің аяғына дейін кеңсемде қиындықтар болды. Мен шындықты айтқанымды білдім. Ол сол қызға сынақ уақыты еді. Егер Құдай шынымен сол қызға еркін ашып берсе, ол Құдайға сенімін артып, сол жігітке ашылатынына да сену керек, маған немесе Құдайға ренжімеуі керек еді. Мен сол

жігіттен уақытша ажырасып, оған Құдайдан өзі сұрап білсін деп кеңес бердім. Ол солай жасады. Үш аптадан кейін олар менімен тағы да кездескілері келді. Мен сол кезде рухта қуанышты сездім. Олардың түрлерінің нұрға толғанын байқадым. Күйеу жігіт маған бірден: «Осы қызды Құдай маған болашақ жарым деп бергеніне мен сенімдімін!» Екеуі жеті айдан кейін үйленді. Егер сізге осы қауым немесе қарым-қатынас Құдайдан деп білсеңіз, сізді шайтанның сол жерден алып кетуі қиынға соғады. Сіз Құдайдың ашықтықтарына негізделіп, барлық қиыншылықтардан өтіп, мүмкін емес нәрселерді іске асырасыз.

## **БАСҚА НҰСҚАНЫҢ БОЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС**

Біз үйленгенімізде әйеліміз екеуіміз бес жылға дейін ұрысып келдік. Бір-бірімізді қорлап, жанымызды ауыртатын сөздерді айтатынбыз. Бұрында болған махаббат сезімдерді және нәзік қарым-қатынасты құтқара алмайтындай көрінді. Біздің некемізді тек бір нәрсе ғана ұстап тұрды: екеуімізді Құдай қосқанын білдік. Сондықтан да біз қиыншылықтардан шығудың жолы ажырасу деп ойлап та көрген жоқпыз. Біздің жалғыз шешуіміз: Құдай бізді өзгертіп жанымызға шипасын беретініне сендік. Бізге қиынболса да, өзімізді осыған арнадық. Менің еңсем түсіп берілгім келген кезде, Құдайдың маған некем жайында берген уәделерін есіме түсірдім. Құдай маған бергендерді өз қолыммен жоғалтқым келмеді. Құдай маған берген уәделердің бірі - ол әйеліммен бірге қызмет ететінім. Құдай осы уәдені берген кезде, менің ойым осындай еді: «Осыны маған елестету оңай, өйткені Оның қолы екеуімізді қызметке жарылқап тұр». Әйеліміз екеуіміздің жанжалдарымызда осы уәдеге сенуге қиын болды, бірақ мен осы уәдеден бас тартпаймын деп шештім. Некемізге тәкаппарлық пен жанжал кіргендіктен үмітіміз жоқ болды. Осыған қарамастан менің жүрегімде табиғаттан

тыс тұқым болды. Осы уәде қиын жағдайларымда іргетасым болды. Ақыры аяғында Құдай жанымызды сауықтырып қана қоймай, қарым-қатынасымызды бұрынғыдан гөрі нығая түсірді. Жанжалдар арқылы біз кешірімділікке үйреніп, осыдан сабақ алып рухани өстік. Енді біз бірге қызмет етеміз. Мен әйелімді тек сүйген жарым және ең жақын досым ретінде ғана емес, Құдайдың сенімді қызметшісі деп ойлаймын. Некеміздегі қиын бес жылға қарап менің ұққаным, Құдай екеуміздің де кемшіліктерімізді көрді және арамыздағы қарым-қатынас осыны көрсетіп тұрды. Құдайдың Лиза екеумізді қосқаны даналық болды, мен сол даналыққа зор құрметпен қарадым. Мен Лизаны кездеспей тұрып, Құдайдан болашақ әйелім жайында қатты мінажат еттім. Бұл таңдау Құдайдан кейін, маңызы зор таңдау болды. Мен әйелімді таңдауда Құдайдың еркін іздесем, некемде ешқашанда қиыншылық болмайды деп ойладым. Қалайша қателестім! Құдай жүрегім аңсайтын әйелді таңдап берді. Бірақ ол менің өзімшілдігімді және жетілмегенімді сыртқа шығара бастады. Ажырасу арқылы қиыншылықтардан қашып, әйелімді кінәлаған кезде, жетілмегенімді реніштің артына тығуды білдіреді. Құдайдың уәдесі мені сол кезде ажырасудан құтқарды. Қазір мен шамалы уақытқа осы тараудың тақырыбынан шығайын. Кейбіреулер осы сөйлемдерді оқып ойлайтын шығар: «Үйленгенімде, мен рухани құтқарылмағанмын (Құдайға тәубеге келген жоқпын). Құдай сізге айтып жатыр: «Үйленгендерге мен ғана емес, Иеміздің Өзі: «Әйелі күйеуінен ажыраспасын!»- деп бұйырды. Ал егер ажырасып кетсе, онда салт басты болып қала берсін, не күйеуімен қайта татулассын! Күйеулер де әйелдерінен ажыраспасын!... Бауырластарым, әрқайсың шақырылған кезде кім болсаң, сол күйінде Құдаймен жүре бер» (Қорынттықт. 1-х. 7:10-11,24). Осы сөз сізді Құдай берген неке келісіміне сенімді болуға көмектессін. Сіз шайқалмай, реніш деген тозаққа түсіп қалмаңыз. Содан соң Құдайдың жүзін іздеп, некеңізге Оның ашықтықтарын іздеңіз. Кейбіреулер сенуші бола тұра Құдайдың

еркісіз үйленеді. Некеніздің жарылқаудың астында болуы үшін, сіз біріншіден үйленер алдында Оның еркін іздемегеніңіз үшін тәубеге келіңіз. Ол сізді кешіреді. Енді екінші қателік жасамау үшін ажырасу сізді әділеттілікке әкелмейтінін жақсылап біліп алыңыз. Ренішті пайдаланып, ажырасқаныңыз мәселелеріңізді шешпейді. Сондықтан да некеңізге Құдайдың Сөзімен қараңыз.

## **ЖАРТАС**

Киелі Рухтың ашықтықтары арқылы берілген Құдайдың Сөзі - біздің жартасымыз. Осы жартаста өміріміз бен қызметіміздің негізін қалауымыз керек. Көптеген адамдар өздерінің бір тұрақты қауымда мүше болмағандарын айтып жатады. Құдайдың балалары Оның айтқандарымен емес, қиыншылықтардың айқанымен жүретіндерге қатты күйінемін. Олар бұрынғы қауымдарда қалай қиын және әділетсіз болды деп тым асыра сілтеп жібереді. Көбінесе олардың айтқандары жалған болып келеді. Осы пікірлері азғырушылық болып келеді, осылардың салдарынан олар өз кемшіліктерін көрмейді. Олар сол қауымда немесе қызметтері жайында сөйлескен кезде «уақытша» немесе «тура осы уақытқа Құдай мені осы жерге әкелді» деген сөздерді қолданады. Тіпті «Құдай мені осы Қауымға кепілдікке берді» дегендерді де естіп жатамын. Осыны не үшін айтады дейсіз бе? Олар қиыншылық келген кезде сол қауымнан сытылып кетуге мүмкіншілігін пайдаланады. Олардың мықты негізі жоқ болып тұр: дауылдарға оларды ұшырып алып кетуге қиынға соқпайды.

## **БІЗГЕ ҚАЙДА БАРУ КЕРЕК?**

Исаға қайтып оралсақ, Оның сұрағына Петр жауабынан оның Құдайдың еркінде бекем бола бастағанын көреміз. Көктегі Әкеміз Петрге осы ашықтықты ашып берген кезде, Иса былай дейді:

*«...Осы іргетастың үстіне Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Оны өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады».*

*- Матай 16:18*

Иса Шимонға Петр деген жаңа есім береді. Ол өте маңызды, өйткені Шимон «есту» деген мағынаны білдіреді. Ал Петр грек тілінен петрус «тас» дегенді білдіреді. Ол Құдайдың Сөзін естіді, сондықтан да сенімі нығайды. Кейін Петр өз хатында былай дейді:

*«Сендер де рухани үйге (яғни қауымға) қаланған тірі тастар сияқтысыңдар. Сендер Иса Мәсіхке бола Құдайға ұнамды рухани сый-тартулар ұсынып, Оған бағышталған қасиетті қызмет атқарудасыңдар».*

*- Петрдің 1-хаты 2:5*

Тас-үлкенжартастыңтектбөлшегі.Құдайдыңашықтықтарында біз жеміс беретін күшімізді, қамалымызды, өмірімізді табамыз. Пауыл елші айтқандай: «Себебі Құдай өз қауымының бірден бір «негізі» Иса Мәсіхті белгілеп қойған, сондықтан ешқандай басқа негізді салуға болмайды» (Қорынттықтарға 1-хат 3:11). Егер біз Құдайды Оның Сөзінде іздесек, Ол ашылып, бізді нығайтады. Исаның соңғы күндерінде шәкірттердің жағдайлары қиындап кетті. Дін қызметкерлері Исаны өлтірмекші болды. Адамдар уақыты келді деп, Исаны күштеп патша қылғысы келді. Бірақ Иса одан бас тартып кетіп қалды (Жохан жазған ізгі хабарында 6:15). «Ол неге олай істеді екен?»- деп шәкірттері түсінбей жүрді. – Бұл бізге де, Оған да үлкен мүмкіншілік болды ғой! Олар үрейлене бастады. Жағдайлары қауіпті бола бастады. «Біз үйлеріміз бен жұмыстарымызды тастап, бәрін де құрбан етіп, Оның артынан ердік. Оның шынайы Мәсіх екеніне сенеміз. Жохан пайғамбар осыны жариялады. Ал Шимон Петр Філіп-Кесарияда Ол туралы куәлік етті. Біздің екі куәгеріміз бар. Неменеде Ол осы жердегі көсемдердің жүйкелеріне тиіп жүр? Неге

Өзіне ор қазып жүр? Неге Өз шәкірттеріне қатты сөздерді айтды: «Ей, бұзылған және сенімсіздер! Сендермен қай уақытқа дейін боламын?»

*Олардың араларынан барлығын қалдырдық деп реніш көтеріле бастады. Содан соң жағдай одан да нашар бола бастады. Иса оларға көрінгендей жалған тәлімді бере бастаған сияқты болды: «...-Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: егер көктен келген Билеушінің денесінен «жеп», қанынан «ішпесеңдер», сендерде шынайы өмір болмайды».*

- Жохан 6:53

*«Бұл не қылған уағыз?»- деп олар ойлады. - Бұл тіпті сұмдық қой!» Бұл әлі басы ғана болды. Осының бәрін Қапарнауымдағы синагоганың дін қызметкерлерінің көзінше айтты! Бұл олардың миларына қонбас нәрсе болды. «Осыны естіген шәкірттерінің көбі: -Мына жанға батар сөз екен, оны кім тыңдай алды?» (Жохан 6:60) Исаның бұған жауабы: «Бұл туралы наразылықты байқап қалған Иса оларға былай деді: - Бұл сендердің шымбайларыңа батып тұрма?» (Жохан 6:61). Олар Исаның шәкірттірі болды! Ол олардың сенімдерінің негізі мықты болмағанын біліп, олардың жүректерінде ненің тұрғанын және ақиқаттың тереңдігін көрсетті. Бірақ олардың бәрі ақиқатты шөлдеп аңсайтын Шимон Петр сияқты болған жоқ. Олардың осы жауабына назар аударыңыз: «Сол күннен бастап, шәкірттерінің көбі Исадан бас тартып, бұдан былай ермейтін болды».*

Осыған көңіліңізді аударыңызшы, олардың «көбі» болды. Олардың арасында Філіп-Кесариясындағы Исаны кім деп ойлайтындарын айтқандары болды: Олар: -Біреулері Сізді шомылдыру рәсімін жасаған Жақия, ал басқалары Еремия

немесе ежелгі пайғамбарлардың өзге біреуі деп жүр,- деді. (Матай 16:17). Олардың негіздері Құдайдың ашықтықтарына салынған жоқ. Олар ренжігеннен қазіргі адамдар сияқты Құдайдан кетіп қалады. Олардың ойынша оларды алдады. Олар өздерінің қалауларымен жүріп үйренгендері соншалық, шындықты көруге қабілеттерін жоғалтқан. Иса шәкірттерін әшкерелеген кезде Шимон Петрге қарайық:

*«Сонда Иса он екі елшісінен: - Сендердің кеткілерің келе ме?-деп сұрады. Бұған Шимон Петр: -Жоқ, Ием, Сізден кетсек, кімге бармақпыз? Мәңгілікке жеткізетін Сөздер сізде. Біз Сіздің Құдайдың Киелісі екеніңізге сеніп, соған көзіміз жетті».*

Иса олардан өтініп сұраған жоқ: «Өтінемін, Менен кетпеңіздерші. Мен жаңа ғана шәкірттерімнің көбін жоғалтып алдым. Сендерсіз не істеймін?» Керісінше, Оның олардан сұрағаны: «Сендердің кеткілерің келе ме?» Шимон Петрдің жауабына қараңызшы. Ол да қалғандары сияқты ренжіп қалуға болатын еді. Бірақ ол оның орнына былай деп айтты: «Сізден кетсек, кімге бармақпыз?» Петрдің естігені оның көңілін түсірген шығар, бірақ Петрде болған білім немесе ашықтық басқаларда болған жоқ. Петр Філіп-Кесариясында Исаның Құдайдың рухани Ұлы екеніне Құдайдан ашықтық алды. Енді ол осындай сынақтан өтіп жатып, жүрегінде бекітілген шындықты айтты: «Біз Сіздің Құдайдың Киелісі екеніңізге сеніп, соған көзіміз жетті». Петр осы сөздерді Філіп-Кесариясында айтты. Петр Исаға ренжіп және Оған күмәнданып кетіп қалған жоқ.

## **ҚЫСЫМШЫЛЫҚТЫҢ АСТЫНДА БЕРЕТІН ЖАУАБЫҢЫЗ**

Қатты сынақтар болған кезде адамның шынайы кейпі көрінеді. Басқаша айтсақ, сіздің рухани деңгейіңізді осыдан көруге болады. Сынақтар сіздің жүрегіңіздегі барлық

нәрселерді көрсете алады. Сынақтар болған кезде сіздің соларға назарыңыз қандай болса, ішкі дүниеніңіздің сондай болғаны. Сіздің бес қабатты, әдемі әшекейленген үйіңіз бар деп ойлайық, бірақ ол топырақтың үстінде салынған. Күн шығып, ауа райы жақсы болғанда ол мықты бекініс болып көрінеді. Осы үйдің қасында бір қабатты қарапайым үй бар. Ол үй бес қабатты үйге қарағанда тартымсыз. Бірақ оның негізі тастан қаланған. Осы бес қабатты үй дауыл болмағанша әдемі болып көрінеді... бірақ осы жерде дауыл болса, ол қирап шашылып қалады. Ол кішкене дауылдарға қарсы тұра алады, бірақ қатты дауылдарда қирайды. Ал қарапайым бір қабатты үй қандай дауыл соқса да құламайды. Ғимарат үлкен болған сайын, оның құлауы көзге көрінеді. Кейбір сенушілер Исаның шәкірттері сияқты Філіп-Кесариясында тез жауап қайтарады. Бірақ кейін олар әшкерленеді. Олар бес қабатты мәсіхшілер сияқты мықты, әдемі, тұрақты болып көрінеді. Олар кішкене дауылдарға қарсы тұра алады. Бірақ қатты дауылдарға шыдай алмай, шынайы кейпілері шыға бастайды. Өміріңіздің негізін қайда қалайтыңызды қараңыз. Басқалардың айтқандарымен жүрмей, Құдайдың Сөзінде айтылғандармен жүріңіз. Құдайдың жүзін іздей беріңіз, жүрегіңізді тыңдаңыз. Басқалар осылай істеді немесе айтты деп еліктемеңіз. Жүрегіңіздегі ашықтықтарды жоғалтпай, Құдайды іздеңіз.



**Шайтан сіздің көзіңізді құрту  
үшін шайқалтады.  
Ал Құдайдың басқа мақсаты бар.**

## ШАЙҚАЛАТЫННЫҢ БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ШАЙҚАЛАДЫ

---

*«...Ал қазіргі заман туралы Құдай пайғамбары арқылы мынадай уәде берді: « Мен тағзы жер түгіл, аспанды да шайқалтамын! «Тағзы да»деген сөздер мынаны білдіреді: Құдай Өзі жаратқанның барлығын шайқалтып, орнынан алып тастамақ, сонда тек шайқалтуға болмайтындар ғана қалады».*

**- Еврейлерге 12:26-27**

Өткен тарауда біз Құдайдың Сөзінде негізделген ашықтықтарда Иса Өзінің қауымын салатынын қарастырдық. Шимон Петр азғырылып ренжіп кеткен шәкіттерге ұқсамай, Исаның қасында қалғанын біз көрдік. Иса Петрге кетуге мүмкіншілік берген кезде, ол жүрегінде нығайғандарын айтты. Исаны тұтқынға алған кездегі Шимон Петрдің екінші сынақтан қалай өтетінін қарайық. Иса Өзінің он екі шәкірттерімен нан үзу рәсімін өткізіп жатқан кезде, Құдайға алғысын білдіріп, таңғаларлық нәрселерді айтты:

*«...-Мені өз қолыммен ұстап беретін опасыз адам Менімен бірге дастарқан басында отыр! Көктен келген Мен алдын ала белгіленген жолмен жүремін. Алайда Мені ұстап беретін кісі қасіретке қалады!- деді Иса».*

**- Лұқа 22:21-22**

Мәссаған! Осыны қазіргі адамдар естігенде, Исаны «жарылғыш зат тастады» деп айтушы едік. Иса басынан-ақ

Оны сатып кететінін білген, ал шәкірттері болса бірінші рет естіп жатты. Басынан бастап жүрген жақын шәкірттерінің бірі Исаға опасыздық жасайды деп естіген кезде, олардың қандай күйде болғандарын елестетіп көрейікші. Олар абыржып:

*«...-Мұны істейтін қайсымыз?- деп бір-бірінен сұрай бастады».*

*- Лұқа 22:23*

Араларынан біреудің опасыздық жасайтынына олар қатты таңданды. Бірақ оның кім екенін білгісі келгендердің ниеттері таза болған жоқ. Олардың әңгімелері немен біткендерін біз білеміз. Олар опасыз адамды тәкаппарлықтары мен өзін сүйшіліктен білгісі келді. Ақыры оны білді. Келесі Сөзге қарайықшы:

*«Сол кезде шәкірттерінің арасында қайсымыздың жолымыз үлкен болуға лайық деген айтыс туған еді».*

*- Лұқа 22:24*

Көз алдарыңызға елестетіп көріңізші: Иса оларға жаңа ғана Оған опасыздық жасап, дін қызметкерлерінің қолына өлтіру үшін беріп, римдіктердің Оны қорлап, ұрып-соғатынын айтты. Осы опасыздықты істейтін адам Онымен бірге бір дастарқан басында отыр. Шәкірттерінің опасызды білгісі келгендерінен бастап, кімнің жолы үлкен екенімен аяқтады. Бұл жиіркенішті болды. Олар мирас бөле алмай жатқан балалар тәрізді болды. Олардың Исада шаруалары болмады. Олар билік пен беделді орынға тырысты. Бұл елестете алмайтын өзімшілдік қой! Егер мен Исаның орнында болсам, олардан мүмкін сұраушы едім: «Менің жаңа айтқандарымды естідіңдер ме және осыған бола уайымдайсыңдар ма?» Осы жерде біз Ұтаздың шәкірттеріне деген сүйіспеншілік пен шыдамдылыққа толы қарым-қатынасын көреміз. Біздің көбіміз Исаның орнында болғанда: «Барлықтарың табандарыңды жалтыратыңдар! Бұл мен үшін өте маңызды күн! Ал сендер болсаңдар өздерінді ғана ойлайсыңдар!» Ренжіп қалуға қандай жақсы мүмкіндік! Осы

айтысты кімнің бастағанын тауып көру қиынға соқпайды. Ол - Шимон Петр, шәкірттердің арасында ең басымды және сөйлеген кезде бірінші болып сөйлейтін сол еді. Мүмкін ол судың бетінде жүрген жалғыз шәкірт екенін жиі айтып мақтанған шығар. Немесе ол Иса Құдайдың рухани Ұлы деген ашықтықты бірінші болып алғанын айтып ескерткен шығар. Мүмкін ол өзінің Өзгеріс тауынан алған әсерін және Иса Мәсіх, Мұса және Ілиясты көргенін айтқан шығар. Ол өзін он екі шәкірттің ішіндегі ең үлкенімін деп санағаны да дұрыс шығар. Бірақ мұндай сенімділік сүйіспеншілікте негізделмеген. Оның негізі тәкаппарлық болды. Иса оларға қарап, Құдайдың балалары сияқты емес, осы әлемнің күнәкар адамдары сияқты болғанын айтты: «...-Патшалар қол астындағы елдерді билеп-төстейді, әрі халықтардың үстінен қатаң әмір жүргізушілер тіпті «жаксылық жасаушылар» деп те аталады. Бірақ сендерде ондай болмасын! Керісінше, ең ұлыларың кішілеріндей, басшылық ететіндерің қызмет көрсетушілердей болсын! Қалай ойлайсыңдар, қайсысының жолы үлкен: дастарқан басында отырғанның ба, әлде оған қызмет етушінің бе? Әрине, дастарқан басында отырғанның. Ал Мен араларында қызмет етуші іспеттімін».

## **СЫНАҚТАН ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ**

Шимон Петр Исаның кім екені жайында ашықтық алса да, оның Мәсіхтің бойсұнушылығы болған жоқ. Ол өзінің өмірі мен қызметінің негізін салған кезде, өзінің тәкаппарлық пен өткен жеңістерін құрылыс материалы ретінде қолданды. Пауыл елші бізді салып жатқан негізімізді неден салып жатқанымызды қадағалағанымыз жөн дейді. Шимон Петр негізін салған кезде күшті, қайратты және өзіне-өзі сенушілікті қолданды. Оның мінезі Құдайдың Патшалығына өзгеру керек еді. Ал әзірше ол тәкаппарлыққа жүгініп жүрді. Тәкаппарлық оған өзіне Мәсіхтің тағайындағандарын орындауға кедергі болатын еді. Егер тәкаппарлықты өмірінен жоймаса, ол оның өмірінің тас

талқанын шығарады. Тәккаппарлық Люцифердің бойында болған кемістік (Құдайдың майланған періштесі). Осы кемістік оны күнәға батырды. Енді Иса Шимон Петрге не деп айтқанына қарайықшы:

*«Иеміз Иса Шимон Петрге: - Шимон, Шимон, сақ бол! Жұрттың бидайды қауызынан ажырататыны сияқты, әзәзіл шайтанға да сендерді сынақтан өткізуге жол беріледі».*

- *Лұқа 22:31*

Тәккаппарлық болған соң, шайтанға сынақтан өткізу үшін есік ашық болды. «Бидайды қауызынан ажырату» грекше *синиазо*, «егу, селкілдету» дегенді білдіреді, ауыспалы мағынада біреудің сенімін сынау үшін жан дүниесін азғындауға дейін шайқау. Егер Иса қазіргі сенушілер сияқты ойлағанда, былай айтушы еді: «Осы шайтанның шабуылын құрту үшін мінажат етейікші, достарым! Біз осындайды досымыз Шимонға жасауды рұқсат бермейміз». Бірақ Оның жауабына қараңыз:

*«Бірақ мен сенімің таусылмасын деп сен үшін мінажат еттім. Сен Құдай жолына қайтқаннан кейін бауырластарыңның сенімін нығайтатын бол, - деп ескертті».*

- *Лұқа 22:32*

Иса Петрді осы сынақтар мен шайқаудан құтылсын деп мінажат еткен жоқ. Ол осы сынақтардың салдарынан сенімін жоғалтпасын деп мінажат етті. Осы сынақ кезінде Петрде жаңа мінез пайда болды. Бауырластарының сенімдерін нығайтып, Құдайдан тағайындағандарды орындауға көмектесетін мінез болды. Шайтан Петрдің сенімі жоғалсын деп қатты шайқауға Исадан рұқсат сұрады. Шайтанның мақсаты - Құдайдың еркін орындауға күш-қуаты бар адамның көзін құрту еді. Бірақ Құдай осы сынақтардың арқасында не болатынын біліп, шайтанды әдеттегідей озып алды. Құдай осы сынақтар арқылы Петрге керек жоқ, яғни мінезіндегі жағымсыз қылықтарды шығару үшін

шайтанға шайқалтуға рұқсат берді. Құдай менің әйелім Лизаға сенушінің шайқалысқа түсудің бес мақсатын ашып берді:

1. Адамның берік негізін салуы
2. Өлі нәрселерді алып тастау
3. Дайын болған егінді жинап алу
4. Ояту
5. Бөлініп кеткендерді біріктіріп қосу

Кез келген тәкаппарлық және өзімшілдік пікір міндетті түрде тазалаудан өтеді. Осы сынақтардың салдарынан Петрдің өзіне-өзі сенімділігі кетіп, тек Құдайдың мықты негізі ғана қалады. Ол енді өзін қанағаттандыру үшін емес, Құдайға сенетін болады. Петр Исаға уәде еткен: «Ием, Сенімен түрмеге де, өлімге де барамын». Осы сөздер Киелі Рухтан емес, өзіне-өзі сенуден шыққан сөздер болатын. Ол өзінің кемшіліктерін көрген жоқ.

## **ШИМОНДЫ ЯҒУДАМЕН САЛЫСТЫРУ**

Кейбір адамдар Шимонды мылжың және қорқақ деп ойлайды. Бірақ Гетсимани бағында Исаны тұтқындауға келген кезде, Петр семсерін алып, діни қызметкердің қызметшісінің оң құлағын шауып тастады (Жохан 18:10 қараңыз). Діни қызметкерлердің қызметшілеріне әрбір адам шабуыл жасай алмайды. Ол үшін үлкен батылдыққа ие болу керек. Петр өте қайратты адам болатын. Бірақ ода Құдайдың бойсұнушылығы емес, қайрат өзінікі болатын. Ол кезде сынақтар әлі басталмаған еді. Барлығы Иса болжағандай болды. Иса үшін өмірін беруге даяр және жауынгерлердің алдында семсер ұстап тұрған Петр, бойы кішкентай ғана қызметші бір әйелге тап болды. Ол одан қорқып, тіпті Исаны танитынынан бас тартты. Кейбір адамдардың ойынша, тек аса қиын сынақтарға шыдамай құлауға болады. Бірақ ол шындыққа ұласпайды. Көбінесе аса қатты қиын жағдайлар емес, кішкене жағдайлар да адамды

орнынан шайқалтады. Осыдан кейін Петр тағы да екі рет Исаны білмеймін деп бас тартты. Әтеш үш рет шақырғанда, Исаның айтқандары есіне түсіп Петр жылап жіберді. Оның өзіне деген сенімділігі бір сәтте жоқ болып кетті. Петр мен Яхуданың арасында көп ұқсастық болатын. Екеуі де Исаның қатты қиналған сәтінде тастап кетті. Бірақ осыған қарамастан олардың арасында көп айырмашылық болды. Яхуданың Петрдей Исаны танып білуге құлшынысы болған жоқ. Яхуда Исаны өзінің негізі етіп қылған жоқ. Яхуда шыныменде Исаны жақсы көретін болып көрінді. Өйткені ол бар нәрсесін тастап, Исамен саяхаттап жүрді. Тіпті Исаның санаулы сағаттарында да қасында болды. Ол адамдардан жындарды қуып, адамдарға шипа беріп, Ізгі хабарды таратып жүрді (Есіңізде болса, Иса Ізгі хабарды тарату, шипа беру, жындарды қуу үшін Өзінің он бір емес, он екі шәкіртін жіберді). Бірақ Яхуда барлығын тастады, бірақ ол осыны Исаны сүйгендіктен жасаған жоқ және Иса жайында ашықтар алған емес. Яхудада басынан бастап өзінің мақсаттары мен жоспарлары болды. Оның мінез-құлқын қандай екеніносы аяттарға қарап көруге болады: «Исаны қолдарыңа түсірсем не бересіздер?» (Матай 26:15), ол өзінің пайдасы үшін жалған сөйлеп, сайқалсынып жүрді (Матай 26:25 қараңыз). Яхуда өзінің жеке басының мұқтаждықтарына Исаның қызметіне арналған ақшаларды алып жүрді (Жохан 12:4-6 қараңыз). Осы тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Ол Тәңіріміздің қасында үш жарым жыл бірге жүргеніне қарамастан, Оны ешқашанда танып білген жоқ. Петр де, Яхуда да істеген істеріне қатты өкінді. Бірақ Яхудада Петрдегіндей мықты негіз болған жоқ. Оның Исаны танып білгісі келмегендіктен, яғни шөлдеуі болған жоқ, сондықтан да Құдай оған ашылған жоқ. Егер Яхудада Исаның кім екені туралы ашықтық болғанда, ешқашанда Оған опасыздық жасамаушы еді. Оның өміріне сынақтан қатты дауыл келген кезде, барлығының астан-кестені шықты. Не болғанын қараңыз: «Исаға опасыздық жасаған Яхуда Оның сотталғанын көргенде өзінің істегеніне өкініп, басты діни қызметкерлер мен рубасыларына

өздері берген отыз күміс теңгесін қайтарып тұрып:

*«-Мен опасыздық жасап күнәга баттым:кінәсіз кісінің қаны төгілмекші!- деді. Олар: - Онда біздің шаруамыз қанша? Бұл - өз мәселең, - деп жауап берді. Содан Яһуда ақшаны киелі үйдің ішіне лақтырып жіберіп, шығып кетті де, барып, асылып өлді».*

*- Матай 27:3-5*

Ол күнә жасағанын білді. Бірақ ол Мәсіхтің тұлғасын білген жоқ. Тіпті кімге опасыздық жасағанын білген жоқ. Ол жай ғана «күнәсіз кісінің қаны төгілмек» деп айтты. Егер ол Петр сияқты Исаны танып білгенде, Оған қайтып келіп, Оның мейірімділігін біліп тәубе қылатын еді. Өзін-өзі өлтіргені шынымен де оның Құдайды білмегенін көрсетеді. Исаның артынынан үш жарым жыл ерсе де, Яһудада ешқандай негіз болмағанын осы сілкініс сынағы көрсетті. Сансыз көп адамдар мәсіхші болып, «күнәкардың мінажатымен» мінажат етіп, қауымға барып, белсенді қатысушы болып, Киелі кітапты талдап оқып жүреді. Ауыздарымен Оны Құдайы ретінде қабылдап айтса да, бірақ осының бәрін Исаның шын мәнінде кім екенін білмей істеп жүр. Оларға қатты сынақтар келген кезде, Құдайға ренжіп, бас тартып, Онымен бірге болғылары келмей кетеді. Мен өз құлағыммен сондай адамдардан осыларды естідім: «Құдай мен үшін еш нәрсені де жасаған жоқ. Мен мәсіхші болуға тырыстым, бірақ менің өмірім одан сайын қиындап кетті». Немесе: «Мен Құдайдан ананы-мынаны сұрадым, бірақ Ол жауап берген жоқ!» Олар Құдайға ешқашан да шын мәнінде өз өмірлерін тапсырған жоқ. Құдайдың серігі болғанның орнына олар өз пайдасын ғана іздеп жүреді. Олар Оған тек бір нәрсе алу үшін қызмет етіп жүреді. Сондықтан да олар тез азғырылып құлайды. Жай ғана Оған ренжіп қалады. Иса оларды осылай сиппаттайды:

*«Сол секілді, тастақ жерге себілгендері мынаны көрсетеді: кейбіреулер Ізгі хабарды естіген бойда оны қуанышпен қабылдайды, бірақ та-*



*мыр жаймағандықтан берік болмайды. Кейін Ізгі хабарға бола бастарына азап не қуғын түскенде, олар дереу сенімдерінен безіп кетеді<sup>1</sup>».*

*- Марқа 4:16-17*

Ол олардың негіздері болмағандықтан сенімдерінен безетінін айтты. Біз не нәрсеге тамыр жаюымыз қажет? Осы сұраққа жауапты Ефестіктерге арналған хаттан (3:16-18) көреміз. Біздің сүйіспеншілікке тамыр жаюымыз керек екен. Құдайға деген сүйіспеншілігіміз біздің негізіміз болу керек. Иса айтқандай:

*«адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі-олар үшін өмірін құрбан етуі».*

*- Жохан 15:13*

Біз сенбейтін адам үшін өзімізді құрбан ете алмаймыз. Біз Құдайды жақыннан танып білмесек, Оған сенімімізді арта алмай, Ол үшін өмірімізді бере алмаймыз. Біз Құдайдың тұлғасын және мінез-құлқын танып білуіміз керек. Құдайдың бізге зиян келтірмейтініне толықтай сенімді болуымыз қажет. Тәңіріміз бізге пайдалы болатындарды ғана береді. Егер біз сенімізді жоғалтып алмасақ, бізге жеңіліс болып көрінген жағдайлар жақсылыққа аударылады. Құдайдың Өзі - сүйіспеншілік, сондықтан Оның бойында еш жамандық жоқ. Бізді шайтанның ғана құртқысы келіп тұрады. Біз өзіміздің сынақтарымызға қазіргі уақыттың көзқарасымен қарап, шындықтың астын көрмейміз. Ал Құдай мәңгілік өмірдің көзқарасымен қарайды. Біз өзіміздің сынақтарымызға қарасақ, бізді екі нәрсе күтіп тұр. Біріншіден, Құдайдың сынақтары арқылы өткен жолымызда біз Құдайға немесе Оның қызметшілеріне ренжіп қаламыз. Екіншіден, біз әзәзіл шайтанды тындап алданып қаламыз. Шайтан бізді сол кезде дұрыс болып көрінетін шешімдерді қабылдауға итермелейді. Оның соңғы мақсаты- бізді сенімдерімізден

<sup>1</sup> грек тілінде бұл сөз «қанағатсыз болып кетеді, ренжиді, сүрініп құлайды» дегенді білдіреді, Amplified Bible тереңдетілген Киелі кітаптың Америкадағы баспасының «Zondervan Bible Publisher» аудармасын қараңыз.

бездіріп өлтіру. Егер біз Құдайға берік сенімімізді артсақ, Оның қамқорлығынан ешқашанда айырылмаймыз. Біз өзімізге қамқор болу азғырылуына жол бермейміз.

## ҚҰДАЙДЫҢ ТҮЛҒАСЫНА АРҚА СҮЙЕУ

Дұшпанымыз шайтан Құдайдың мінез-құлқын біздің санамыздағы пікіріміз арқылы дұрыс көрсетпеуге тырысады. Бұл - Құдайға деген сенімімізді жоғалту үшін оның қолданатын тәсілдерінің бірі. Ол Хауа анаға да осы тәсілді қолданған:

*«...Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемеңдер деп шынымен айтты ма?».*

*- Жаратылыстың баст. 3:1*

Ол Құдайдың өсиеттерін бұрмалап, Құдайдың мінезін де бұрмалағысы келеді. Құдайдың айтқандары: «Құдай Ие адамға бұйрық беріп:

*«Саған бақтағы күллі ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеме! Себебі одан жесең, сол күні өлесің», - деді».*

*- Жаратылыстың баст.2:16-17*

Шайтан шын мәнінде Хауа анаға былай деді: «Құдай сендерден жақсы нәрселерді тығып көрсетпейді». Ал Құдай осыларға назар аудартқызады: «Сен барлық ағаштардың жемісін жей аласың. Тек қана...» Құдай адамзатқа бақтағы барлық ағаштың жемісін жеуге рұқсат етті, тек жалғыз бір ағаштан ғана жеуге болмайтынын айтты. Шайтан Хауа ананың Құдай жайында көзқарасын бұрмалағысы келді: «Құдай шынымен де сендер жайында ойламайды. Мынаған қараңдаршы, Ол сендерден бар игілікті жасырып жүр. Мүмкін Ол сендер ойлағандай сүймейтін шығар. Бұған қарап, Құдайдың жақсы екеніне күмән келтіремін». Хауа ана шынымен де алданып, Құдайдың мінезі жайында өтірікке

сенді. Осыдан кейін күнә жасауға қалау пайда болды. Өйткені Хауа анаға Құдайдың Сөзі енді тірі болған жоқ, заңға айналып кетті - «...ал күнә өз күшін заңнан алады» (Қорынттықтарға 1-ші хат 15:56). Дұшпан бүгін де осы тәсілдерді қолданады. Ол Құдайдың мінезін Оның балаларының алдында бұрмалағысы келеді. Біздің бәріміз - әкелеріміздің, мұғалімдеріміздің, бастықтарымыздың биліктерінің астында жүрген адамдармыз. Олардаң арасында өзімшіл, қатал адамдар және бізді ұнатпайтындары бар. Бірақ олардың биліктері болса да, Құдай оларға ұқсамайды. Шайтан көктегі Әкеміздің бейнесін жердегі әкемізге ұқсатып бұрмалады. Құдай Өз Сөзінде Иса осы жерге қайта оралғанда әкелерді балаларымен шынымен татуластыратынын айтқан (Малахи 4:6 қараңыз). Құдайдың мінезі мен бейнесі Оның жетекшілерінен байқалып, шипалардың басталуын көрсетеді. Егер Құдайдың сізге ешқашан жамандық жасау үшін әрекет жасамайтынын білсеңіз және сіздің өміріңізде Оның барлық істегенін игілік деп санасаңыз, сіз Оған өзіңізді толығымен арнайсыз. Сіз Ол үшін өміріңізді қуанышпен беруге даяр боласыз. Егер сіз Исаға өз өміріңізді беріп, Оның қамқорында жүрген адам болсаңыз, ренжуге және азғырылуға болмайды. Өйткені сіз осыған тиесілі емессіз. Ренжулі және түңілген адамдар - Исаның Кім болғаны үшін емес, Одан бір нәрселерді алу үшін ғана өмірлерін Оған арнап жатады. Осындай қарым-қатынаспен біз тез арада түңіліп кетеміз. Өз қамымызды ойлауымыз бізді соқыр қылады. Басымыздан өтіп жатқан қазіргі мәселелерімізге сеніммен қарай алмайтынымызда осыдан. Біздің өміріміз шынымен де Исаға арналған болса, біз Оның мінезін біліп, қуанышқа кенелеміз. Осыдан кейін бізді енді ештеңе де шайқалтпайды. Болған істерге қарап, ренжімеу қиынға соқпайды. Осындай көзқарас Құдайды танитын адамдарда болмайды. Өмірімде Құдай мен күткендей жауап бермеген немесе осы уақытқа дейін жауап алмаған күндер жиі болып тұрады. Бірақ артыма қарасам, сол өткен мәселелерді ойлап, Құдайдың даналығын көре бастаймын. Кейде біз балаларымызды тәрбиелеген кезімізде, олар сол тәсілдерді

түсінбейді. Үлкейген балаларға біз олардың игілігі үшін қолданылатын тәсілдерімізді түсіндіруге тырысамыз. Кейде олар кішкентай болған соң бізді түсінбейді немесе бізбен келіспейді, бірақ кейін біле жатар. Кейбір кезде біз балаларымыздың мойынсұнушылығын, сүйіспеншілігін көру үшін сол тәсілдерімізді қолданамыз. Көктегі Әкемізбен арамызда тура осындай қарым-қатынастарымыз болады. Осындай жағдайларда біздің сеніміміз былай айтуы тиіс: «Мен ешнәрсені түсінбесем де, Саған толығымен сенімімді артамын».

Еврейлерге арналған хатта (11:35-39) біз Құдайдың уәдесін күте алмай, сенімде нық тұрған адамдарды көреміз: «...Ал қиналып өлтірілген басқалар да болды. Олар сатқындықпен бостандық алудан бас тартып, өздерінің әлдеқайда жақсы өмірге қайта тірілулерін көздеді. Өзге кейбіреулері мазаққа ұшырап, соққыға жығылып, шынжырмен құрсауланып, түрмеге жабылды. Біреулері таспен атқыланып, арамен кесіліп, семсермен шабылып өлтірілді. Басқалары қой-ешкінің терісін жамылып, жоқшылық көріп, азапталып жәбірленді. Күнәкар дүние сондай ержүрек адамдарға лайықсыз еді! Олар айдалада таулы-тасты жерлерде қаңғып жүріп, үңгірлер мен апандарда жасырынып өмір сүрді. Бұлардың барлығы сенімдерінің арқасында Тәңір Иенің ризашылығына ие болды. Дегенмен Оның уәде еткенін иемдене алмады».

Қандай құн төлесек те, Құдай олардың бары деп олар шешті. Олар Оның уәделері орындалмаса да, өлімге бара жатып Оны сүйді. Олар еш ренжімей азғырылған жоқ. Егер біз Құдайды тура осылай сүйіп сенім артқанымыз Оған тамырымызды жайып мықты негізделгенімізді көрсетеді. Сонда қандай қатты дауылдар соқса да, бізді еш шайқалтпайды. Мұндай қабілет адамның ерік-күшінен келмейді. Егер сіз Құдайға сенім артсаңыз, Ол Өзінің рақымымен осындай қабілет сыйлайды. Ол өзіңіздің күшіңізге сенуден келмейді. Сондықтан Оған сенім арту үшін сіздің өміріңізді ұстап Тұрғанның тұлғасын білуіңіз қажет.

## РАҚЫМШЫЛЫҚ ТЕК КІШПЕЙІЛДІ АДАМДАРҒА ҒАНА БЕРІЛЕДІ

Шимон Петр енді өзінің кереметтілігімен мақтана алмады. Ол өзіне сенім артуынан айырылды. Ол өзінің ерік-күшіне сенім жоғын түсінді. Енді ол кішірейді. Енді ол Құдайдың рақымына ие болуға дайын болды. Құдай Өзінің рақымын тек кішіпейілділер ғана береді. Осындай жағдайда бой ұсыну міндетті түрде болуы керек. Петр осыны жазған кезде білді:

*«...Бәрің де арақатынастарыңда әрдайым кішіпейілділік танытыңдар! Себебі «Құдай тәкап-парларға қарсылық жасайды, ал кішіпейілдерге рақымын сыйлайды».*

*- Петрдің 1-ші хаты 5:5*

Петрдің әбден көңілі түсті. Осыны біз періштенің мағдалалық Мәриямға қабір басында айтқандарынан көреміз:

*«Енді барып Оның шәкірттеріне және Петрге мынаны жеткізіңдер: Иеміз сендерден бұрын Ғалилеяға барады. Сендерге Өзі айтқандай, сол жерден Оны көресіндер».*

*- Марқа 16:7*

Періште осында Петрді атап кетуі керек болды. Петр киналып жүрді, бірақ Құдай Өз негізін салып қойған. Ол негіз қиыншылықтардың арқасында шашылып қалмай, одан да мықты бола бастады. Иса Петрді кешіріп қана қоймай, оны қалпына келтірді. Енді осындай шайқалыстан кейін ол қауымның беделді жетекшілерінің бірі болуға дайын болды. Петр Исаның өліміне кінәлі адамдардың арасында Оның қайта тірілгенін батылдықпен жария етті. Енді ол кішкентай қызметші әйелмен ғана емес, ең мықтылармен кездесуге дайын болды. Олардың алдында Петр батылдық пен билікке кенеліп тұрды. Тарихи деректерге сүйенсек, Петр көп жыл адал қызметінен кейін, айқыш ағашта басымен төмен шегеленді. Ол Өзінің Тәңірі

секілді өлуге лайықты еместігін көндірді. Сондықтан оны басын төмен қаратып шегеледі. Ол енді еш нәрседен қорықпады. Ол шынымен де Жартастың мықты негізіне қаланған Тас болып шықты. Өмірдің сынақтары сіздің жүрегіңізде не барын ашып көрсетеді; оның ішінде Құдайға немесе басқаларға деген реніш барын немесе жоқтығын көрсетеді. Сынақтар сізді Құдайға немесе адамдарға ызалы етеді немесе мықты адамға айналдырады. Егер сіз сол сынақтардан өтсеңіз, сіздің рухани тамырыңыз нығайып, болашағыңыз жарқын болады. Ал егер сынақтан өтпеген жағдайда ренжулі адамға айналып, сеніміңізді жоғалтасыз.

## **ҚҰДАЙЫМ, МЕН САҒАН ҚЫЗМЕТ ЕТПІ ЖҮРДІМ ҒОЙ, НЕГЕ ОСЫЛАЙ БОЛДЫ?**

Жастардың бағушысы болған кезімде, біздің жанұямызда бір он төрт жастағы жас жігіт болатын, оны барлық достарымен қауым жетекшілері құрметтейтін. Ол керемет және жемісті шәкірт болатын. Оның жүрегінде Құдайдың істеріне шөлдеу болып, барлық мәсіхшілік жобаларды өз еркімен алатын. Кейде ол бізбен миссионерлік сапарларға шығып, кездескен адамдарға Ізгі хабарды таратып жүрді. Бір кездері ол төрт сағат мінажат ететін. Ол Құдайдан керемет ашықтықтар алып, олармен бөлісіп жүретін. Оның бөліскендерінің барлығы жарылқау болатын. Ол өзінің қызметке шақырылғанын біліп, жиырма жасқа толғанға дейін бағушы болғысы келетін. Ол шайқалмас жартасқа ұқсайтын. Мен оны жақсы көретінмін. Оған өз уақытымды аямай жүрдім және ол жігіттің майланғанын мойындайтынмын. Бірақ мені бір нәрсе мазалайтын - оның өзіне тым қатты сенетіні. Осы жайында оған айтқым келді. Бірақ сол кезде уақыт келген жоқ сияқты болып көрінді. Ол бірнеше сынақтың қатты дауылдарынан өтіп, мықты тұрды. Ол сынақтардан өткен кезде, мен оған әділетсіз болып жүрген шығармын деп ойладым. Арада бірнеше жыл өтті. Ол басқа

жаққа көшіп кетті, ал мен көптеген сапарларда жүрдім. Бірақ біз қатынасып тұрдық. Мен оның қатты сынақтан өтетінін сездім. Бірақ ол сынақтың қандай болатынын мен білген жоқпын. Оның өзіне белгіленген қызметіне келу үшін сынақтан өту керегін білдім. Ол Петрге ұқсас дауылдардан өтуі керек еді. Ол жігіт он сегізге толғанда, оның әкесі емделмейтін рак ауруымен ауырып қалды. Анасы екеуі оның сауығуына сеніп ораза тұтып, мінажат етті. Олардың мінажаттарына басқа сенушілер де қосылды. Осы аурудың алдында бірнеше ай бұрын әкесі өмірін Исаға арнаған болатын. Әкесінің жағдайы нашарлай бастады. Мен Алабамадағы қалалардың бірінде қызметте болғанымда, әйелім маған қоңырау шалып, шұғыл түрде сол жігітпен хабарласуым керектігін айтты. Оған қоңырау шалғанымда, оның жұбаныш пен жігерленуге мұқтаж екенін түсіндім. Қызметімнен кейін түні бойы көлігіммен жүріп, оның үйіне таңғы сағат төрттерде жеттім. Әкесінің жағдайы мүшкіл еді, дәрігерлердің айтуынша бірнеше күн өмірі ғана қалды. Ол жігіт әкесінің жазылатынына сенімді болды. Мен қолымнан келгенше оларға қызмет етуге тырысып, бірнеше сағаттан кейін жол жүріп кеттім. Келесі күннің таңында бізге қоңырау шалып, сол жігіттің әкесінің жағдайы одан сайын нашарлағаны жайында айтып, мінажат етуімізді өтінді. Біз әйеліміз екеуміз мінажат етіп жатқанымызда, әйеліме аян көрінді. Ол аянда Иса жігіттің әкесінің төсегінің қасында алып кету үшін күтіп тұрғанын айтты. Отыз минуттан кейін сол жігіт бізге қоңырау шалып, әкесінің қайтыс болғанын айтты. Жігіттің дауысы сол кезде мықты болып естілді. Бірақ ол сынақтардың басы ғана еді. Сол кеште ол өзінің бір жақын досына әкесінің қайтыс болғанын хабарлауға қоңырау шалды. Тұтқаны көтергенде досының үйінде жоқтау айтып жылаған дауыстар естілді. Ол қатты таңғалып «Олар бәрін қашан біліп алған?» деп ойлады. Бірақ олар басқа себептен жылап жатқан: жаңа ғана көлік апатынан оның ең жақын досы қайтыс болыпты. Бір күнде ол өзінің әкесі мен жақын досынан айырылды. Сынақтар басталды.

Оның есі шығып, қайғырып, абдырап қалды. Құдайдың құзыры оны тастап кеткен сияқты болды. Бір айдан кейін ол көлігімен үйіне кетіп бара жатқан кезде екі көліктің соқтығысып қалғанын көреді. Ол көлік апатына түскендерге медициналық жәрдем көрсете алатын, сол себептен тоқтайды. Екі көліктің ішіндегі жүргізушілердің екеуі де оның жақын достары еді. Ол жәрдем көрсетем деп жатқанда, олар оның қолында мерт болды. Менің қымбатты досым қайғының шегіне жетті. Ол үш сағат бойы орманда Құдайға жалбарынып мінажат етті: «Сен қайда жоқ болып кеттің? Сен менің Жұбатұшым болуың керек емес пе? Бірақ мен еш жұбанышты сезіп тұрған жоқпын!» Құдай оған теріс қарап тұрған сияқты көрінді. Бірақ шын мәніне келсек, ол өз күшіне сенім артты. Ал сол сенім оның үмітін ақтаған жоқ. Ол Құдайға ашуланды. Неге Ол осының бәрінің болуына жол берді? Ол бағушыға, жанұясына немесе маған ашуланған жоқ. Ол Құдайға ренжіп ашуланды. Ол ашу-ызамен жұтылды. Құдай оны терең қайғыға енгізді. «Құдайым, мен саған қызмет етіп, көп нәрседен бас тарттым, - деп мінажат етіп жатты. – Ал енді Сен мені тастап кеттің!» Құдайға қызмет еткені үшін Ол оған қарыздар деп ойлады. Көп адамдар түнілуден және қатты сынақтардан өтеді, кейбіреулері көп, басқалары аз сынақтардан өтеді. Көпшілігі Құдайға ренжіп қалады. Ойларынша, олардың Құдайға істеген жақсылықтарының барлығын Ол ескеру керек. Олар Құдайға деген қызметін дұрыс ниетпен істеген жоқ. Біз Құдайға қызмет еткен кезде Одан бір нәрсені алу үшін емес, Оның кім болғаны және бізге не істегені үшін қызмет етуіміз керек. Құдайға ренжіп қалған адамдар Исаның олар үшін қандай құн төлегенін әлі де түсінбей жүр. Олар қандай өлімнен құтқарылғандарын ұмытып кетті. Адамдар мәңгілік көзқараспен қараудың орнына, пенделік көзқараспен қарайды. Сол жас жігіт қауымнан кетіп, бұзылған ұлдармен байланысып, солармен барларда отырып, ішімдік кештеріне бара бастады. Оның Құдайдан көңілі қалып, Онымен еш қарым-қатынас еткісі келген жоқ. Бірақ ол осындай өмірмен



тек екі жеті жүрді, өйткені жүрегі оны әшкерледі. Ол әлі де Құдайға жақындағысы келген жоқ. Осылай ол алты ай жүрді. Құдайдың құзыры осы өмірде мүлдем жоқ сияқты болды. Арада бір жыл өтті, сол жігіт Құдайдың оған деген қамқорлығын көріп жүрді. Ол енді Құдайға біртіндеп жақындай бастады, бірақ ол енді Исаға бойсұнушылықпен келді. Сынақтар біткен соң, Тәңір оны ешқашанда қалдырмағанын айтты. Оның рухани өмірі қалпына келген соң, ол өзінің күшіне емес, Құдайдың рақымына үміт артуға үйренді. Мен сол жігітпен ары қарай хабарласып жүрдім. Бір жарым жылдан кейін ол маған өзінен өмірі көрмеген жексұрын нәрселерді байқағанын айтты: «Мен өр мінезді адам болған жоқпын. Менің барлық қарым-қатынастарым жеңіл-желпі болды. Әкем мені сырт көзге мықты және өзіне сенімді адам етіп тәрбиелеген. Мені Құдайдың қандай болып көргісі келетінін түсінбесем, ешқашанда өспеуші едім. Мені осындай мінезбен қалдырмағанына Құдайға рахмет айтамын. Мен бұзықтармен байланысып, ішімдік ішіп жүргенім мені уайымдатпайды. Мені Киелі Рухтан бас тартқаным қиналдырады. Мен Оны қатты жақсы көремін. Қазір менің Онымен қарым-қатынасым өмірі болмағандай керемет». Оның басынан қатты сынақтар өтті. Оның өз күшіне немесе өзіне сенім артуы жойылды. Ол жігіттің сенімінің негізі Петрдікіндей болды. Тәкаппарлықпен қызметін істеудің орнына, ол енді Құдайдың рақымымен істеді. Реніштер мен азғырушылықтар өміріміздің әлсіз бөліктерін ашып көрсетеді. Біздің мықты болып көрінетін өміріміздің бөліктері, шынында жасырынған әлсіздік болып шығады. Қатты дауылдар ашпайынша, олар жасырынып отырады. Пауыл елші айтқандай:

*«Құдайға Киелі Рухының көмегімен қызмет етіп,  
Мәсіх Исаны мақтан етеміз, әрі өз болмысымызға  
сүйенбейміз».*

*- Філіп.хат 3:3*

Өз күшімізбен мәңгілік өмірде бағалы болатын заттарды істей алмаймыз. Осыны айтуға оңай, бірақ осы ақиқаттың бізге сіңіп кетуіне мүмкіншілік беруіміз керек.

**Адамдардың азғырылмауы үшін  
Иса ақиқатты ымыраға әкелген жоқ.**

## АЗҒЫРЫЛУДЫҢ ІРГЕТАСЫ

---

*«Себебі Киелі жазбада Құдайдың мына сөзі де бар:  
«Міне, Мен аса құнды «Тасты» таңдап алдым,  
Оны Сиондағы үйімнің бұрышының  
Іргетасы ретінде орнатып қоямын.  
Енді Оған сенімін артқан әркім  
Ұятқа қалмайтын болады әрдайым».*  
- Петрдің 1-ші хаты 2:6-8

**С**енетін сендер үшін осы «Тас» (Иса Мәсіх) ерекше қымбат. Ал сенбейтіндерге байланысты мынадай сөздер жазылған: «Құрылысшылар менсінбеген «Тас» енді үйдің басты іргетасына айналды!» Ол «адамдарды сүріндіретін кедергі тас, құлататын жартас сияқты». Олар Мәсіх туралы хабарға мойынсұнбағандықтан «сүрініп, құлап», теріс жолға түсіп кетеді. Олардың ақырының осылай болатыны алдын ала белгілі еді» (Петрдің 1-ші хаты 2:6-8).

Бүгінгі кезде «сену» деген сөз өз күшін жоғалтты. Көпшілік адамдар үшін ол сөз тек белгілі бір дерек болып келеді. Көпшілік адамдарға «сену» сөзі мойынсұнушылықпен еш байланыстырылмайды. Бірақ Киелі кітапта «сенушілер» деген ұғым, «мойынсұнумен» синоним болып келеді. «Сенетін сендер үшін...- ерекше қымбат. Ал сенбейтіндерге (яғни мойынсұнбайтындарға)...» Киелі кітап бізді үйретеді: «... енді Оған (Иса Мәсіхке) сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16). «Сену» сөзіне деген қарым-қатынасымыздың арқасында Исаның осы өмірге келіп, айқышта

өлгеніне сенсек, Құдайдың алдында әділміз деп ойлаймыз. Егер осы тұжырым дұрыс болса, онда жындар да - Құдай алдында әділ. Киелі кітапта жазылған:

*«Сен жалғыз Құдай бар» деп сенесің, мұныңдұрыс, алайда жындар да соған сеніп, Оның қатарынан қорқып дірілдейді».*

*- Жақыптың хаты 2:19*

Бірақ жындарға құтқарылу жоқ. «Сену» сөзі жай ғана оны мойындау немесе ол жай ғана дерек емес, ол сөздің Киелі кітапта терең мағынасы бар. Айтылып кеткен аяттың мән-мәтінін ұстансақ, сенімнің негізгі элементі мойынсыну болып келеді. Осы аятты басқаша оқуға болады: «Мойынсұнатын сендер үшін осы «Тас» (Иса Мәсіх) ерекше қымбат. Ал мойынсұнбайтындарға байланысты мынадай сөздер жазылған: «Құрылысшылар мен-сінбеген «Тас» енді үйдің басты іргетасына айналды!» Ол «адамдарды сүріндіретін кедергі тас, құлататын жартас сияқты». Сіз жақсы көретін немесе мінезін білетін адамға мойынсұну оңай. Мәсіхпен қарым-қатынасымыздың негізі- Оның Өзіне деген сүйіспеншілік. Егер оның сүйіспеншілігінде нығаймасақ, біз азғырылу, ренжу немесе сүрінуге есік ашамыз. Исаил халқын Құдай «құрылысшы» етіп тағайындады. Бірақ олар сол «Тастан» бас тартты. Олар Көне өсиеттің заңдарын жақсы көрді, өйткені олар сол заңдармен басқа адамдарды бақылап, өз пайдаларына қолданатын. Иса олардың заңдылықтарына қарсы келді. Ол оларға: «Рас, сендер Киелі жазбаларды зерттеп, солар арқылы мәңгілік өмірге ие боламыз деп ойласыңдар. Ал олар Мен туралы куәлік етеді ғой!» (Жохан 5:39). Құдай Өзімен тығыз қарым-қатынас ететін ұлдары мен қыздар болғанын қалайтынына, еврей халқы бастарына сыйдыра алмады. Олар тек билік еткілері келді. Олар заңды Құдаймен қарым-қатынастан жоғары қойды. Олар Құдайдың сиынан бас тартты. Олар сол сыйды өз істерімен алғысы келді. Сондықтан да Құдайдың сыйы - Иса Мәсіх олардың өмірлерінің үміті мен құтқарылуы, сүріндіретін кедергі тас болды. Шимон Исаны сәби кезінде

алып, пайғамбарлық сөздерін айтты: «...Осы Бала Исраилдегі адамдарды көп адамдардың сүрініп, құлауына, ал басқалардың жоғарылауына себепші болады...» (Лұқа 2:34). Байқаңызшы «сүрініп құлатады» және «жоғарлауына». Жерге тыныштықты алып келетін Иса, ақыр аяғында, жіберілген халқына айырып бөліп жіберетін семсер алып келді. Ал өлі құрылысшыларға (сол кездегі діни қызметшілер) өмір алып келді.

## **ИСА ЖӘНЕ АЗҒЫРУЛАР**

Қауымдағы жексенбілік мектепте балаларға Исаның бейнесін жоғалған лақты мойнына асып келе жатқан шопан етіп суреттейді. Немесе суретте оны кішкентай балаларды құшақтап, қолын жайып жарылқап, күлімсіреп «Мен сені жақсы көремін!» дегендермен бейнелейді. Оның бәрі дұрыс қой, бірақ бұның толығынан сипатталмағанын көресің. Иса діни қызметкерлерге: «Ей, жыландар, улы жыланның ұрпағы! Сендер сотталып, тозаққа түсуден қалай құтылмақсындар?» (Матай 23:33). Ол ақша ауыстырушылардың үстелдерін төңкеріп оларды қуып жіберетін болған. Әкесін жерлейін деп жатқан адамға: «Басқа біреуге Иса: - Маған шәкірт болып ер,- деді. Ол: - Мырза, алдымен үйге барып, әкем қайтыс болғанша қасында болып, сүйегін жерлеп келейін. Рұқсат етіңізші,- деп сұрады. Иса оған: -Өлгендерін жерлеуді(рухани) өлілерге қалдыр! Ал сен ел аралап,Құдайдың Патшалығы туралы Ізгі хабарды жарияла! - деп тапсырды» (Лұқа 9:59-60). Бұл әлі басы ғана. Киелі жазбаны жақсылап зерттесек, Иса қызметі уақытында көп адамдарды ренжітіп, азғырған Адам жайында оқимыз. Бірнеше мысалдарды қарастырайық.

Иса діни қызметкерлерді сүріндірді.

Көбінде Иса діни қызметкерлермен тайталасып тұратын. Олар Исаға ренжіп сүрінді. Сондықтанда олар сол үшін Исаны жек көріп айқышқа жібереді. Бірақ та Иса оларды жақсы

көріп, беттеріне шындықты айтатын: «Екі жүзділер! Сендер жайында Ишая пайғамбар алдын ала дәл айтып кеткен: «Бұл халық Мені тек ауызбен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, Мені құрметтегенсиді, бірақ солары бекершілік!» (Матай 15:7-9). Осы тұжырым оларды қатты ренжітті. Олар сүрініп азғырылды. Осыдан кейін Исаның шәкірттерінің не деп айтқандарына қараңдаршы: «Кейінірек шәкірттері Исаға келіп: - Парызшылдардың осы айтқандарыңызға өкпелеп қалғанын байқадыңыз ба?-деп сұрады» (Матай 15:12).

Оның жауабын зерттеңіз: «Иса оларға: - Көктегі Әкемекпеген әр өсімдіктүбірімен жұлынып тасталмақ! Оларды қойыңдар, өздері - соқырлардың соқыр жетекшілері! Ал соқырды соқыр жетелесе, екеуі де орға құлап түсер,-деді» (Матай 15:13-14). Иса оларға бір нәрсені ашпақ болды: Құдай Әке шынымен отырғызбағандарды азғырулар арқылы Өзінің Патшалығына адамдарды сұрыптайды. Кейбір адамдар Құдайдың еркі болмаса да бір қауымға немесе қызметке кіріп жатады. Ақиқатты білгеннен кейін реніш (азғырылу) пайда болады, сол реніш олардың шынайы ниеттерін ашып көрсетеді. Содан кейін олар сол жерден кетіп қалады. Мен басқа қауымдарға қызмет етуге барғанымда, бағушылардың адамдардың кеткен кезде қатты уайымға салынғандарын көретінмін. Сол кеткен адамдардың көбі уағыздарда әшкерелейтін сөздерді немесе шындықты естігенде кетіп жатады. Содан кейін олар сол қауымның әр қызметін соттайды, кейін кетіп қалады. Егер бағушылар қауымның әр адамын ұстап қаламын десе, онда ол ақиқатпен ымыраға келеді. Егерсіз ақиқатты уағыздасаңыз, ондасіз міндетті түрде адамдарды ренжітіп азғырасыз, олар содан кейін кетіп қалады. Солар үшін уайымдамаңыз, одан да Құдай сізге сеніп тапсырғандарды нығайтып өсіре беріңіз. Кейбір жетекшілер адамдарды жоғалтпас үшін тайталаспайды. Әсіресе бағушылар әшкерелеу керек адамдарды бірнеше себептен әшкерлемейді. Біріншіден, ол адамдар мүмкін көп ақша қауымға құрбан

етеді, екіншіден олар қауымда немесе қоғамда беделді адамдар болып келеді. Ал кейбіреулер өздері көп уақыт араласқан адамдарды ренжіткісі келмейді. Нәтижесінде бағушылар Құдай берген биліктен, яғни қауымды қорғау мен қамқор болудан айырылады. Бірінші рет бағушы болған кезімде, мені бір дана адам алдын ала сақтандырды: «Өз рухани билігіңді мықты ұста. Әйтпесе басқа біреу оны алып, саған қарсы қолданады». Самуил Құдайдың қызметкері, ешқашанда ешкімнің алдында ақиқатпен ымыраға келмейтін, соның ішінде патшаның өзі де бар. Саул Құдайға мойынсұнбағанда, Құдай Самуилға оны әшкерелеу керектігін айтты. Ол оны бұлжытпай орындады. Өкінішке орай, Саул патша Құдайдың сөзіне еш құлақ аспады және тәубе еткен жоқ. Саул басқа адамдардың көзінше қандай болып көрінетіні жайында ғана ойлады. Самуил одан кетіп бара жатқанда, Саул оның киімінің етегінен ұстап қалып, шетін жырттып алды. Самуил оны мына сөздермен қайран етті:

*«...-Жаратқан Ие бүгін сенен патшалық билікті жұлып алып, замандастарыңның біреуіне берді!...».*

*- Патшалық. 1-ж. 15:28*

Самуил Саулға осыны тілемеген еді. Ол Саулға бола қатты уайымдады. Самуил Саулды патшалыққа майлап, оны патша етті және қалай билеу керектігін үйретті. Ол Саулдың досы болатын. Самуилдің Саулға бола уайымына орай Құдайдың Сөзіне назар аударыңыз:

*«...- Сен Саул үшін қашанғы қайғыра бермексің? Мен оның Израил патшасы болуынан бас тарттым. Бір құтыны хош иісті майға толтырып алып...бар».*

*- Патшалық. 1-ж. 16:1*

Құдай Самуилге жаңа хош иісті майдың майлануымен баруын айтты. Оған Құдайдың сүйіспеншілігі және соты мінсіз да мұнтаздай екенін ұғыну керек еді. Егер Самуил Құдайдың Саулдан бас тартқанын біле тұра, оған қайтып келгенде, онда Самуилдің жаңарған майлануы болмаушы еді. Ол сол қалпы



қайғырып жүріп, алдыға қарай көтерілмеуші еді. Адамдарды достық үшін немесе басқа себептер үшін әшкерелеуге қорқып, қауымнан кетіп қалғандар үшін қайғыратын бағушылардың майланулары жоғалады. Кейбір қауымдар сол себептен өшіп қалады, ал басқалар өтірік тірі қауым болып жүреді. Олар өздері түсінбей, Құдаймен қарым-қатынасты адамдарға ауыстырып алады. Киелі кітапта Исаны соңында қалдырып кеткендерге Оның қандай сезімдермен жауап бергені туралы жазылмаған. Оның жүрегі тек Құдай Әкенің еркіне сай болғысы келді. Осы әрекетпен Иса көп адамдарға пайдасын тигізді. Мен бірде Киелі Рухқа кенелген қауымда қызмет еткенімді ешқашан ұмытпаймын. Ол қауымға тек бір жыл ғана болды. Бірінші жексенбіде мен тәубе ету және Құдайға деген алғашқы махабаттарына оралу жайында уағыздадым. Мен қарсылықты сезгендей болдым, бірақ мен осы уағызды айтуым керегін білдім. Қызметтен кейін, сол қауымның бағушысы маған таянып: «Құдай маған таңертең сіз қай тақырыпқа уағыздайтыныңызды айтты! Бірақ менің адамдарым осы уағызды тыңдауға дайын болатынын білмедім». Менің әйелім Киелі Рух сол бағушыға сұрақ қоюға итермелегенін сезді: «Осы қауымның Бағушысы кім? Иса ма? Әлде сіз бе?» Бағушы осыны естіп, басын төмен түсірді. «Тура осыны бір ай бұрын Иса маған айтқан болатын. Ол маған қауымның адамдары қанша және қандай сөздерді көтере алатынын Өзі білетінін айтты». Ол бізге қауымның оннан үш бөлігі «кертартпалардан» тұратынын айтты. Олар еш өзгерістердің (мадақтауға және уағыздарға) енгенін қаламайды. Біз оны жігерлендіріп, Құдайға мойынсұнуын және бекем болуын айттық. Сол қауымда біз тағы да төрт қызмет өткіздік. Әр істеген сайын қиын болды. Осы қаладан кетіп бара жатқанда, мен өзімді құмға толтырылған қапшық сияқты сезіндім. Әдетте мен қауымдарға қызмет етіп кетіп бара жатқанда, жүрегім қуанышқа толатын. Мен нені дұрыс істемегенімді түсінбедім. Мен өзім жалғыз қалғанда Құдайдан сұрадым: «Әке! Мен нені дұрыс істемедім? Менің қателігім неде? Неге менің рухым

ауыртпалыққа толып кетті? Мүмкін мен бағушының билігін басып алдым ба?» Ол жай ғана мынаны айтты: «...аяқтағы шаң-тозаңды қағып тастаңдар...» (Лұқа 9:5). Мен осы сөздерге қатты таңғалдым. Мен қайта-қайта мінажат етіп сұрақтарымды қоя бердім, бірақ сол сөздерді ести бердім. Әйтеуір мен Оны тыңдай бастадым. Аяғымнан шаң-тозаңды қағып тастағанымда, ауыртпалық жүрегімнен кетіп қуанышқа толды. Мен таң қалып: «Құдай олар мені бас салып қуып жіберген жоқ қой? Осыны не үшін істеуім керек еді?» Ол маған сол қауымның жетекшілері және көптеген адамдары оларға айтылған Құдайдың Сөзінен бас тартқанын айтты. «Оларға тағы да уақыт берші, Тәңірім», - деп сұрадым. «Егер Мен оларға тағы елу жыл берсем де, олар өзгермейді. Олар өз жүректерінде берік шешім қабылдады». Мен сол бағушының Құдайға мойынсұнудың орнына, адамдар арасында тыныштықты сақтау үшін ымыраға келіп жүретінін түсіндім. Оның рухани құтысы жаңа хош иісті майға толмаған болатын. Ол сырт көзге әділ болып көрінгенмен, ішінде әділдіктің ізі де болған жоқ. Басқаша айтсақ, ол сырт көзге Киелі Рухқа кенелгендей көрінеді, бірақ оның өмірінде Құдайдың күші де, Оның Құзыры да болмаған. Кейін мен сол бағушының бағушылық қызметтен кетіп қалғанын және сол қауымда кішкентай бір топ адамдар қалғанын естідім. Иса ешкімге де Өзіне билік еткізбейді. Ол қай жағдай болса да, тек шындықты айтатын. Тіпті тайталас пен азғырылып кететіндеріне де қараған жоқ. Егер сіз тек адамдардың қолдауын ғана іздесеңіз, онда Құдайдың майлануы сізге қона алмайды. Сіз басқаларды азғырып ренжітсеңіз де, Құдайдың Сөзін айтып, еркін орындауды көздеу керексіз.

## **ИСА ӨЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНА АЗҒЫРЫЛУ БОЛДЫ**

Иса Өзі өскен қаласына қызмет ету үшін келді. Бірақ Иса басқаларға берсе де, оларға шипа мен азаттықты бере алмады. Олардың не айтқанын қараңызшы:

*«Өзі ағаш ұстасының Баласы емес пе? Шешесінің аты – Мәриям, ал інілері-Жақып, Жүсіп, Шимон, Яһуда. Қарындастарының бәрі де арамызда тұрады ғой. Сонда мұның бәрі Бұған қайдан біткен, ә? Олар қызғаныштан Исаны көре алмай, ашуланды. Ал Иса оларға қарап: -Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас,- деді».*

*- Матай 13:55-57*

Назарет тұрғындарының не дегендерін естідіндер ма? «Бұл бізді үйрететіндей Өзін кім деп ойлайды? Біз Оны білеміз ғой! Біздің көз алдымызда өскен Бала ғой. Ол жай ғана ағаш ұстасының Баласы ғой! Біз Оның рухани мұғалімдері емеспіз бе? Оның тіпті бітірген оқуы да жоқ қой!» Осы кезде де Иса шындық айту үшін ымыраға келген жоқ. Назарет тұрғындары Исаға жынданғандары соншалық, Оны биік шыңнан итеріп жібергілері келді (Лұқа 4:28-30). Оның өміріне қауіп төніп тұрса да, Ол тек шындықты айтатын. Біз осындай адамдарға қатты мұқтажбыз!

## **ИСА ӨЗІНІҢ ЖАНҰЯСЫНА ЖӘНЕ ӨЗ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНЕ АЗҒЫРЫЛУ БОЛДЫ**

Исаның туғандарының өздері Исаға бола азғырылып жүретін. Олар Исаның кесірінен қысымшылық көретіндерін ұнатпады. Оларға Исаға сенуге қиын болды. Бірақ мынаған қарайықшы: «Исаның туыстары бұны естіп: «Ақылынан адасқан шығар»

деп ойлап, Оны ұстап алуға шықты...

Исаның шешесі мен туған бауырлары келіп, сыртта тұрып, Оған кісі жіберіп шақыртты. Сол кезде Исаны айналдыра көп халық отырған еді. Оған біреу: «Сыртта шешеніз, бауырларыңыз және қарындастарыңыз, Сізді сыртта шақырып тұр,- деді. Алайда Иса: -Менің шешем мен бауырларымның кім екенін айтайын ба?-деп айналасында отырғандарға қарап тұрып:- Міне, менің «шешем» мен «бауырларым»! Себебі Құдайдың еркін орындайтындар Маған бауыр, қарынадас,шеше іспетті жақын!- деп жауап берді (Лұқа 3:21,31-35).

Оның отбасы Исаның есі адасқан шығар деп ойлады. Осы жерде байқаңызшы, оның отбасы Оны алып кету үшін келіп тұрды. Марқа осыны жазғанда, Исаның ең жақындары-анасы, бауырлары Оны бір үйде уағыздағанын көріп, келіп тұрды дейді. Жохан жазған Ізгі хабарда: «Себебі өз інілеріде Оған сенбейтін» (Жохан 7:5)- деп жазылған. Көпшілік адамдар Исаны Өз туған бауырлары қабылдамағаны жайында да ойламайды. Бірақ Ол солардың қабылдайтынын күтпеген еді. Ол Өзін бақылатқызбады. Еш нәрсеге қарамастан, туысқандарының қолдауына да қарамай, Құдайдың жоспарын орындау Исаның қалауы еді. Көпшілік адамдар туысқандарын немесе сүйген жарларын ренжітіп алмас үшін Исадан бас тартып жатқандарын мен көрдім. Осының салдарынан олар Исаның жолынан тайып кетеді немесе оларға Құдай тағайындаған жоспарды толығымен орындай алмайды. Мен жоғарыдан туылған кезімде, менің отбасымның барлық мүшелері католиктер еді. Олар менің қуанышыма аса мәз болған жоқ. Әсіресе сол қауымнан кетуге бел буған кезімде, анам қатты ашуланды. Өйткені ол мені сол қауымда өсіріп тәрбиелеген. Католиктердің Құдайды сүйетініне күмән келтірмеймін, бірақ менің сол жерден кеткенімді Құдайдың қалайтынын мен білдім. Екінші соққы Құдайдың қызметкері боламын деп отбасыма жария еткенімде болды. Сол кезде жаңа ғана оқуымды бітіріп, инженер-механиктің дипломын алып едім. Ата-анам маған көп

үміт артатын. Мен Құдайдың еркін білдім және де осының туыстарымды ренжітетінін білдім. Жылдар бойы мен өзімді ыңғайсыз сезіндім. Көп түсініспеушіліктер болды. Менің туғандарым қалай ашуланса да, Исаның соңынан еремін деп шешім қабылдадым. Басында мен оларға Ізгі хабармен шабуыл жасадым. Мен олардың мессаға (католик шіркеуіндегі қызмет) баратындары құтқармайтынын айтатынмын. Менің даналығым болмағандықтан, оларды қатты ашуландыратынмын. Кейін Құдай олардың алдында тек сөзбен емес, іспен көрсету керегін үйретті. Отбасыма жағу үшін Исадан бас тартпаймын. Бүгінгі күнде менің ата-анам мені толығымен қолдайды және менің атам бәрінен де қатты қарсы болатын, ол қайтыс болардан екі жыл бұрын сексен тоғыз жасында Исаны қабылдады. Исаның анасы мен туған бауырлары Оны есінен адасқан деп ойлады. Оның Көктегі Әкеге мойынсұнуының арқасында бүкіл жанұясы алғашқы өнім мейрамында құтқарылды. Исаның туған інісі Жақып Иерусалимдегі қауымның басты елшісі болды. Егер біз жанұямызға жағу үшін Құдайдың айтуын келісімге алып келсек, біздің өмірімізде жаңа майлануымыз болмайды және отбасымыз құтқарылмай азат етпейді.

## ИСА ӨЗІНІҢ ШӘКІРТТЕРІН АЗҒЫРДЫ

Өткен тарауда біз Исаның қорланған шәкірттерінің пікірлерін талқыладық. Осыған қайтадан оралайық, тек Исаның көзімен:

*«Осыны естіген шәкірттерінің көбі: - Мынау жанға батар сөз екен, оны кімтыңдай алады?-десті. Бұл туралы наразылықты байқап қалған Иса оларға былай деді:- Бұл сендердің шымбайларыңа батып тұрма?...Сол күнеен бастап,шәкірттерінің көбі Исадан бас тартып,бұдан былай Оған ермейтін болды».*

*- Жохан 6:60-61,66*

Осыдан кейін жағдай ушығып кетті. Діни қызметкерлер Исаны қалай өлтірудің амалын іздеді. Өзі өскен туған қаласы Одан бас тартты. Жанұясы Оны есінен адасқан деп ойлады. Бұған қоса шәкірттерінің көбі Исаның артынан еруден бас тартып, ренжіп кетті. Бірақ Ол бәрібір Өз шешімінен бас тартпады. Ол қалған шәкірттеріне кеткілері келсе, кете берулері жайында айтты. Исаға маңыздысы - Әкенің жоспарын орындау. Егер сол күні Ол Өзі жалғыз қалса да, Оның ойы өзгермес еді. Ол Әкесін тыңдауға шешім қабылдады.

## **ИСА ӨЗІНІҢ КЕЙБІР ЖАҚЫН ДОСТАРЫН ДА РЕНЖІТТІ**

«Сол кезде Елазар деген бетаниялық кісі қатты ауырып жатты. Бұл ауылда Мәриям мен оның әпкесі Марта да тұратын. Кейінірек Иеміздің аяғына иісмай жағып, шашымен құрғатқан осы Мәриям еді. Қазір оның бауыры Елазар қатты науқастанып жатты. Сонда апалы-сіңлілі екеуі: «Мырза, Сіз жақсы көретін кісі ауырып жатыр», - деп Исаға Елазар туралы хабар жіберді» (Жохан 11:1-3).

Иса Елазарды, Мәриям және Мартаны жақсы көретін. Олар Оның жақындары болатын. Ол олармен көп уақыт өткізетін. Исаға Елазардың ауырып қалғаны жайлы айтқанда, Оның көзқарасына назар аударыңыз:

*«Бірақ Ол Елазардың науқастанып жатқанын естісе де, сол кезде болған жерінде тағы да екі күнге қалып қойды».*

*- Жохан 11:6*

Оның ауруы өлімге әкеліп соқтыратынын Иса білді. Бірақ Ол отырған жерінде тағы да екі күнге қалды. Ол ақырында сол жерге келген кезде, Елазар қайтыс болды. Мартаның да, Мәриямның да айтқандары:

*«Ием, Сіз осында болсаңыз, бауырым өлмес еді».*

*- Жохан 11: 21,32*

Басқаша айтқанда: «Неге осыны ести сала дереу келмедің? Сен Оны құтқара алушы едің ғой!» Осы екі апалы-сіңлі Исаға кішкене ренжігенге ұқсайды. Олар сол жайында хабарын жеткізу үшін адамды жіберсе де, Иса тағы да екі күнге қалды. Иса олардың ойлағанындай жасаған жоқ. Ол басқаша жасады. Оларға бару үшін барлығын тастай салған жоқ. Осының орнына Иса Киелі Рухтың жетелеуімен жүрді. Осы шешім бәріне де жақсы болды. Бірақ сол кезде Исаны еш нәрсе уайымдатпағандай болып көрінді. Көп жағдайларда Құдайдың қызметкерлері қауымның адамдарының бақылауымен жүреді. Бірде бағушылық қызметінен айырылған қауым кеңесінің мүшесі маған былай деп айтты: «Бізге біздің талап-тілектерімізді орындайтын бағушы керек. Маған сағат таңғы сегізде кофе ішуге келе алатын болу керек». Менің сол кезде ойлағаным: «Осындай түрлеріңмен сендерге тек өздерің қадағалап жүретін, Киелі Рухтың жетегінде жүрмейтін сөйлескіш адам керек қой!» Кейін мен сол қауымның жарты жылдың ішінде төрт бағушыны ауыстырғанын білдім. Мен жастардың қызметінің бағушысы болғаным алты ай болғанда, бір жас жігіт маған таянып: «Менің досым боласың ба?»- деп сұрады, –Соңғы бағушымыз менің досым болатын». Менің алдымда болған бағушы жастармен жақсы араласып, көпшіл болатын. Олар көптеген іс-қимыл ойындарымен шұғылданыпты. Оның сұрағанын мен түсіндім. Негізі тура осыны айтып кеткен қауымның кеңес мүшесі де бағушысынан талап ететін. Мен сол жігітке Киелі кітапта жазылғандарды көрсеттім:

*«Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді».*

*- Матай 10:41*

- Сенің достарың көп емес пе?-деп сұрадым.

- Иә,-деп жауап берді.

- Сенде тек бір-ақ жастардың бағушысы, солай емес пе?

- Сен қандай сыйға ие болғың келеді? Достың сыйына ма немесе бағушының сыйына ма? Өйткені сен мені қалай қабылдасаң, Құдайдан сондай сый аласың». Ол менің не айтып отырғанымды түсінді. – Мен жастардың бағушысының сыйын алғым келеді!

Кейбір мәсіхші қызметкерлер өз қауымдарындағы адамдарды ренжітіп алуға қорқады және олардың қолдауын жоғалтып алғылары келмейді. Олар басқаларды ренжіткісі келмей, қорқыныштың тұзағына түседі. Оларды Құдай емес, адамдар бақылайды. Осының салдарынан осындай қауымдарда мәңгілік құндылыққа жататын істер істелінбейді.

## **ИСА ШОМЫЛДЫРУ РӘСІМІНЕН ӨТКІЗУШІ ЖАҚИЯҒА АЗҒЫРЫЛУ БОЛДЫ**

Иса шомылдыру рәсімінен өткізуші Жақияның өзі ренжіп қалмас үшін азғырылумен күресті. «Бұл туралы Жақия пайғамбар шәкірттерінен хабар алып тұрды. Жақия олардың екеуін шақырып алды да, Иеміз Исаға жіберіп, Одан:

*«Келетін ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе? Әлде басқа біреуді күту керек пе?».*

*- Лұқа 7:18-20*

Тұра тұрындар! Неге Жақияның өзі Исадан шынымен келетін Мәсіх пе Сіз бе деп сұрады? Жақия Исаның жолын дайындап беруші және Оның келетіні жайында жариялап жүрді емес пе:

*«...-Қараңдар, Мынау - Құдайдың құрбандыққа жіберген «Тоқтысы»! Ол адамзаттың күнәсін өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды».*

*- Жохан 1:29*



Осы сөздерді Жақия шомылдырушының Өзі айтты: «...Киелі Рухқа Шомылдырушының Соның Өзі...» (Жохан 1:33). Және де осыларды айтты: «Мәсіхтің беделі артуға, ал менікі төмендеуге тиіс» (Жохан 3:30). Жақия шомылдырушыдан басқа Исанын шынайы Кім екенін ешкім де білмеді (Шимон Петрге сол кезде әлі ашылмаған еді). Онда ол неге осы сұрақты қойды екен: «...ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе?» Өзіңізді Жақияның орнына қойыңызшы. Сіз Құдайдың жасап жатқандарының алдында жүрсіз. Сіз көптеген адамдарға қызмет етіп жүрсіз, осы қызметіңіз барлық елге танымал және осы қызмет жайында адамдар көп айтып жүреді. Сіз үйленбей жүрсіз, сізге тағайындалып қойған жоспарды орындау үшін барлығын аянбай істейсіз. Сіз шөл далада өмір сүріп, шегірткелер және жабайы бал сіздің асыңыз болып, көп ораза ұстайсыз. Сіз діни қызметкерлермен беттесіп, сіздің жыныңыз бар дегенді естисіз. Сіздің барлық өміріңіз Мәсіхке жол дайындаумен өтеді. Енді сіз түрмеде отырсыз. Сіз тұтқында біраз уақыт отырсыз. Сізге аз адам келеді, өйткені халықтың назары енді сіз өзіңіз жолын дайындап берген Исаға аударылды. Тіпті сіздің өз шәкірттеріңіз де Исаға қосылып кетті. Сізбен тек бірнеше адам ғана сізге қызмет ету үшін қалды. Олар келген кезде, сол Адамның және Оның шәкірттері қалай өмір сүріп жүргені туралы айтып береді. Олардың өмірлерінді сіздің өміріңізбен салыстырғанда көп айырмашылықтар бар. Олар күнәкар адамдармен дастархандас болып жүреді. Олар сенбі күнін қастерлемейді және ораза ұстамайды. Сонда сіз өзіңізге сұрақ қоясыз: «Мен Оның үстінде қонған көгершін тәрізді Киелі Рухты көріп едім ғой?! Шынайы Мәсіх осылай істей ме екен?» және де сіз түрмеде ұзақ отырған сайын, ренжуге азғырылу келе береді. «Осы Адамға жол дайындау үшін бүкіл өмірімді кетірдім, ал Ол болса бір ретте маған түрмеге халімді білуге келген жоқ. Ол сонда қалай болды? Егер Ол шынымен Мәсіх болса, мені неге осы түрмеден босатып шығармайды? Мен ешқандай қылмыс жасаған жоқпын ғой». Сондықтан сіз сұрақ

кою үшін өзіңіздің адал екі шәкіртіңізді жібересіз: «ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе? Әлде басқа біреуді күту керек пе?» Исаның не деп жауап бергеніне қарайық:

*«Сол сәтте Иса көптеген адамдарды ауру-сырқауларынан сауықтырып, қинаған жындарынан арылтып, көп соқырларға рақым көрсетіп көздерін ашып жатты. Сонда Иса жіберілен кісілерге: - Сендер көріп-естігендеріңді Жақияға барып, айтып беріңдер: соқырлар көріп, сал болғандар жүріп, алапестер құлантаза сауығып, саңыраулар естіп, өлгендер қайта тіріліп, жарлыларға Ізгі хабар жарияланып жатыр. Ал Маған деген сенімнен бас тартпаған әркім бақытты!-деді».*

- Луқа 7:21-23

Ол Ишая пайғамбардың сөздерімен жауап берді. Жақияға осы сөздер мәлім болатын. Осы сөздер Ишая кітабында 29:18, 35:4-6,61:1 жазылған. Жақияның шәкірттері сұрақ қою үшін кезекте тұрған кезде, осы пайғамбарлық сөздердің орындалып жатқанын көрді. Осы сөздер Исаның Мәсіх екенін білдіреді. Бірақ Иса тек осы сөздермен аяқтамай: «Ал Маған деген сенімнен бас тартпаған әркім бақытты!» Басқаша айтқанда Иса Жақияға мынаны айтқысы келді: «Жақия, сенің мұндай жағдайға не үшін түскенің жайында түсінбейтініңді Мен білемін, және де Менің көптеген жолдарымды сен білмейсің. Бірақ Маған қарап азғырылма, өйткені Мен сен ойлағандай жасамаймын». Ол Жақияны Құдайдың жоспары жайында өз түсінігі бойынша соттамасын деп шақырған еді. Жақияға бізге сияқты Құдайдың толық жоспары ашылмаған болатын. Иса Оны жігерлендірді: «Саған тапсырылғандарды сен орындадың. Сенің алатын сыйың зор болмақ! Тек Маған қарап азғырылма».

## КЕШІРІМ СҰРАМАУШЫЛЫҚТЫ ТУДЫРАТЫН РЕНІШ (АЗҒЫРЫЛУ)

Егер сіз Құдайдың жолымен жүруге үйренсеңіз де, Жақия сияқты, сізде ренжіп қалуға себеп болуы мүмкін. Егер сіз Оны шынайы жақсы көрсеңіз және Оған сенсеңіз, Оның жолының жоғарылығын түсініп, ренішке немесе басқа азғырылуларға жол бермеуге тырысасыз. Егер сіз Киелі Рухқа мойынсұнсаңыз, сізге әрдайым адамдар ренжіп азғырылатын болады. Иса Жохан жазған Ізгі хабарында 3:8 былай дейді:

*«Жел қалаған жерінде соғады: оның гүлін естисің, бірақ қайдан келіп, қайда кеткенін білмейсің! Киелі Рухтан туылған әр адамның басынан өткені де осыған ұқсас,-деді».*

Сіз Киелі Рухтың жетелеуімен бір нәрселерді жасаған кезде, кейбір адамдар түсінбейтін болады. Олардың наразылықтары мен ызаларына шындықтан бас тартпау үшін көңіл бөлмеңіз. Адамдардың қалауларын орындаймын деп Рухтан бас тартпаңыз. Петр осыны ерекше етіп айтады:

*«Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді».*

*- Петрдің 1-ші хаты 4:1*

Сіз Құдайдың еркімен өмір сүрсеңіз, адамдардың жетегінде жүрмейсіз. Нәтижесінде тәніңіз азап шегетін болады. Діншіл адамдардың ойынша, Құдай Өз ісінде шектеулі. Олардың ойынша, Құдайға тек олар ғана келе алады. Егер Иса Иеміздің Өзі екі мың жыл бұрын Киелі Рухтың жетегінде адамдарды азғырып ренжітсе, Оның артынан еретін біз де тура осылай істейтініміз сөзсіз. Осыған мысал келтірсек, Пауыл елшінің қуғындалғаны туралы айтуға болады. Ғалатиядағы кейбіреулер

Пауыл Ізгі хабардың айқышын өзгертіп, сүндеттелу ғана құтқарады деп айтатын діни қызметкерлермен келіскен деген жалған сөзге сеніп қалды. Бірақ Пауыл оларға істің анығын ашып берді. «Маған қараңыздаршы,- деді ол, – мені діни қызметкерлері бүкіл жерден іздеп жүр. Егер мен сүндеттелу жайында уағыздасам, олар мені қайтеді? Құтқарылудың жалғыз жолы – тек айқыш ағаш болып табылады. Осы ақиқат адамдарды азғырып ренжітеді. Бірақ мен басқа «құтқарылу» жайында уағыздамаймын (Ғалатықтарға 5:11 қараңыз). Біз қандай құн төлесек те, жүрегімізде тек Киелі Рухқа мойынсұнуынымызды туралы шешім қабылдау керекпіз. Сонда біз адамдардың итермелеуі немесе жағдайлардың қысымшылығы арқылы шешім қабылдамай, өзіміз шешім қабылдайтын боламыз.

**Иса Өзінің Әкесіне  
мойынсұнғандықтан, кейбір  
адамдарды ренжітті.  
Бірақ Ол ешқашанда Өз  
құқығын қорғау үшін  
адамдарға азғырылу болған жоқ.**

## ОЛАРДЫ АЗҒЫРМАЙЫҚ!

---

*«Ендеше бір-бірімізді айыптауды тоқтатайық! Қайта, бауырластарыңды істегендерің арқылы тура жолдан тайдырып, азғындыққа түсірмеуге шешім қабылдаңдар!».*

- Римдіктерге 14:13

**К**ызмет етіп жүргенде Исаның көп адамдарды ренжіткені жайында айтып кеттік. Қазір бізге Исаны қоршағандардың бәрі Оған азғырылып ренжіген сияқты болып көрінді. Осы тарауда осы мәселенің басқа жағын ашып көрсеткім келеді. Иса және Оның шәкірттері Қапарнауым қаласынан жаңа ғана оралды. Шимон Петрге сол қаланың ғибадатхана үшін садақа жинайтын шенеунігі таянып: «Ұстаздарың ғибадатхана садақасын төлемей ме?» (Матай 17:24). Петр «иә» деп жауап беріп, Исаға қарай ұмтылады. Иса осы шенеуніктің сұрағын күткен еді. Ол Петрге:

*«-Шимон, қалай ойлайсың: осы дүниелік патшалар алым-салықты кімнен жинайды: өз халқынан ба, әлде бөтендерден бе?-деген сұрақ қойды. – Бөтендерден. –Сонымен өз халқы босатылған,- деп тұжырымдады Иса».*

- Матай 17: 25-26

Иса ұлдардың салықтан босатылғаны туралы деген пікірге Петрді итермеледі. Олардан (ұлдардан) салықты сұрамайды. Керісінше, олар сол салықтарды алып қолданады. Олар сол салықтардың арқасында зәулім үйлерде өмір сүреді. Ұлдар

(яғни балалар) патшалардың үстелінен тамақ жеп, киімдерін киеді. Сол салық жинаушы ғибадатхана алым-салығын алады. Бірақ сол ғибадатхананың иесі кім болды екен? Ол кім үшін салынған ғибадатхана? Жауабы: Құдай Әке үшін. Петр Исаның Құдайдың рухани Ұлы екені жайлы жаңа ғана ашықтық алған кезі еді. Сондықтан да Иса Петрге осы сұрақты қойды: «Егер Мен осы ғибадатхананың Иесінің Ұлы болсам, онда Мен салықтан босатылдым ғой?» Әрине, Иса осы алым-салықтан босатылды және төлемеуге толығынан құқығы болды. Бірақ Петрге не деп айтқанын қараңыз:

*«Алайда әлгі садақа жинаушыларды өкпелетпеу үшін көлге барып, қармақ таста. Ілінген алғашқы балықтың аузын ашсаң, бір үлкен күміс теңгені табасың. Соны алып, оларға сен екеуіміз үшін бере сал, - деп тапсырды».*

*- Матай 17:27*

Ол жаңа ғана Өзінің ерікті адам екенін дәлелдеді. Бірақ сол адамдарды азғырмау үшін (ренжітпеу), Ол Петрге «төлей салайық» деп айтты. Оның Петрге балықты аулап, аузынан ақша алып шық дегені - Оның ерікті адам екенінің тағы да бір дәлелі болып табылады. Құдай Әке алым-салықтың ақшасыз да қамтамасыз етеді. Иса – бүкіл әлемнің Тәңірі! Ол - Құдайдың рухани Ұлы! Осы жер мен көкті жаратып, Иесі болып келді. Сондықтан да Ол сол балықтың ауызында ақша болатынын білді. Осы ақшаны табу үшін Оған жұмыс істеудің қажеті болған жоқ. Ол Құдайдың рухани Ұлы болды. Бірақ осыған қарамастан, Ол адамдарды ренжітпейін деп алым-салықты төледі. Өткен тарауда адамдарды ренжітіп, олардан кешірім сұрамайтын осы Иса ма? Ол Өзінің салықтан азат екенін дәлелдеді: «Оларды өкпелетіп алмас үшін, барып төлей сал!» Осы жерде Исаның әрекеттері тиянақсыз сияқты, солай емес пе? Осының жауабын келесі аятта көреміз: «Сол уақытта шәкірттері Исаның қасына келіп: –Құдай Патшалығында кімнің жолы үлкен? - деген сұрақ қойды. Иса бір кішкентай баланы

шақырып алып, орталарына кіргізіп қойды да, былай деді: - Сендерге шындығын айтайын: теріс пікірлеріңнен қайтып, бала сияқты (кішіпейіл) болмасаңдар, Құдайдың Патшалығына кіре алмайсыңдар! Кім өзін осы жас бала сияқты кіші тұтса, Құдай Патшалығында соның жолы ең үлкен» (Матай 18:1-4). Осы жерде негізгі сөйлем «бала сияқты кіші тұтса» болып табылады. Кейінірек Иса осыған толық түсіндірме береді:

*«...қайсың ұлы болғысы келсе, сол өзгелеріңе қызмет ете берсін! Қайсың ең бастыларың болғысы келсе, сол сендерге құл іспетті қызмет ете берсін! Осы сияқты Мен де Құдай тағайындаған Билеуші бола тұра, Өзіме қызмет еткізуге емес, Өзім қызмет етіп, көптеген адамдардың азаттық төлемін өтеу үшін жанымды қиюға осы дүниеге келдім».*

- Матай 20:26-28

Қандай ғаламат! Қандай пайымдау десеңші! Өзіне қызмет еткізуге емес, Өзі қызмет етуге келді. Ол Құдайдың Ұлы еді. Ол азат болды. Ол ешкімге де ешнәрсе қарыздар болған жоқ. Ол ешқандай адамның қарамағында болған жоқ. Бірақ Ол Өз бостандығын пайдаланып, адамдарға қызмет ету үшін келді.

## **ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҮШІН АЗАТ БОЛУ**

Жаңа Өсиетте біздерді, Құдайдың балаларын Исаға еліктеп, жүректеріміз Оныкіне ұқсасын деп шақырады:

*«Бауырластар, Құдай сендерді еркіндікке шақырды. Бірақ еркіндікті күнәлі құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін теріс пайдаланбаңдар, қайта, бір-біріңе сүйіспеншілікпен қызмет етіңдер!».*

- Галатықтарға 5:13

Бостандық сөзін білдіретін басқа сөз бар. Ол – артықшылық. Біз тірі Құдайдың балалары болғандықтан, осы бостандықты немесе артықшылықты өзімізге қызмет ету үшін қолданбау



керекпіз. Бостандық басқа адамдарға қызмет ету үшін керек. Қызмет- жеңіл немесе азаттықтағы еңбек. Бостандықсыз және шырмалушылықтағы еңбек- құлшылық. Құл- ол қызмет етуге мәжбүр, ал қызметші- ол қызмет еткісі келетін адам. Құл мен қызметшінің әрекеттерінің айырмашылығын қарастырайық:

Құл қызмет етуге мәжбүр, ал қызметші жұмысты өзі алып істейді.

Құл өзінен талап еткендердің азын істейді, ал қызметші өзінің әр мүмкіншілігін жұмыс істеу үшін пайдаланады.

Құл бір майдан жүрсе, қызметші екеуінен де өтеді.

Құл өзін тоналғандай сезінеді, ал қызметші өзі береді.

Құл байлаулы, ал қызметші бостандықта.

Құл өз құқығы үшін күреседі, қызметші өз құқығынан бас тартады.

Көптеген мәсіхшілердің жүректеріндегі ренішпен қызмет етіп жүргендерін көрдім. Олар азынушылықпен, күнкілдеумен садақаларын береді. Олар азат етілген болса да, заңның құлы сияқты өмір сүреді. Олар өз жүректерінде құл болып жүреді. Осының ең қайғылысы, олар осы заңды Жаңа Өсиетке сүйеніп жасайды. Олар Исада болған қарым-қатынас сияқты қызмет еткен жоқ. Олар қызмет ету үшін азат етілгендерін әлі түсінбей жүр. Сондықтан да олар басқалардың емес, өз қызығушылықтары үшін әлі де күресіп жүр. Пауыл елші римдікер мен қорынттықтарға өзі жазған хатында, олардың осындай қарым-қатынастарын әшкереледі. Олардың бостандығын әшкерелеген кезде тағам жайында айтып кетті. Пауыл оларды көндіру үшін мынандай сөзбен бастайды: «Сенімі әлсіз бауырластарды олардың ой-пікірлері жөнінде таласпай, қауымдарына қабыл алындар! Мысалы, біреу «маған тамақтың бәрін де жеуге болады» деп сенсе, соған күмәнданатын басқа біреу көкөніс қана жейді» (Римдіктерге 14:1-2). Иса адамды шығатын емес, кіретін нәрсенің арамдайтынын анық айтып кетті. Осы сөзбен Оның айтқысы келетіні енді сенушілерге әр тамақ тазартылған

болады. Пауылдың айтуынша, кейбір сенушілер сенімінде әлсіз болып, еттен әлі күнге шейін жемей, арамданатынынан қорқады. Иса қалай істеуді толығымен түсіндірсе де, олар етті жей алмайды.

*«Ал енді, жалған тәңірлерге ұсынылған тағамдарды ішіп-жеуге келсек, біз сондай тәңірлердің күллі әлемде шынымен жоқ екенің және жалғыз Құдайдан басқа еш құдайдың жоқ екенін білеміз... Бірақ біз бәрінің бастауы болған бір ғана Құдай Әкені танимыз, Ол үшін өмір сүрудеміз; сондай-ақ, жалғыз Иеміз-Иса Мәсіхті де танимыз: күллі әлем де, өзіміз де сол арқылы пайда болдық».*

*- Қорынттықтарға 1-ші хат 8:4,6*

Қорынттықтардың және римдіктердің қауымдарында әлсіздердің қасында тағамданатын, ал әлсіздер азғырылатын. Әлсіз сенушілер етті көргенде жалған тәңірлерге әкелетін құрбандық көз алдарында әрдайым тұратын. Ал мықты сенушілер жалған тәңірлердің түкке тұрмайтынын біліп, еш жиіркенсіз етті жей беретін. Бірақ шын мәнінде олар Жаңа Өсиеттің сенушілері ретінде бостандығынан айырғылары келмей, әлсіз бауырластарды азғырып жатырмыз деп те ойламаған. Өздері осыны түсінбей, әлсіздерді азғындыққа түсіріп тура жолдан тайдыратын болған. Қызметшінің жүрегінде мұндай қарым-қатынас болмауға тиіс. Пауылдың оларға айтқанына қараңызшы: «Ендеше біз бір-бірімізді айыптауды тоқтатайық! Қайта, бауырластарыңды істегендерің арқылы тура жолдан тайдырып, азғындыққа түсірмеуге шешім қабылдаңдар! Құдайдың Патшалығы ішіп-жеуде емес, Киелі Рухтың күшімен әділ, өзара тату, қуанышты өмір сүруде» (Римдіктерге 14:13,17). Оның айтатыны: «Құдайдың Патшалығы шын мәнінде не екенін ұмытпайықшы, ол - Киелі Рухтағы қуаныш, тыныштық пен әділ өмір сүру». Осы жарылқаулар жаңа сенушілерден табылған жоқ. Мықтырақ сенушілер өз бостандығын қызмет ету үшін емес, өз құқығын қорғау үшін ұстанды. Олар

Жаңа Өсиетің негізінде бостандықтары барын білді. Бірақ сүйіспеншіліксіз білім адамды құртып жібереді. Исаның жүрегі ондай болмаған! Иса ғибадатхананың салықтарын төлеп, өзін ғана ойламай, адамдарға қызмет ету керегін Петр мен қалған шәкірттеріне көрсетті. Басқа адамдарды тура жолдан тайдыратын бостандық өз құқығын қорғаудың себебі болғанын Иса қаламаған. Пауыл осындай сенушілерде Құдайдың жүрегі болмағандықтан, Мәсіхте өз құқығын білетіндерге ескертпе жасады:

*«Осылай әлсіз адам, яғни өз бауырласың, сенің «біліктілігіңе» бола тура жолдан адасып, рухани жойылып кетеді. Ал Мәсіх ол үшін де жанын құрбан етті! Міне, осылайша бауырластарыңның әлсіз ар-ұждандарын жарақаттап, оларға қарсы күнә жасауыңмен Мәсіхке қарсы да күнә жасайсың».*

*- Қорынттықтарға 1-х. 8:11-12*

Әлсіз сенушілерді мұқатып, оларды тура жолдан тайдырып азғырсаңыз, онда сіз бостандығыңызды пайдалана отырып күнә жасайсыз.

## **ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢНАН БАС ТАРТУ**

Иса Өзінің салық жайында ерікті екенін дәлелдеп, өз шәкірттеріне бойсұнудың маңыздылығын көрсетті:

*«Ал кім Маған сенетін осы кішкенелердің біреуін азғырып теріс жолға түсірсе, сол адам үшін мойынына діірменнің тасы байланып, теңіздің тұңғиығына батырылғаны жақсырақ болар еді-ау! Осы күнәкар дүние адамдарды теріс жолға азғырғаны үшін қасіретке ұшырайды! Азғыратын жағдайлардың болатыны сөзсіз, бірақ азғыру кімнен шықса, сол қасіретке қалады! (Иса сөзін жалғастырып, астарлап былай деді:) – Егер сені*

*өз қолың не аяғың (секілді өте қажетті нәрсең) күнәға азғырса, ол сен үшін «шабылып, лақтырылып тасталған» сияқты жоқ болсын! Екі қол, екі аяқпен мәңгілік тозақ отына лақтырылғаннан гөрі сыңар қол-аяқпен мәңгілік өмірді иемденгенің саған артық болар еді. Егер де сені көзің (секілді өте құнды нәрсең) күнәға азғырса, ол сен үшін ойылып, лақтырылып тасталған сияқты жоқ болсын! «Екі көзіңмен» тозақ отына лақтырылғаннан гөрі «сыңар көзбен» мәңгілік өмірді иемденгенің саған артық болар еді. Сақ болыңдар, осы кішкенелердің бірде-біреуін менсінбей жүрмеңдер! Сендерге айтамын: олардың періштелері көктегі Әкемнің келбетін әрдайым көріп тұрады».*

*- Матай 18:6-10*

Матайдың Ізгі хабарының осы тарауында азғырылулар жайында айтылады. Күнәға итермелейтін барлық нәрседен арылу керектігін Иса ескертеді. Егерде сіздің артықшылығыңыздың өзі әлсіз бауырыңызды күнәға итермелесе, соның көзінше осы қылығыңызды алып кесіп тастаңыз. Мүмкін сіз ойлайтын шығарсыз: онда неге Иса адамдарды Өзі азғырып жүрді? Жауабы осындай: Ол Өз Әкесіне мойынсұнып, адамдарға қызмет етті. Сондықтан да кейбір адамдар азғырылды. Ол Өз құқығын қорғау үшін жасаған жоқ. Иса сенбі күні адамдарды сауықтырғанда діни қызметкерлер азғырылды. Ол Әкесі айт деген ақиқатты уағыздаған кезде, шәкірттері азғырылды. Елезар қайтыс болған кезде, асықпаған Исаға Мәриям мен Марта азғырылды (ренжіді). Халыққа қызмет еткен кезде, Өзіне ғана қызмет етіп, адамдарды ренжітті деген еш жерде жазылмаған. Пауыл Қорынттықтарға арналған хатында бізге ескертеді:

*«Дегенмен байқаңдар, бұл еркіндіктерің сенімі әлсіздерді күнәға азғырмасын!».*

*- Қорынттықтарға 1-х. 8:9*

Еркіндік бізге басқаларға қызмет ету үшін және басқалар үшін жанымызды беруіміз үшін берілген. Біз талқандау емес, нығайтуымыз керек. Және де біз осы еркіндікті өзімізге тырысу үшін берілген жоқ. Еркіндігімізді дұрыс қолданбағандықтан, көпшілік адамдар қазіргі сенушілердің өмірінен азғырылып жатады. Есімізге тағы да салып кетейік: «Дегенмен байқандар, бұл еркіндіктерің сенімі әлсіздерді күнәға азғырмасын!» Осы парызды бұзғанның мысалын келтіріп кетейін. Өзімнің Индонезияға екінші миссионерлік сапарымда әйелім Лизаны, балаларымды және балалардың күтушісін алып кеттім. Біз Валидағы шипажайлы арал Денпасарға келдік. Біз келген қауымымыздың ақсақалында қаланың шулы жерінде бір қарапайым қонақ үйі бар екен. Біз ұйқысыз біраз жол жүріп келдік. Әрине, біз қатты шаршадық. Келген күні түнде иттердің үруінен және қатты шудан бірнеше рет оянып, дұрыстап ұйықтаған жоқпыз. Келесі күні біз Яваға барып, екі жеті қызмет еттік. Бізде бір-ақ күн демалыс болды. Оның өзі көшумен өтіп кетті. Жиырма төрт сағаттың ішінде, біз саны отыз мыңға жететін қауымға қызмет еттік. Бізге қайтадан Вали арқылы оралуымыз керек еді. Ақсақалдың қонақ үйінде тағы да қонатынымызды бағушымыз айтты. Біз осы хабардан қуанған жоқпыз: екі жеті үздіксіз қызметтен кейін, тағы да ұйқысыз түнді өткізгіміз келген жоқ. Біз Явадан Валиге кетіп бара жатқан кезімізде, таңғы асымызда бір әйел бізге ең жақсы қонақ үйде түнеу үшін ақшасын төлейтіні жайында ұсыныс жасады. Мен жақсы жерде демалатынымызға қуанып, ұсынысты қабылдадым. Біз мейрамханадан киімімізді жинауға кеткенімізде, Лиза осы ұсыныс жайында бір түрлі сезініп, алаңдап тұрғанын айтты. Біз кішкене ойланып, алаңдайтынеш нәрсе жоқ, бәрі жақсы болады деп ойладық. Явадан Валиге ұшып бара жатқанымызда, Лиза маған тағы да біздің дұрыс шешім қабылдамағанымызды айтты. Мен ақымақтық жасап, оны тыңдаған жоқпын. Бұл жақсы мүмкіншілік және қауымға жүк түсірмейді ғой деп айттым. Валиге келгенімізде, жүгімізді алуға бара жатқанда,

әйелім мені тағыда осылай жасамауға көндіруге тырысты. Мен оны тағы да тыңдамадым. Біз сол жердің бағушысына барып, ақсақалдың мейманханасына мұқтаж еместігімізді айттық. Себебін түсіндіріп, сол әйелдің ұсынысы туралы айттық. Оның абыржығанын сезіп, не болғанын сұрадым. Қуанышқа орай, ол кісі менімен ашық сөйлесті: «Джон, бұл ақсақалды және оның отбасын ренжітеді. Олар сол түні барлық бөлмелер сатылып кетсе де, сендер келеді деп бір бөлмені сақтап қойды». Мен олардың қамқорлығына алғыссыз қарағаным, бағушыны ренжітіп алған сияқтымын. Ақырында мен оған сол ұсыныстан бас тартып, ақсақалымыздың қонақ үйінде түнейтініміз деп уәде бердім. Құдай менің қай жерде қате жібергенімді түсіндірді. Мен бағушыны жарақаттағанымды түсіндім. Мен өз құқығымды қорғаймын деп бауырласымды ренжіттім, ал ол күнә болып есептеледі. Сондықтан да мен оған келіп кешірім сұрадым. Ол мені кешірді. Осындай сабақты тағы да басымнан кешпейтініме үміттенемін.

## НЫҒАЙТАТЫН СЫНАҚ

Құдайдың азғырылушылыққа қарым-қатынасы жайында Пауыл елші қорытынды шығарды:

*«Ендеше өзара тату жүріп, бір-біріміздің рухани өсуімізге көмектесетіннің барлығына жан-тәнімізбен ұмтылайық!».*

*- Римдіктерге 14:19*

Біздің өміріміз ешкімді де тура жолдан тайғызбай, азғырмауы керек. Біздің істегеніміздің барлығы Киелі кітаптағы әріп сияқты болып саналып жүрмесін. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Бұл адамдарды нығайта ма, әлде олардың барлығы тек маған пайдасын тигізе ме?»

*«Бәрін істеуге болады», - дейсіңдер. Бірақ бәрі бірдей тиімді емес. «Бәрін істеуге болады». Бірақ*

*бәрі бірдей сенімдеріңді жетілдірмейді. Әркім жеке басының емес, басқаның мүддесін ойлау керек. Басты қағида мынау: не ішіп-жесеңдерде, не істесеңдерде, бәрін Құдайды дәріптеу үшін істеңдер! Яһудилердің де, басқа ұлт адамдарының да, Құдайдың қауымының да сенімдеріне нұқсан келтірмеңдер! Мен де бәріне қай жағынан да ұнамды болуға тырысып, жеке басымның емес, көпшіліктің мүдделерін ойлаймын. Мұны олардың құтқарылуы үшін істеймін».*

*- Қорынттықтарға 1-ші хат 10:23-24,31-33*

Киелі Рух осы аяттар арқылы өміріңіздің барлық бөліктерін зерттеп әшкерелесін. Сіздің көрінбейтін ниеттеріңізді Оған ашып көрсетуге рұқсат етіңіз. Өміріңіздің қай саласы болмасын, Оның шақырылуын естіп, қызметші сияқты қызмет етіңіз. Мәсіхтегі еркіндікті өзіңіздің құқықтарыңызды қорғау үшін емес, басқаларды азат ету үшін пайдаланыңыз. Пауыл қызметшінің шарты мынадай:

*«Қызметіміз ұятқа қалмасын деп, жұрттың Ізгі хабарды қабылдауларында іс-әрекетімізбен ешкімге ешқандай кедергі жасамаймыз».*

*- Қорынттықтарға 2-ші хат 6:3*

**Кешіргісі келмейтін адам.  
Құдай оған қандай қарызды  
кешіргені жайында ұмытты.**



## КЕШІРІМДІЛІК: БЕРМЕГЕНДІКТЕН, АЛМАЙСЫЗДАР

---

*«Сондықтан сендерге былай деймін: Құдайға сиынып (Оның еркіне сай) не сұрасаңдар да, соны қабылдадық деп сеніңдер! Сонда ол орындалмақ. Ал сиынып тұрған кездеріңде, біреуге өкпелерің болса, оны кешіріңдер! Сонда көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешіреді. (Егер өздерің кешірмесеңдер, көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді)».*

- Марқа 11:24-26

**О**сы тарауда кешірмеудің салдары жайында және одан қалай азат бола алатыныңыз туралы талқылаймыз. Иса айтатын нәрселерін нақты түрде айтатын: «Егер өздерің кешірмесеңдер, көктегі Әкелерің сендердің де күнәларын кешірмейді». Біздің қоғамымыз бір нәрсені айтқанымен, мүлдем басқаны ойлап тұрады. Біз солай тәрбиеленгенбіз. Осының салдарынан адамдар бір-бірінің сөздеріне мән бермейді. Осының барлығы балалық шағымыздан басталады. Ата-аналары балаларына: «Егер сен осылай істесең, жазасын аласың», - дейді. Бала бір рет істемек түгіл, осыны көп рет қайталайды. Ата-анасын тыңдамаған сайын, осы ескертуді ести береді. Әдетте, баланы түзету үшін ешқандай жаза қолданылмайды. Жазалаған күннің өзінде, айтылғандай қатты жазаламайды немесе ашу үстінде қатты жазалайды. Осы екі әрекет балаға былай естіледі: біз шын мәнінде не айтып жатқанымызды ойламаймыз немесе айтылғандарымыздың барлығы жалған. Билікте тұрғандардың бүкіл сөзі жалған

деп бала үйрене бастайды. Мұндай қарым-қатынас өмірінің барлық салаларына тарай бастайды. Ондай бала өз мұғаліміне, достарына, бастықтарына осындай пікірмен қарайды. Осындай қарым-қатынас оның өмірінде әдетке айналады. Оның барлық сөздері орындалмаған уәделер мен пікірлерге толы. Ол ойлағанын айтпайды. Сіздерге үйреншікті мысал келтірейін. Джим өзінің танысын кездестіріп қалды. Ол танысымен біраз араласпай кеткен болатын. Джим асығып келе жатып, ішінен ойлайды: «Мынау Том ғой, бүгін кездесіп қалағанын қарашы. Онымен сөйлесетін уақытым жоқ болып тұр». Олар бір-бірімен кездесіп қалып, Джим сөзді бастап: «Сәлем, бауырым! Құдайға шүкір! Сені көргеніме қуаныштымын!» Олар сәл сөйлеседі. Джим асығып әңгімесін аяқтауға тырысады: «Жарайды, екеуімізге бір күні кездесіп, әңгімелесіп, түскі асымызды бірге ішу керек». Біріншіден, Джим асығып тұрды және оны көргеніне қуанған жоқ. Екіншіден, ол оны кездестіргенде Құдай жайында ойламаса да, оған «Құдайға шүкір» деп айтты. Үшіншіден, оның Томмен кездесіп, тамақтануға ниеті және қалауы болған жоқ. Ол өз ұсынысын орындайын деген жоқ. Ол осы сөздерді Томнан құтылу үшін және өз ар-ожданын тыныштандыру үшін айтты. Сондықтан да Джим өз айтқандарын ойлап жатқан жоқ. Мұндай жағдайлар адамдардың өмірінде күнде болып жатады. Бүгінгі күнде адамдардың айтқандарының көбі ойларымен сәйкес келмейді. Біреудің сөздеріне сенуге болатындығына немесе болмайтындығына бүгін түсіну қиын. Бірақ Иса бізге бір нәрсе айтқан кезде, Оның сөзіне сенуіміз керек және жауапты қарауымыз керек. Біз Оның сөздеріне адамдардың сөздеріне сияқты қарамауымыз керек. Иса бір нәрселерді айтатын болса, Ол Өз сөзіне жауап береді. Біз сенімді болмаған күндерімізде, Ол сенімді болады. Оның адалдығы, шындығы және әділеттілігі біздің мәдениетімізге қарағанда, жоғары деңгейде тұр. «Егер өздерің кешірмесендер, көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді» деп, Иса нақты түрде айтты. Дұрыстап қарасақ, Иса осыны Ізгі хабарда көп рет айтып

кеткен. Иса осы ескертпелердің маңыздылығын бөліп айтады. Олардың кейбіреулеріне назар аударайықшы:

*«Егер өздеріңе күнә жасағандарды кешірсеңдер, онда көктегі Әкелерің де сендерді кешіреді. Ал егер басқалардың күнәларын кешірмесек, онда көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді».*

*- Матай 6:14-15*

*«...Кешіріңдер, сонда сендер де кешірілесіңдер».*

*- Лұқа 6:37*

*«Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей, Сен де күнәларымызды кешіре гөр».*

*- Матай 6:12*

Қызық екен, күнәларын Құдай кешіргенін қаншама сенуші қалайды? Олар тек ренжіткендерін ғана кешірсе, Құдай кешіреді. Біздің қауымдарымызда кешірімсіздік бірінші орын алғандықтан, біз Исаның осы сөздеріне мән бергіміз келмейді. Біздің арамызда кешірімсіздік қаншалықты тарап кетсе де, ақиқат еш өзгермейді. Біз адамдарды кешірсек, сол адамдарға деген жүрегіміздегі көзқарасымызды қалпына келтірсек, солай біз де кешірілетін боламыз. Мен Филипиндегі бір қызметші туралы ерекше куәлік естідім. Оны бұрыннан білетін достарым оның сезімдерін баяндап берген мақаланы оқып берді. Сол кісінің кәсібі өрге домалағандықтан, ол Құдайдың еркінен көп жылдар бойы қашып жүрді. Ол өте көп ақша таба бастады. Ақыры, оның Құдайға мойынсұнбаушылығы жүрек ауруына алып келді. Ол ота жасайтын үстелде мерт болып, өзінің денесінен шығып, өзін жұмақтың қақпасының алдында тұрғанын көреді. Қасында Иса тұр екен және Ол оның мойынсұнбаушылы туралы айтып жатты. Әлгі адам Иемізге жалбарынып, егер Ол өмірін ұзартса, Исаға қызмет ететініне уәде берді. Иса осыған келіседі. Оны денесіне қайта жіберер алдында Иса оған тозақты көрсетеді. Ол тозақта әйелінің анасының отта жанып жатқанын көреді.

Ол қатты таңданды. Ол «күнәкардың мінажатымен» дұға етті, өзін мәсіхшімін деп жария етіп, қауымға барып жүрді ғой. «Ол неліктен тозаққа түскен?»-деп Исадан сұрады. Иса Сол әйел өзінің бір туысын кешіруден бас тартпағандықтан, оның өзінің де кешірілмегені жайында айтты.

## КЕШІРУ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨСУ

Біз өзіміздің қызметімізде кешірмеушіліктің тозағын көп рет байқағанбыз. Мен Индонезиядағы қызметімді енді бастағанымда, бір ауқатты кәсіпкердің үйінде тұрдым. Ол және оның отбасы мен қызмет етіп жүрген қауымға келіп жүргенімен, олар құтқарылмағандар еді. Біраз уақыттан кейін бірінші болып әйелі құтқарылды, сосын оның өзі және олардың үш баласы да құтқарылды. Олардың өмірлеріне азаттық келіп, үйлеріндегі жағдайлары өзгерді. Үйлері үлкен қуанышқа толды. Олар менің сол жерге отбасыммен тағы да қызмет етуге келетінімді білген кезде, өздеріне тағы да шақырып, ұшақ билетінің ақшасын және балаларымның күтушісінің жалақысын төлеуді ұсынды. Біз келіп, олардың қауымдарында он шақты қызмет өткіздік. Мен тәубе ету және Құдайдың құзыры жайында уағыздадым. Қызмет уақытында сол залда Құдайдың құзыры кенелген адамдар тәубеге келіп, көздеріне жас алды. Сол қызметтерге кәсіпкердің бүкіл жанұясы келіп жүрді. Кәсіпкердің анасы сол қалада тұрады екен. Ол да әр қызметтеріме келіп жүрді. Осы кісі де балаларымның жол ақысын төлеуге үлкен ақша берді. Сол жетінің аяғында, кәсіпкердің анасы менің көзіме тура қарап, сұрақ қойды: «Джон, мен неге бір рет болса да Құдайдың құзырын сезген жоқпын?» Жаңа ғана таңғы асымызды тауысып болған едік, басқалары кетіп қалған еді. «Мен әр қызметіңе келіп жүрдім. Сенің уағыздарыңды мұқият тыңдадым. Алдына шығып, тәубе етсем де, Құдайдың құзырын сезген жоқпын. Мен ешқашанда Оның құзырын сезіп көрген емеспін». Мен онымен кішкене сөйлесіп, оған ұсыныс жасадым: «Сіздің Құдайдың

Рухына толуыңыз үшін мінажат етейік?!» Мен оған қолымды жайып, Құдайдан оны Киелі Рухқа толтыруы жайында мінажат ете бастадым. Бірақ Құдайдан еш жауап алған жоқпын. Содан соң Құдай менің рухыма сөйледі: «Ол өзінің күйеуін кешірмеді. Оған кешірсін деп айт». Мен қолымды алып тастадым. Оның күйеуі қайтыс болғанын білсем де оған айттым: «Құдай маған сіздің өз күйеуіңізді кешірмегенін айтты». «–Иә,- деп жауап берді, – бірақ оны кешіру үшін қолымнан келгенімнің бәрін істедім». Кейін ол күйеуінің оған қандай масқара нәрселердің жасағанын айта бастады. Бір жағынан, мен оны түсінемін. Мұндайды кешіру қиын.«Құдайдан бір нәрсе алу үшін, сіз кешіру керексіз»,- Исаның кешірімсіздік туралы айтып кеткендерін түсіндірдім. «Сіз оны өз күшіңізбен кешіре алмайсыз. Осыны Құдайға алып келіп, Одан кешірім сұрау керексіз. Тек осыдан кейін жолдасыңызды кешіре аласыз. Күйеуіңізді кешіруге дайынсыз ба?»- деп сұрадым. «Иә»,- деп жауап берді. Мен оны қарапайым мінажатқа шақырдым: «Көктегі Әке! Иса Мәсіх атымен Сенен күйеуімді кешірмегенім үшін кешірім сұраймын. Құдайым, өз күшіммен кешіре алмайтынымды білемін. Одан еш нәтиже шыққан жоқ. Бірақ қазір Сенің алдыңда, мен күйеуімді жүрегімнен жіберемін. Мен оны кешіремін». Осыны айтқан бетте, көзінен жас шыға бастады. «Қолыңызды көкке көтеріп, бөтен тілде мінажат етіңіз»,- деп оны итермеледім. Өмірінде бірінші рет ол көктегі тілмен сөйлеп кетті. Біз Құдайдың құзырын сезгеніміз соншалық, Оның алдында қорқыныш пен Оған деген құрметке бөлендік. Ол бес минут бойы жылады. Біз сәл ғана сөйлесіп, мен оған Құдайдың құзырынан ләззат алуын ұсындым. Ол Құдайға сиынуын жалғастырды. Ал мен оны жалғыз қалдырып, ас үйден шығып кеттім. Осы хабар оның ұлы мен келініне жеткен кезде, олар танданып қалды. Ұлы анасының жылағанын ешқашан көрмегенін айтты. Оның өзі де соңғы рет қашан жылағаны есінде жоқ: «Күйеуім қайтыс болған кездің өзінде, бір тамшы жасымда тамған жоқ». Сол кештің қызметінде, ол су рәсімінен өтті. Келесі үш күннің ішінде, жүзі

Шайтан тұзағы

бал-бұл жайнап жүрді. Мен оның алдында осы әйелдің осылай күлімдеп жүргенін көрген жоқпын. Ол кешірмегендіктен, кешірімсіздіктің қамалында отырды. Ол күйеуін кешіргенде ғана, Құдайдың күшін өміріне қабылдап, шынымен де Оның құзырын сезді.

## КЕШІРЕ АЛМАҒАН ҚЫЗМЕТШІ

Матайдың он сегізінші тарауында Иса ренжу мен кешірімсіздіктің салдарынан түсетін құлдықты көрсетеді. Ол ренжіп қалған адамдармен қалай сөйлесу керегін бауырларына үйретті (осыны келесі тарауда қарастырамыз). Петр Исадан сұрады:

*«-Мырза, егер бауырласыммаған қарсы күнә жасай берсе, оны неше реткешіруім керек? Жеті ретке дейін бе? -деп сұрады».*

*- Матай 18:21*

Ол өзін мейірімдімін деп санады. Петр барлығының ушыққанын жақсы көретін. Осыны ол Өзгеріс тауында айтқан болатын:

*«...Біреуін Сізге, біреуін Мұсаға, біреуін Илиясқа арнап үш күрке құрайын».*

*- Матай 17:4*

Енді ол өзін көрсеткісі келді: «Жеті ретке дейін кешіре аламын деп Исаны таң қалдырайын». Бірақ ол өзін таң қалдыратын жауап естиді. Иса Петрдің мейірім туралы түсінігінің тас-талқанын шығарды:

*«...саған айтамын: жеті емес, жеті қайтара жетпіс ретке дейін».*

*- Матай 18:22*

Құдай қалай кешірсе, сізде солай әрдайым кешіруді үйрену керексіз. Кейін өзінің айтқанын айрықша бөлу үшін Иса астарлы

әңгімемен жалғастырды:

*«Құдай Патшалығындағы жағдай мынаған ұқсас: Бір патша қызметкерлерінен есеп алмақшы болады. Есеп ала бастағанда оның алдында он мың ат басындай күміске борышты қызметкерін алып келеді» (Синодалдық аударма Киелі кітабында «талант» деген сөзді қолданылады).*

*- Матай 18: 23-24*

«Таланттың» қаншалықты құндылығын түсініп көрейік. Талант сол кездегі жалғыз өлшем бірлігі еді. Оны алтын (Патшалықтар 2-ші жазба 12:30), күміс (Патшалықтар 3-ші жазба 20:39) және басқа құнды металлдар мен басқа тауарларды өлшеуде қолданатын. Осы астарлы әңгімеде Иса қарыз жайында айтып жатты. Сондықтан біз оны күміс не алтын деп санайық. Нақтырақ оны алтын деп санайық. Кәдімгі талант шамамен 34 кг-мен теңеседі. Ол бір адамның салмағымен бірдей деп айтуға болады. Он мың талант 385 тоннаға дейін тең болады. Ол қызметкер өз патшасына 385 тонна алтын қарыз болды. Қазіргі таңда алтынның бір унциясы (28,3 грамм) шамамен 375 долларға тең. Қазіргі бір талант алтынның бағасы 450 000 доллар тұрады. Демек 10.000 талант, 4,5 миллиард доллар болады. Сол қызметші өз патшасына 4,5 миллиард доллар қарыз болды! Иса осы жерде сол қызметкер ешқашанда төлей алмайтын қарыз жайында айтып берді. Осы жерден біз оқимыз: «Қарызын төлейтін ештеңесі болмағандықтан, патша оның өзін, әйелін, бала-шағасы мен күллі мал-мүлкін түгел сатып, содан түскен ақшасын қарызын өтеуге бұйырады. Сонда қызметкер патшаның аяғына жығылып: «Таксыр, маған сәл мүрсат бере көріңіз, мен бәрін де төлеймін!» деп жалынады. Қызметкеріне жаны ашыған патша оны босатып, бүкіл қарызын да кешіреді» (Матай 18:25-27). Енді осы астарлы әңгіменің ренжуге қандай қатынасы барын көрейік. Реніш болған жерде, біреулер қарыздар болып қалады. Мынадайды естідіңіз бе: «Ол маған барлығы үшін жауап береді (яғни төлейді). Демек кешірім -

қарыздан жойылу. Астарлы әңгімеде қызметшінің өмірі өте алмайтын борышын кешірген патша Құдай Әкені бейнелейді. Колостықтарға арналған хаттың 2:13-14 аяттарында жазылған: «Бұрын сендер Құдайдың бұйрықтарын бұзып, «рухани сүндеттелмеген», яғни күнәкар болмыстарына тәуелді болып, рухани тұрғыдан өлі едіңдер. Алайда Құдай сендерді Мәсіхпен бірге қайта тірілтіп алды. Ол күллі күнәларымызды кешірді: бізге айып тағып, үкім белгілейтін «құжатты» (қарыздардың тізімін) Мәсіх құрбан болған айқышқа «шегелеп іліп қойып», күшін жойды». Кешірілген қарыздарды төлемейді. Құдайға біз үшін төлеген борышын ешқашанда өтей алмаймыз. Не істесек те, қалай істесек те қайтара алмаймыз. Сондықтан да Құдай құтқарылуды ақысыз, сыйлық ретінде берген. Иса біздің қарыздарымызды толығымен төлеп тастаған. Патша мен қызметшінің қарым-қатынасын адам мен Құдай Әкенің қарым-қатынасымен салыстыруға болады. «Қызметкер далаға шыққан соң, бір қызметтес жолдасын кездестіреді. Бұл адам оған тек бір жүз күміс теңгеге (динарий) ғана борышты еді. Алайда қызметкер оны алқымнан алып, қылғындыра бастап: «Дәл қазір маған берешегінді қайтар!»- деп талап етеді» (Матай 18:28). Қазіргі таңда динарий бір күндік жұмыскердің жал ақысы. АҚШ-та жүз динарий шамамен 4000 долларға тең. Енді ары қарай оқыңыз: «Қарыздар жолдасы аяғына жығылып: «Маған сәл мұрсат бере көр, мен бәрін де төлеймін!» деп жалынады. Бірақ ол күткісі келмей, әлгіні қарызын төлегенше түрмеге жапқызады» (Матай 18:29-30). Оның жолдасы оған белгілі бір соммаға қарыз болды. Сіз осыншама ақшаны жоғалтсаңыз, сізге ол ұнайтын ба еді? Бірақ сол қызметшіге 4,5 миллиард доллар қарыздың кешірілгенін есіңізден шығармаңыз. Ол өмір бойы жұмыс істесе де, мұндай ақшаны таба алмайтын еді. Бір-бірімізге деген реніш арқылы Құдайды қорлағанымызды осы 4000 және 4,5 миллиардпен салыстыруға болады. Бізге біреу қатты жамандық жасады, бірақ ол біздің Құдайға қарсы істегенімізбен салыстырылмайды. Мүмкін сіз өзіңізді нашар



сезінгеніңіздей, әлі ешкімде осылай сезінген жоқ деп ойлайтын шығарсыз. Бірақ сіз Исаға қандай жамандық жасағаныңызды жете түсінбейсіз. Ол күнәлі емес, бірақ кіршіксіз құрбандық Тоқтысы болды. Кешіре алмайтын адам өзіне қандай үлкен қарыздың кешірілгенін ұмытқан болар. Иса сізді тозақтың мәңгілік отынан және ақыреттен құтқарғанын жете түсінсеңіз, сіз басқаларды ешқандай шартсыз кешіресіз (осыны 13-ші тарауда айтамын). Тозақтың отында мәңгілік өміріңізді өткізуден жаман нәрсе жоқ. Ол жерде еш жеңілдей алмайсыз, от тоқталмайды және қиналғанымыз еш таусылмайды. Бұл жерге бізді Құдай Иса Мәсіх арқылы бізді кешірмей тұрып, тастауға мәжбүр болатын еді. Егер сіздің кешіруге күшіңіз жоқ болса, тозақтың шынымен бары және оған қоса Құдайдың сүйіспеншілігі туралы ойланыңыз.

## **СЕНУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН САБАҚТАР**

Астарлы әңгімені оқуды жалғастырайық: «Мұны көрген өзге жолдастары қатты наразыланып, патшаға барып болған оқиғаны айтып береді. Сонда патша сол қызметкерін шақырып алып: «Әй, зұлым қызметші! Сен өтінгендіктен, мен қарызыңды түгелдей кешірдім ғой! Ендеше сен де дәл солай жолдасыңды кешіруге тиіс емес пе едің?» (Матай 18:31-33). Осы әңгімеде Иса сенушілер туралы айтып жатыр. Ол патшаның қызметкерлері жайында айтып жатыр. Сол адамға өте үлкен қарыз кешірілді және ол патшаның құлы болатын. Қызметші кешірмеген жолдасы оның қызметтесі еді. Кешіре алмайтын сенушінің болашақ тағдыры қандай болатынын болжай аламыз: «Патша қаһарланып, оны қарызын толық өтегенше жазалаушыларға тапсырады. Міне, егер сендер бауырластарыңның күнәларын шын жүректен кешірмесеңдер, көктегі Әкем әрқайсыларыңа осылай істемек!» (Матай 18:34-35).

Осы аяттардан үш негізгі ойды табуға болады.

1. Кешірмеген қызметші қинауға тасталынды.
2. Ол 375 тонна алтыннан қарызын төлеу керек.
3. Құдай Әке тура осыларды өзінің бауырласын кешірмеген сенушілерге істейтін болды.

## **КЕШІРМЕГЕН ҚЫЗМЕТШІ ҚИНАУҒА ТАСТАЛЫНДЫ**

Вебстердің сөздігінде «қинау» сөзінің мынадай түсініктемесі бар: «дене және ойдың азабы», «жазалау үшін үздіксіз азаптау». Мұндай азаптаушылар- шайтанның зұлым рухтары. Сенуші болғанымызға карамастан, Құдай «азаптаушыларға» біздің денеміз бен жанымызы қинауға рұқсат береді. Мен қызметтерімде шипасын, жұбанышын, азаттығын ала алмайтын сенушілер үшін әрдайым мінажат ететінмін. Олар басқаларды шын жүректен кешіре алмағандықтан, өздерінің шипасын алмайтын. Дәрігерлердің айтуынша кешірімсіздік рак және артрит ауруларына әкеліп соқтырады. Көптеген жан аурулары да ащы реніштен келеді. Әдетте адамдар біреулерді кешіре алмай жүреді. Бірақ өзін-өзі кешіре алмайтын адамдар да болады. Егер Құдай сізді кешірсе, өзіңізді кешірмейтіндей сіз кімсіз?

## **КЕШІРМЕГЕН ҚЫЗМЕТШІ 375 ТОННА АЛТЫННАН ҚАРЫЗЫН ТӨЛЕУ КЕРЕК**

Одан мүмкін емес нәрселерді сұрады. Ол Исаның айқыштағы жасағанын өтеуге сұрағанмен бірдей. Мұндай жағдайда біз өз құтқарылуымызды жоғалтамыз ғой! Сіздер айтасыз: «Тұра тұрыңыз! Егер адам күнәкар мінажатымен дұға етсе, құтқарылуды ешқашан оны жоғалтпайды деп ойладым». Егер сіз осылай ойласаңыз, Петрдің не дегеніне қараңыз:

«Осындайлар Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхті танып білгендері арқылы осы дүниелік арамдықтардан арылып, құтылған болатын. Алайда кейін қайтадан олардың шырмауына түсіп, жеңіледі. Сонда олардың соңғы жағдайы бұрынғысынан да мүшкіл болмақ. Олар үшін әділет жолын танып біліп, Мәсіхтің тапсырған қасиетті өсиеттерін қабылдап, кейін кері бұрылғаннан гөрі, сол жолды мүлдем білмегендері жақсы болар еді» (Петрдің 2-ші хаты 2:20-21). Петр Иса Мәсіхті танып білуі арқылы осы дүниелік арамдықтардан арылғаны туралы айтады. Бірақ олар тағы да күнәға батып (оның ішінде кешірімсіздік болуы мүмкін), жеңіліп қалады. Жеңілу – өз күнәларын Құдайдың алдына алып келіп, тапсырмауды білдіреді. Петр осы жолда жеңілуден гөрі, осы жолды мүлдем білмеудің жақсы болатынын білді. Басқаша айтқанда, Құдайдың айтуынша, Оның құтқарылу сыйын алып, кейін Яхуда Искариот сияқты Одан бас тартқаннан гөрі, құтқарылмағанымыз артық еді.

Яхуда елші қауымдағы «екі рет» мерт болған сенушілер туралы айтып кеткен. Екі рет өлу сіздің Мәсіхсіз жүргеніңізді және Оны танығаннан кейін қайтадан Одан бас тартуды білдіреді. Өзін ақтағысы келген адамдар Исаға:

*«Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындыларды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» -деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіндер!».*

*- Матай 7:22-23*

Олар Оны білді. Оның атымен кереметтер жасайды. Бірақ Ол оларды білген жоқ. Сонда Иса кімді танып білетін болады?

*«Ал Құдай Өзін сүйгенді жақсы көреді».*

*- Қорынттықтарға 1-ші хат 8:3*

Құдай Оны жақсы көретіндерді жақсы біледі. Сіздің

айтуыңыз мүмкін: «Мен Құдайды жақсы көремін, ал мені ренжіткен бауырласымды жек көремін». Мұндай жағдайда сіз қателесесіз, өйткені былай жазылған: «Біреу «Құдайды сүйемін» дей тұра, бауырын жек көрсе, оның өтірікші болғаны. Себебі көз алдындағыбауырын сүймейтін кісі көзге көрінбейтін Құдайды қалай сүйе алады?» (Жоханның 1-ші хаты 4:20). Азғырылу - ең жаман нәрсе, өйткені азғырылуда жүрген адам өзінің істегендері дұрыс болмаса да, дұрыс деп санайды. Құдайдың Сөзіне мойынсұнбайтын адамның жүрегі азғырылады. Киелі кітаптағы екі ойды салыстырсақ қайтеді: біріншісі «көбі» жұмаққа барамын деп күтеді, бірақ оларды қабыл алмайды, екіншісі соңғы күндері азғырылады (немесе ренжиді). Мүмкін осы екі топқа жұмаққа барамын деп ойлайтындар да, азғырылғандар да кіретін шығар? Кейбір адамдар біреуді кешіргеңдіктен қатты қиналады. Содан олар жеңілденіп қалармын деп, тез өлгендерін қалайды. Ол жалған! Біз кешірімсіздіктен қазір арылуымыз керек, әйтпесе Құдай бізден мүмкін емес нәрселерді талап етеді.

## **ҚҰДАЙ ӘКЕ ТУРА ОСЫЛАРДЫ ӨЗІНІҢ БАУЫРЛАСЫН КЕШІРМЕГЕН СЕНУШІЛЕРГЕ ІСТЕЙТІН БОЛДЫ**

Иса өзінің астарлы әңгімелерін шәкірттері түсінсін деп нақты айтатын. Егер Оның шәкірттері астарлы әңгімелерін түсінбей жатса, Ол әрқайсысына түсіндіретін. Ол кешіруден бас тартатын адамдарды қатты жаза күтетінін және егер біз кешірсек, біздің де кешірілмейтінімізді нақты айтатын. Оның бізге ұқсамайтынын естен шығармаңыз: Ол не айтқысы келсе (нақты ойын), соны айтады (немесе білдіреді). Мұндайды қауымда күнде кездестіріп жатпайсың. Сенушілер өзінің жүрегінде кешірімсіздікті ұстау үшін көптеген сылтаулар іздейді. Маскүнемдік, ұрлық, гомосексуализм, неке адалдығын

бұзушылық және басқа күнәларға қарағанда кешірімсіздік кішірек күнә болып саналады. Бірақ кешіруден бас тартатындар да үлкен күнәларды жасайтындармен бірге Құдайдың Патшалығына кіре алмайды. Біреулер айтуы мүмкін: «Бұл неткен қатал уағыз». Бірақ мен оны қатал деп есептемеймін. Керісінше ол - сізді тозақтан сақтап қалатын мейірімді хабар. Сіз нені таңдар едіңіз: бүгін Киелі Рухтан әшкереленіп, шын жүректен тәубеге келіп, кешіріп және кешірілуді ме? Әлде кешіруден бас тартып, тәубеге келуге кеш болған кезде Исадан: «Менен әрі тұр! Мен сені танымаймын» деген сөздерді есту ме?

**Өзіміз үшін кек алуды  
ойымызға да алмау керекпіз.  
Ол бізге жат қасиет болу керек.**

## КЕК САҚТАУ- ТҰЗАҚҚА ТҮСУ

---

*«Жамандықты жамандықпен қайтармаңдар! Ис-  
арекеттеріңнің жұрт алдында ізгі болуына тырысындар».*

**- Римдіктерге 12:17**

Өткен тарауда айтып кеткеніміздей, егер біз біреуді кешірсек, ол бізге бір нәрсе қарыз сияқты көрінеді. Егер біреуге әділетсіздік жасалса, ренжіткен адамын өзіне қарыздар деп санайды. Ол өз ақысын күтіп жүреді, мысалы, ақшалай немесе моральдік жағынан. Біздің сотымыздың жүйесі зардап шеккендерді қорғауға тиіс. Адамдар өз қарызының төленуі үшін сотқа арыз жазады. Бір адам басқа бір адамды ренжіткен жағдайда, адам әділеттілікке жүгіне бастайды: «Олар істегендері үшін сот алдында жауап береді және сот шешімін қабылдаса, сазайларын тартады». Кешірмеген қызметшінің өз жолдасынан қарызын қайтарып алу үшін сотқа бергенін біз білеміз. Бұл әділдік жолға жатпайды.

*«Сүйікті бауырластарым, кек алмаңдар, соны Құдайдың қаһарына қалдырыңдар! Тауратта мынадай сөздер жазылған: Жазалау - Менің ісім, тиізді жазаларын тартқызамын Өзім!-дейді Иеміз».*

**- Римдіктерге 12:19**

Құдайдың балалары өздері үшін кек ала алмайды. Біз кешіруден бас тартқанымызда, өзімізді осыған итермелейміз. Біз кек алуды ойластырып, аңсап іске асырамыз. Бізге толығымен қарызымызды қайтармай, кешірмейміз және сол

қарыздың көлемін тек өзіміз ғана анықтаймыз. Бізге келтірілген зиянды өтеуге тырысқанымызда, өзімізді соттаушының орнына қоямыз. Бірақ біз келесіні білеміз:

*«Өсиеттерді шығарушы да, соттаушы да - Біреу-ақ. Ол құтқара да, құрта да алады. Маңайыңдағыларды үкімдейтін соншама сен кімсің? Сотталмауларың үшін, бауырластарым, бір-біріңнің үстеріңнен шағым айтпаңдар. Үкім шығаратын Иеміздің жуырда қайта оралатынын білесіңдер ғой. Ол есік алдына келіп қалғандай жақын».*

*- Жақыптың хаты 4:12, 5:9*

Құдай –әділ соттаушы. Ол әділ соттайды. Егер біреу күнә жасап, алайда кейін шын жүректен тәубеге келсе, Исаның айқыш ағашта төгілген қаны бәрін де тазалап тастайды. Сіздің айтуыңыз мүмкін: «Бұл жамандық Исаға емес, маған жасалды ғой!» Иә, бірақ Исаға қандай жамандықты жасап жүргеніңізді өзіңіз түсінбей жүрсіз. Ол күнәсіз, еш кіршіксіз құрбан болды, ал біз сол кезде күнә жасап, тозақ отына баруымыз керек еді. Әрқайсысымыз мемлекет заңдарынан жоғары Құдайдың өсиеттерін бұздық. Егер әділдік жасау керек болса, онда бәріміз әлемдегі ең ауыр өлім жазасына тартылуымыз керек. Мүмкін сізге жамандық жасайтындай ештеңе істеген жоқ шығарсыз. Егер сізге жасалған жамандықты кешірілген күнәларыңызбен салыстыратын болсақ, өзіңіз көргендей, ренішіңіз түкке тұрғысыз болып қалады. Егер өзіңізді алданып қалғандай сезінсеңіз, сізге қандай мейірімнің кешірілгенін ұмытпаңыз.

## **КӨҢІЛ ТОЛМАУШЫЛЫҚ ПЕН НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ ЕКІНШІ ЖАҒЫ**

Егер сіз Көне өсиет кезеңінде маған қарсы күнә жасасаңыз, мен сізден заңды түрде тура сол көлемде сазайыңызды тартқызуды талап етуге құқығым болар еді. Сол кезде қарыздың



өтелуін талап етіп, лайығын істеуге болады (Леуіліктер 24:19; Мысырдан көшіп шығу 21:23-25 қараңыз). Заң жоғарғы соттаушы болатын. Заң астындағыларды босату үшін Иса әлі келмеген еді. Ол Жаңа өсиеттегі сенушілерге не деп айтты:

*«Сендер «көзге көз, тіске тіс» дегенді естідіңдер. Ал Мен сендерге айтамын: зұлымдық жасағаннан кек алма! Егер біреу бетіңнің оң жағын ұрса, оған сол жағын да тос. Біреу сенімен соттасып, көйлегіңді тартып алғысы келсе, оның шапаныңды да алуына қарсы болма! Немесе біреу сені бір шақырым жерге еріп (жүгін көтеріп) жүруге мәжбүр етсе, онымен екі шақырым жүр. Сұрағанға мұқтажын бер, қарыз алғысы келгеннен де теріс айналма».*

- Матай 5:38-42

Иса наразылық бар жерде әр қараңғы жақтарды қысқартты. Нақтырақ айтсақ, Иса бізді кек алудан аулақ болып, адамдарға қызмет етуге шақырады. Бізге жасалған жамандықты өз қолымызбен дұрыстауға тырысқанымызда, айтып кеткенімдей, өзімізді соттаушының орнына қоямыз. Матай жазған Ізгі хабарда кешірмеген қызметші, өзінің жолдасын түрмеге қамаған кезде осыны істеді (яғни өзін соттаушының орнына қойды). Сондықтан кейін оның өзін түрмеге қамап, құл қылып қинап, қарызын толығынан төлемейінше шығарылмайтын болды. Ал бүкіл жанұясын сатып жібереді. Біз өз орнымызды әділ Соттаушыға беруіміз керек. Ол ақиқатқа сай соттап, лайықтысын береді. Тек Оның ғана соты әділ. Бірде мен Флорида штатындағы Тампа қаласында реніш туралы уағыздағанмын. Уағыздан кейін маған бір әйел жақындады. Ол өзінің бұрынғы күйеуінің істеген жамандықтарын кешіргенін айтты. Бірақ уағызда реніштен арылу жолы туралы айтқанымда, өзін бір түрлі сезініп, жүрегінде тыныштықтың жоғын сезді. «Сөйтіп, сіз әлі де оны кешірген жоқсыз ғой?»- деп мен ақырын сұрадым. «Жоқ, кешірдім, -деп жауап берді, - кешірген кезімде көп көз жас төктім». «Сіз көз жасыңызды төккен күннің өзінде, оны ішіңізде жібермедіңіз».

Күйеуін кешіргеніне мені көндіргісі келді: «Маған одан еш нәрсе де қажет емес, мен оны жібердім». «Жарайды, оның сізге не істегенін айтып беріңізші»-деп сұрадым. «Менің күйеуім бағушы болатын. Ол мені және үш ұлдарымызды тастап, сол қауымның жетекшісі болған әйелмен қашып кетті, - Оның жанары жасқа толып кетті, - олардың үйленуінің Құдайдың еркі болмағанын айтты. Және де сол әйелге үйленуінің Құдайдың еркі екенін айтып, сол әйелдің менен гөрі оған көп демеу болғанын айтты. Менің оған кедергі болғанымды және оны жамандай бергенімді айтты. Біздің некеміздің бұзылуына тек мені кінәлады. Өзінің кінәсы барын мойындаған жоқ». Ол кісінің азғырылуда жүріп, өз әйелі мен балаларына жасағаны сұмдық екеніне күмән келтірмеймін. Оның әйелі азап шегіп, одан өз қарызын төлейтін уақытын күтті. Бұл қарыз ақшаны не алименттерді білдірмейді, себебі оның жаңа күйеуі қаржылай қамқорлық жасайды. Оның қарызы мынаны білдіреді: күйеуі өзін кінәлі деп мойындап, ал әйелін кінәсыз етіп мойындағанын қалады. «Оның өзі келіп, сізді кінәсіз, ал өзін кінәлі деп мойындап, сізден кешірім сұрамайынша, сіз оны кешірмейсіз. Осы төленбеген қарыз сізді құлдықта ұстап отыр»,- деп айттым. Егер Иса біздің Оған келіп: «Біздікі дұрыс емес, Сенікі дұрыс екен, бізді кешірші», -деп кешірім сұрағанымызды күткенде, Ол бізді айқышта кешірмеуші еді. Айқышта қиналған кезде, Ол аяқай салды:

*«...Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді».*

*- Лұқа 23:34*

Ол бізді Одан кешірім сұрамай тұрып кешірген. Пауыл елші бізді сақтандырады:

*«...Егер біреуге реніш сақтап, тағатын кінәларың болса, кешірімді болыңдар: сендерді Иеміз Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіңдер!».*

*- Колостық. 3:13*

*«Қайта, бір-біріңе мейірімді де жанашыр болыңдар;  
Мәсіхтің арқасында өздеріңді Құдай кешіргендей,  
сендер де өзара кешірімді болыңдар!».*

*- Ефестікт.хат 4:32*

Мен сол әйелге: «Күйеуіңіз сізге келіп: «Сен кінәлі емессің, бәріне де мен кінәлімін» демейінше, сіз оны кешірмейсіз». Оның көзінен жас аға бастады. Оған және балаларына жасаған ауыртпашылықпен салыстырғанда, оның қалауы сондай кішкентай болатын. Бірақ сол әйел адамдық әділеттіліктің құлдығында болды. Ол өзін соттаушының орнына қойып, тиісті жазасын беріп, қарызын төлетуін талап етті. Осы реніш жаңа күйеуімен арасындағы қарым-қатынастарына кедергі болды. Және жетекшілік ететін барлық ерлердің ара-қатынасына әсерін тигізді, себебі оның қазіргі күйеуі де бағушы еді. Иса біздің жүрегімізді жиі жермен салыстыратын. Бізге Құдайдың сүйіспеншілігінде тамыр жайып, нығаю керегін айтатын. Сонда Құдай Сөзінің тұқымы жүрегімізде тамыр жайып, өсіп-өніп, аяғында ақиқаттың жемісін береді. Бұл жемістер: сүйіспеншілік, тыныштық, қуаныш, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық (Ғалаттықтарға 5:22-23 қараңыз). Жер тек оған не ексең, соны ғана шығарады. Егер біз реніштің, қарыздың, кешірімсіздіктің тұқымдарын ексек, онда Құдайдың сүйіспеншілігінің орнына тек арам шөптер ғана орып аламыз. Ол ащы тамыр деп аталады (немесе күйі ніштің тамыры). Френсис Френжипейн осы сөзге жақсы анықтама берді: «Күйініш - жүзеге аспаған өштік». Кек өзінің қалағанына жетпеген кезде, күйініш пайда болады. Еврейлер жазылған хатта осы айтылған:

*«Барлық адамдармен тату болып, Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар!  
Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды.  
Абай болыңдар, ешқайсың Құдайдың рақымынан құр қалып жүрмеңдер! Әйтпесе улы жеміс беретін алып тамырды қазып алып тастама-*

*са, оның қайтадан көктеп, қаулап өсіп кететіні сияқты, мұндай адамдарың өздерінің жаман көзқарастарына басқаларды да еліктіріп, арамдап, зор зиян тигізетін болады».*

*- Еврейлерге хат 12:14-15*

Осы жерде «көптеген басқаларды арамдап, зор зиян тигізетін болады» дегенге назар аударайықшы. «Көптеген» дегендер Исаның Матай жазған Ізгі хабарында айтылған кейінгі кездері «көбі сенімдерінен танып» (немесе ренжіп) азғырылатындар туралы болуы мүмкін бе? Күйініш- ол тамыр. Егер тамырды күтіп, суарып, қорғап, нығайтатын болсақ, ол мықты болып, терең бойлайды. Егер тамырды басынан бастап жоймаса, кейін оны жұлып алу қиынға соғады. Реніш күн сайын өсе береді. Сондықтан Пауыл елші бізге айтады: «...Күн батпай тұрып, ашуларыңды басыңдар» (Ефестіктерге хат 4:26). Әйтпесе біз ілтипаттылықтың жемісінің орнына ашу-ызаның, реніштің, күңкілдеудің, жеккөрініштің, көре алмаушылықтың, қазымырлықтың және келіспеушіліктің жемісін көреміз. Иса осыларды жаман жемістер деп атайды. Ренішті қалдырып, тыныштыққа тырысатын адамдар соңында арамданатынын Киелі кітап айтады. Кешірмейтін адамдар аяғында күйініштің арқасында бүлінген затқа айналады.

## **ПАТША БОЛАТЫННЫҢ АРАМДАНУЫ**

Дәуіттің Саулға ештеңеге қарамастан адал болып қалғаны туралы біз айтып кеткенбіз. Дәуітке екі рет мүмкіншілік берілсе де, өзі үшін кек алуға тырыспаған. Ол Құдайға ұнамды еді. Ол Саулды және өзін Құдайдың сотына тапсырған болатын. Оның Саулға деген реніші пен күйініші болмағандықтан, Саулды жоқтап, өліміне қатты қайғырды. Саулдың өлімінен кейін Дәуіт таққа патша болып отырады. Ол өз мемлекетін нығайтып,

ақшалай және соғыстарда сәтті болып, тағын мықтырақ етті. Дәуіт өзіне бірнеше әйел алып, олар оған балаларды тауып береді, оның ішінде тұңғышы Амнон және үшінші ұлы Абессалом бар. Амнон әкелері бір болса да, Тамар есімді қарындасын азғырды, ол Абессаломның туған қарындасы еді. Амнон өзін ауырып қалдым деп өтірік айтады, кейін әкесінен Тамардың оған тамақ жасап әкеліп бергенін сұрайды. Ол оған тамақ пісіріп әкелген кезде, Амнон қызметшілерінің бәрін жіберіп, Тамарды зорлайды. Осы ісінен кейін Тамарды жек көріп кетіп, оны қуып жібереді. Ол патшаның пәк таза қызын қарабет етіп, масқаралап тастады (Патшалықтар 2-ші жазба 13 тарауын қараңыз). Абессалом ағасына түк айтпай, қызды өз үйіне алып кетеді, ол Амнонды қыздың абыройын төккені үшін жек көріп кетеді. Әкесі Амнонға жазасын беретін күнді Абессалом күткен еді. Амнонның масқара ісі туралы естіп, патша қатты ашуға келеді, бірақ ештеңе де істемейді. Әкесінің Амнонға тиісті жазасын бермегені Абессалом қатты ызаландырды. Бір кездері Тамар патшалардың пәкті қыздары киетін патшалық киімдерді ғана киетін. Енді ол тек ұят пен абыройсыздыққа кенелді. Ол өте сұлу қыз еді, мүмкін ол ел алдында құрметпен жүрген шығар. Енді ол пәк болмағандықтан, тұрмысқа шыға алмай жалғыздықта өмір сүретін болады. Ол - әділетсіздік! Ол патшаның айтуымен ағасына қызмет етіп жүрген кезде зорланды. Оған мұндай масқаралықты жасаған ағасы, түк болмағандай өмір сүріп жүрген кезде, Тамардың бақыты ғайып болды. Осы қайғының ауыртпалығын өзі жалғыз арқалап жүрді. Абессалом өзінің қайғылы қарындасын күнде көретін. Ханшайымның бақытты өмірі тозаққа айналды. Абессалом Дәуіттің әділ сотын бір жыл күтті, бірақ ол қол қусырып отырды. Абессалом әкесіне ренжіп, Амнонды одан сайын жек көріп кетеді. Екі жылдан кейін, осы жеккөрініштік ағасын өлтірудің жоспарын туғызады. «Мен әкемің істемегенін орындаймын. Қарындасым үшін кек аламын,- деп Абессалом ойлаған шығар. Ол патшаның

барлық ұлдарына той жасайды. Сол тойға түксізіденбеген Амнон келеді, оны сол жерде Абессалом өлтіреді. Абессалом кегін алғаннан кейін Гессур жеріне қашып кетеді. Бірақ әкесіне деген реніш күннен-күнге өсе береді. Әсіресе үйінен тыс өмір сүріп жүрген кезде. Абессаломның ойы күйінішпен уланды. Ол әкесінің кемшіліктерін сынап, оны жамандай бастады. Бірақ ол әкесінің шақырғанын қалады. Ал Дәуіт олай істеген жоқ. Бұл Абессаломың ренішіне май құйылғандай болды. Мүмкін оның ойы мынандай болды: «Жұрт менің әкеме танданады, олар соқыр! Оның шынайы кейпін әлі білмейді. Құдайды білемін деп, перде киіп алған. Ол - өзінікін істететін, көзі тоймайтын адам. Ол Саулдан өткен патша! Саул амаліктердің патшасын өлтірмей, оның байлығын алғаны үшін тағынан айырылды. Ал менің әкем, өзіне адал болған қызметшінің әйелімен зина жасады. Ол өз күнәсін жасырып қалу үшін сол қызметшіні өлтіріп, одан құтылды. Ол зинақор және кісі өлтіруші болғандықтан, Амнонды жазалаған жоқ! Және ол өз кейпін Құдайға жалған табынумен жасырады». Абессалом Гессурда үш жылдай болады. Уақыт өте келе, Дәуіт Амноның өліміне қайғысын басады. Иоав есімді қызметшісі Абессаломды қайтаруға көндіреді. Бірақ Дәуіт онымен кездесуге әлі де дайын болған жоқ. Арада тағы екі жыл өткен кезде Дәуіт Абессаломға рақымын төгіп, патшалық мұрасын алу құқығын қайтарды. Бірақ Абессаломның реніші сол қалпы қалады. Абессалом мүләйімсуден шебер болатын (Патшалықтарға 2-ші жазбаны қараңыз 13:22). Көпшілік адамдар тура сол сияқты өзінің ренжігенін және жеккөргенін жасырып, көрсетпейді. Осындай ренжүлі күйінде Абессалом, өзі сияқты патшаны ұнатпайтын адамдармен кездесіп, олардың наразылықтарын тыңдайды. Ол мүләйімсіп, өзі патша болса, бәрі басқаша болады деп жұрт көзінше жылайтын. Ол израилдіктердің істерін соттағандықтан, халықтың істерін қарастыратын патшаның уақыты жоқ деп жалған айтады. Ол халқына қамқор болғысы келетін адамға ұқсайтын. Абессалом

жұрттың Дәуітке деген сүйіспеншілігін ұрлап алып кеткені туралы Киелі кітап жазады. Бірақ шындығында жағдай қандай болды? Ол шынымен халқына жаны ашыды ма, әлде ренжіген әкесін тақтан түсіргісі келді ме?

## **БАСҚАЛАРДЫҢ ЖАСАҒАН ҚАТЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ САРАПШЫ**

Абессалом Израил халқын өзіне қаратып, Дәуітке қарсы шығады. Дәуіт патша өмірін сақтап қалу үшін Иерусалимнен қашуға мәжбүр болды. Абессалом өз патшалығын орнататын сияқты көрінді. Бірақ Дәуітті қудалаған кезде, әкесі оны тірі қалдырсын деп бұйырғанмен, оны өлтіріп тастайды. Шын мәнінде Абессаломды оның реніші мен күйініші жойды. Өзінің әкесіне ренжіп, оны қарыздар болып санаған, жас әрі қабілетті патшалықтың мұрагері кешірмегендіктен мерт болады. Осының салдарынан ол арамданды. Қауымдағы жетекшілердің көмекшілері, өздері қызмет етіп жүрген қызметшілеріне жиі ренжіп жүреді. Ұзамай олар жетекшілерінің жасаған әр қатесінің сарапшысына айналады. Олардың ойлары бұрмаланады. Олар енді жетекшілеріне Құдайдың көзімен қарамайды. Олар әділетсіз жетекшілерден адамдарды құтқаруды өмірлік борыштарына айналдырып алған. Олар жетекшілерге ренжулі, ызалы және бейхабар адамдарды өз жақтарына қаратып алады. Қауымда немесе қызметте бөлінушілік пайда болғанша, олар осыны жете түсінбейді. Тура осындай жағдайда Абессалом болатын. Кейде олардың ойлары турашыл болады. Мүмкін Дәуітке Амнонды жазалауы керек еді. Мүмкін жетекшінің кейбір салаларда қате жіберетін шығар. Бірақ Соттаушы кім: сіз бе әлде Құдай ма? Егер сіз өшпенділікті ексеңіз, соны орып аласыз. Абессаломмен және қазіргі қауымда болып жатқандар - уақытша болатын белгілі үдеріс. Біздің жүрегімізге реніштің кіріп кеткенін біз жиі біле бермейміз. Бірақ осы ренішті құнарландыра берсек, ол

өсіп мықты болады. Киелі кітап бізді сақ болуға шақырады:

*«...ұлы жеміс беретін алып тамырды қазып алып тастамаса,оның қайтадан көктеп,қаулап өсіп кететіні сияқты,мұндай адамдардың өздерінің жаман көзқарастарына көптеген басқалардыда еліктіріп,арамдап,зор зиян тигізетін болады».*

*- Еврейлерге хат 12:14-15*

Біз өз жүректерімізді зерттеп, оны Құдайға ашуымыз керек. Оның Сөзі ғана бізді дұрыстап, жүрегіміздің түпкіріндегі ой-ниетімізді әшкерелейді (Еврейлерге хат 4:22). Киелі Рух біздің ар-ожданымыз арқылы әшкерелейді. Біз Оның әшкерелеу Сөзіне немқорайлы қарамауымыз керек. Егер сіз осылай істесеңіз, Құдайдың алдында кешірім сұрап, Киелі Рухқа жүрегіңізді ашыңыз. Бірде бір қызметші менімен өзінің ісі жайында кеңес сұраған еді. Ол бір қалада бағушының көмекшісі болыпты. Бағушысы оны қызметінен босатыпты. Құдайдың батасы сол жігітпен болғандықтан, бағушысы оны көре алмайтын сияқты көрінді. Бір жылдан кейін сол жігіт Құдайдан қаланың басқа жеріненжаңа қауым ашу керегін естиді. Ол Құдайға мойынсұнып солай жасады. Кейін оған сол қауымның кейбір адамдары қосылады. Ол сол үшін уайымдап, Абессалом сияқты жасап жүрген жоқпын ба деп ойлап жүреді. Ол бағушысына деген реніштің жоғын көреді. Ол Құдайдың бұйырығымен жаңа қауым ашады, ол қадам өзін көрсету үшін жасалған жоқ. Мен оған Абессалом мен Дәуіттің арасындағы айырмашылықтарын көрсеттім. Абессалом өзінің жетекшісіне ренжулі болғандықтан, адамдардың жүректерін өзіне қаратқан. Дәуіт болса, Саул оны қудаласа да, адамдарды Саулға адал болып қалуларына шақыратын. Абессалом адамдарды өзіне алдап еліктіретін, ал Дәуіт жалғыз қалатын. «Сіз қауымыңызды өзіңіз қалдырдыңыз ба?»- деп одан сұрадым, - «Оларды өзіңізге қаратып, қауымнан кетіп, сізбен баруға көндірдіңіз бе?» «Мен ондай ештеңе де істеген жоқпын және де өзім ғана кеттім», - деп жауап берді. «Ол жақсы ғой! Сіз Дәуіт сияқты істедіңіз. Қауымнан кеткен



адамдардың бұрынғы бағушыларына ренжіп жүрмегеніне көз жеткізіңіз. Ал егер реніштері болса, оларды реніштен азаттыққа алып келіп, жан шипасын алуға көмектесіңіз». Қазіргі таңда ол кісінің қауымы өркендеуде. Сол адамның бойынан ұнатқаным - өз жүрегін зерттеуге қорықпағаны. Жүрегін зерттеуге қорықпай, әділ кеңеске ерді. Өзінің дұрыстығын дәлелдегеннен гөрі Құдайдың жолымен жүру ол үшін маңыздырақ болды. Ренішіңіз бен күйінішіңіздің барын Киелі Рухтың көрсететінен қорықпаңыз. Оны жүрегіңізде жасырған сайын, ол өсіп мықты болып, жүрегіңіз қасарыса береді. Жүрегіңіздің қасарысуына жол бермеңіз. Оны қалай істеуге болады?

*«Әрқилы кекшілдік, ашу-ыза, айқай-шу, қаралау, тағы басқа барлық жаман нәрселерден арылыңдар! Қайта, бір-біріңе мейірімді де жанашыр болыңдар; Мәсіхтің арқасында өздеріңді Құдай кешіргендей, сендер де өзара кешірімді болыңдар!».*

*- Ефестіктерге хат 4:31-32*

**Қатты ренішті кешірген  
сайын, сіз өсе бересіз.**

## ТҰЗАҚТАН ҚАЛАЙ АУЛАҚ БОЛУ КЕРЕК

---

*«Сондықтан әрдайым Құдай алдында да, адам алдында да ар-ұжданымның таза болуы үшін ұмтылып келемін».*

- Елшілер іс.24:16

**К**ез келген реніштен азат болу үшін көп күш салу керек. Паул бұны жаттығулармен салыстырады. Егер денемізді көп жаттықтыратын болсақ, жығылған кезде ол зақымдалмайтын болады. Бірде мен Гаваялық аралдарда болған кезімде, қабырғаға жорғалап мініп, сол жерден суретке түсіргім келді. Соның салдарынан мен тіземнің бұлшықеттерін созып зақымдап алып, төрт күн бойы жүре алмадым. «Егер сіз күнделікті дене жаттығуларын істеп жүргеніңізде, сізде мұндай жағдай болмаушы еді,- деп дәрігерім айтты, - Сіздің бұлшықеттеріңіз әлсіреп кеткен, сондықтан да тез зақымдалды. Өзімді жақсы сезінгеннен кейін, басқа дәрігер маманы маған кеңес берді: «Сізге белгілі бір жаттығуларды жасау керек. Өйткені сіздің бұлшықеттеріңізді жұмыс істету керек». Тіземнің дұрыс жұмыс істеуі үшін маған бірнеше ай керек болды. Елшілердің істері кітабында «ұмтылып келемін» деген сөз (ағылшын мәтінінде «жаттығамын») грек тілінде аскео деп айтылады. Вайна түсіндірме сөздігінде «ұмтылып келемін» сөзі былай анықталады: «ауырғанды бастан өткізу, күш салу, тырысу, шыдау, жаттығулар және тәртіп арқылы жаттығу». Кейде ренжіткен кісіні кешіру оңай. Біз жүректерімізді жаттықтырдық, сондықтан да ол реніштен зақымдалмай, ешқандай ауырмайды. Көпшілік адамдар сол Гаваядағы қабырғаға зақымдалмай мініп

түсе алады. Өйткені олар денелерін жаттықтырған. Тура осылай Құдай көпшілік сенушілердің жүректерін жаттығулар арқылы жаттықтырады. Біздің рухани есеюімізді осыдан көруімізге болады. Егер реніштерге беріле бермеуіміз рухани ересек екенімізді көрсетеді. Кейбір реніштер біз дайын болсақ та, біздің деңгейімізге қиын болуы мүмкін. Мұндай қосымша қысымшылық жүрегімізді жаралап, зақымдауы мүмкін. Сол реніштен толығынан азат пен шипа алмайынша, рухани жаттығуымызға тура келеді. Бірақ атсалысқан күшіңіз зая кетпейді. Осы тарауда мен реніштің ауыр түрі туралы айтып кетпекшімін. Мені бір қызметші ренжіткен. Ол мені жәбірледі, осы жағдай бір жарым жыл ішінде бір рет қана болды. Болып жатқан жағдайды жан-жағымдағы адамдардың бәрі біліп жүретін. «Бұл жағдай сені жарақаттаған жоқ па? Енді не істейтін болдың? Осылай ештеңе істемей, үндемей жүре бересің бе?»-деп олар менен сұрайтын. «Мен тәуірмін. Ол жағдай маған еш әсерін тигізген жоқ. Өмірімдегі Құдайдың еркін орындауды жалғастырып жатырмын», -деп жауап беретінмін. Бірақ менің жауабым тәкаппарлықтың бойынан шыққан болатын. Менің жүрегім қатты жаралы еді. Бірақ мен оны өзіме де мойындағым келген жоқ. Кейде мен осы жағдайға қалай түскенім жайында сағаттар бойы ойланып отыратынмын. Мен есімнен айырылып, таң қалып, күйзеліске түсктім. Бірақ мен сол ойларымды ішіме жұтып, сырттағыларға мықты болып көрінуге тырыстым. Шын мәнінде мен әлсіз де жаралы болдым. Айлар өтіп жатты. Менің өмірімдегі барлық нәрсе құрғап кеткен сияқты болды: қызметім майлануын жоғалтып, мінажат бөлмем қаңырап қалып, ал мен қиналып жүрдім. Мен күнде жындармен айқасатынмын. Осы жайттың бәрі менің басыма Құдайдың еркімен қызмет етіп жүргенім үшін түсті деп жүрсем, шын мәнінде бұл күйзеліске мен кешіргендіктен душар болдым. Мені ренжіткен кісінің қасында болған сайын, мен өзімді рухани соққыда жығылғандай сезінетінмін. Біраз уақыттан кейінбір күні таңертен ешқашан ұмытпайтын бір жағдай болды. Мен үйімнің маңындағы бақта, орындық үстінде отырып, мінажат етіп отырғанмын. «Құдайым, мен шынымен де осы

жағдайларға бола жараландым ба?»-деп сұрадым. Осы сөздерді айтқан бетте рухымның түпкірінен «Иә!»-дегенді естідім. Неден жараланғанымды менің білгенімді Құдай қалады. «Құдайым, мен осы реніштен азат болып, шипамды алайыншы», - өтіндім. Ол менің қолымнан келмейді. Құдай мені осындай күйге әкелгісі келді, яғни мүмкіншілігімнің қирау күйіне. Біз әрбір ісімізді өз күшімізбен істеуге жиі тырысамыз. Бірақ осындай жолмен біз рухани өспейміз. Керісінше, біз рухани құлдырауға одан сайын душар боламыз. Реніштен азат болу мен шипа алудың бірінші қадамы мынадай: жараланғаныңызды мойындау керексіз. Жаралы күйімізді мойындауға тәкаппарлық жиі кедергі жасайды. Өзімнің шынайы күйімді мойындағаннан кейін ғана Құдайдың жүзін іздеп, Оның әшкерелеуіне және түзетуіне ашыла бастадым. Менің бірнеше күн ораза ұстағанымды Құдайдың қалап тұрғанын сездім. Ораза арқылы мен Киелі Рухтың дауысына сезімтал боламын.

*«Жоқ, Маған ұнайтын ораза мынадай: зұлымдықпен бұғауланғандардың кісендерін үзіп, құлдықтың шын-жырларын шешу және зорлық көріп жатқандарды азат етіп, езгі атаулыны жойып жоқ қылу!».*

*- Ишая 58:6*

Жабырқанудан арылу үшін мен зұлымдықтың кісенінің қиралғанына дайын болдым. Бірнеше күннен кейін біреудің жерлеуіне бардым. Мені ренжіткен кісі де сол жерде болды. Оны алыстан көріп, мен жылай бастадым: «Құдайым, мен оны кешіремін! Маған істегендерінің барлығы үшін оны босатамын». Лезде жүрегімнен ауыр жүк түскенін сездім. Мен оны шынымен де кешірдім. Мен сондай жеңілденіп қалдым. Бірақ бұл менің қайта қалпына келуімнің басы ғана еді. Мен жүрегімде кешірsem де, сол жараның көлемін білмеппін. Мен әлі де әлсіз болдым, сондықтан ренжіп қалуым мүмкін еді. Осының бәрі дене зақымның сауыққанына ұқсайтын. Өзімнің жүрегімді, ойымды, сезімдерімді тағы зақымдалмас үшін, әлі де жаттықтыруым керек еді.

## ҚАЙТАЛАУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫҢ?

Арада бірнеше ай өтті. Кейде кешірместен бұрын болған ойларыммен арпалысатынымын. Маған біреулер тура мен сияқты наразылықпен келген кезде немесе мені ренжіткен адамның атын естісем, өзін көрсем, сол ойлар келіп, олармен күресуіме тура келетін. Мен сол ойларды келген бетте итеріп тастайтынмын (Қорынтықтарға 2-ші хат 10:5 қараңыз). Ол менің тағдырым үшін күрес болатын. Осы ойлар мені қайтадан кешірімсіздікке әкелмес үшін Құдайдан не істеу керектігін сұрадым. Құдайдың мені осы реніштен азат болудың жоғарғы деңгейіне көтергісі келгенін білдім. Өзім де мені қинайтын ренішті өмір бойы арқалап келгенімді қалаған жоқпын. Ренжіткен кісі үшін мінажат етуімді Құдай маған айтып, Өз Сөзін менің есіме салды.

*«Ал Мен сендерге айтамын: жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінажат етіңдер!».*

- Матай 5:44

Мен мінажат ете бастадым. Басында мен бір қалыпты дауыспен, еш жанашырлықсыз мінажат еттім. Өзімді міндетсініп: «Жаратқан Ием! Оны жарылқай гөр. Бүгін оған сәтті күн бер. Оның бүкіл істеріне көмектес. Иса Мәсіх атымен. Аумин». Мұндай мінажат бірнеше аптаға созылды. Бұл сәтсіз болатын сияқты болып көрінді. Бір күні таңертең Құдай маған Забур жырындағы 34-ші тарауды көрсетті. Ол менің есімде болмағандықтан, мен оны ашып оқыдым. Сол тараудың ортасына келгенімде, мен өзімді және жағдайымды көрдім.

*«Ал мені айыптайды жалған куәлар, мен білмейтін жайттарды терген сұрар. Жақсылығыма жамандықпен қайтарар, жан дүниемді қаңыратып бос қалдырар».*

- Забур жырлары 34:11,12

Мен өзімді Дәуітпен теңестіре алдым. Менің ойымша, оның көмекшілері сияқты мені ренжіткен адам оған жасаған жақсылығыма жамандықпен қайтарды. Менің жан дүнием жабырқау болды. Құдай осы жырды менің бірнеше жыл болған күресімді көрсету үшін пайдаланды. Сол жырдың бір аяты мені қатты таң қалдырғаны соншалықты, тіпті мен секіргеннен басымды төбеге соғып ала жаздадым.

*«Ал олар ауырған кезде мен де қайғырдым, ораза ұстап жанымды қалжыраттым. Жаратқанға олар үшін жалбарындым. Жауапсыз қайтқанда сол мінажатым, олар үшін дос-жарандай қамықтым, анамды жоқтағандай бас иіп қайғырдым».*

- Забур жс. 34:13,14

Дәуіт сол адамдардың оны өлтіргілері келгенін айтады. Дәуіт оларға еш жамандық жасамаса да, олар оған жамандықпен қайтарды. Осы 34-ші тараудың аяттары менің мәселеме жауап болды. Дәуіттің істеген әрекеті оған жасалған жамандықтарда негізделген жоқ. Ол солар үшін мінажат етіп, дұрыс шешім қабылдауға бел буды. Ол туған бауырлары сияқты олар үшін мінажат етті, анасын жоқтағандай, жабырқау болып жүрді. Құдай мені ренжіткен кісі үшін қалай мінажат ету керектігін көрсетті: «Ол үшін мінажат еткен кезде, өзің үшін мінажат еткендей және өзіңе не тілесен, соны соған беруімді сұра!» Енді менің мінажатым толығымен өзгерді. Ол бұрынғы мінажаттай болған жоқ: «Құдайым оның күнін жарылқай гөр». Ол мінажатым өмірге толды. «Құдайым, Сен оған одан сайын Өзіңді ашып көрсетші. Оны Өз құзырыңа толтыршы. Ол Сені одан да жақын танып білсінші. Ол Саған ұнамды болып, Сенің атыңды мадақтап шығарсыншы». Мен оның өмірінде өзімнің өмірімде болғанын қалайтын нәрселерді сұрайтынмын. Бір ай бойы мен сол үшін мінажат етіп, бар даусыммен айқайлайтынмын: «Мен сені жарылқаймын! Мен сені Иса Мәсіх атымен сүйемін!» Ол менің рухымның түпкірінен шыққан болатын. Мен ол үшін мінажат еткен кезде, тек өзімнің жанымның шипасын алу үшін

мінажат ететінмін. Ал енді мінажатым шын жүректен тек сол адам үшін болды. Содан кейін мен жанымның толықтай шипа алғанын білдім.

## ТАЙТАЛАС АРҚЫЛЫ ШИПА АЛУ

Арада тағы бірнеше апта өтіп, мен оны тағы да кездестірдім. Менің жүрегімде әлі де жағымсыз сезімдер қалды. Мен оған тағы да сын көзбен қарамау үшін ішімде күрестім. «Саған оған бару керек, Джон», - деп әйелім айтатын. «Жоқ, қажеті емес. Мен шипа алдым ғой», - деп оны көндіруге тырысатынмын. Бірақ Киелі Рухтың оны растамағанын сездім. «Бар керек пе?» - деп Құдайдан сұрадым. Сонда Ол маған: «Иә», - деп жауап берді. Мен ол кісімен кездесуге келісіп, оған сыйлық алып келдім. Мен оның алдында бойұсынып, өзімнің оған деген бұрыс қарым-қатынасымды мойындап, одан кешірім сұрадым. Біз екеуіміз табысып, менің жүрегім кешірім мен шипаға толды. Мен оның кеңсесінен шипа алып, күш біткендей шықтым. Енді маған жағымсыз сезімдермен күресіп қажеті жоқ болды және мен оны енді гәрі сынағым келген жоқ. Сол уақыттан бастап біздің қарым-қатынасымыз берік бола бастады және арамызда ешқандай мәселе туылмады. Айтпақшы, қазір біз бір-бірімізге жиі демеу болып тұрамыз. «Мен ол кісіні бірінші рет көргенімде, ол маған кемелді пәк адам болып көрінгендіктен, мен оны жақсы көретінмін. Кемшіліктері жоқ, барлығын дұрыс істейтін болып көрінді. Бірақ ол менің жан дүниемді жаралаған кезде, оны жақсы көру маған қиынға соғатын. Ол үшін маған бар сенімімді жұмсау керек болды. Енді менің шипа алу және қалпыма келу барысында, мен оның еш кемшіліктеріне қарамастан бұрынғыдай құрметтеймін. Осыны жетілген сүйіспеншілік деп айтуға болады», - деп әйеліме айтып бердім. «Ең бастысы, бір-бірінді шынайы сүйіндер, сондай сүйіспеншілік адамдардың көптеген күнәларын кешіреді» (Петрдің 1-ші хаты 4:8). Сізге жамандық жасамаған



адамдарды жақсы көру оңай. Ондай сүйіспеншілік бал айы уақытында болатын сүйіспеншілік сияқты деп айтуға болады. Бірақ біз адамның кемшіліктері мен қателерін көре отырып, әсіресе оның кемшіліктерінің салдарынан зардап шеккен кейін ондай адамды сүю өте қиын. Құдайдың сүйіспеншілігі менің жүрегімде жұмыс істеп, мені нығайтты. Осы жағдайдан кейін осындай мәселелерді сан кездестірсем де, маған адамдарды кешіріп, ренжімеу қиынға соққан жоқ. Менің жүрегім ренжімеу үшін жаттығып алған. Маған Құдай сөйлеген күннен, сол кісінің кеңсесінен шипа алып шыққан уақыттан кейін бірнеше ай өтті. Сол уақыт жаттығулардың және дайындықтың уақыты болатын. Менің жүрегім жаттығып және нығайып алды. Бірақ кейде ол менің қолымнан келмейтін сияқты болып көрінді. Сізге мойындайын: сол кезде мен бұрынғыға қарағанда, одан сайын нашар болып кеттім бе деп ойлайтынмын. Алайда мен қалпыма келуімнің дұрыс жолында болыппын. Мен қолымнан келетін қадамдарым арқылы Киелі Рух мені жетелеген. Ол - менің кемелді болуымның бір бөлігі. Мен осы жағдайдан алған әсерімді және сезімдерімді ештеңеге де ауыстырмайтын едім. Және менің өміріме келген жемісім үшін ризашылығымды білдіремін.

## **ҚИЫНШЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛУ**

Біз жақсы болған күндерімізде емес, қиыншылық кездерімізде рухани өсеміз. Құдаймен өмірлік сапарымызда жүргенімізде, әрдайым қиыншылықтардан өтетін боламыз. Біз олардан құтыла алмаймыз, өйткені ол біздің Құдайда кемелденуімізге кіреді. Егер сіз содан құтылуға шешім қабылдасаңыз, ол сіздің рухани өсуіңізге кедергі болады. Көптеген кедергілерді жеңсеңіз, сіз одан бетер мықты және жанашыр боласыз. Сіз Исаны бұрынғысынан да жақсы көретін боласыз. Егер сіз қиыншылықтардан шығып, Исаға деген сүйіспеншілікті сезбесеңіз, сіз реніштен шипаңызды

алмай, қалпыңызға келмеуіңіз мүмкін. Шипа алуыңыз - сіздің таңдауыңыз. Кейбір адамдар жарақатталып, кейін ешқашанда сол жарақаттан шипаларын алмайды. Құлағыңызға қатты естілсе де, бұл олардың өз таңдаулары болған еді. Иса басынан өткен азаптары арқылы мойынсұнуды үйренген. Петрде басынан өткізген азаптар арқылы мойынсұнуға үйренді. Пауыл азаптар арқылы мойынсұнуға үйренген. Ал сіз ше? Осыған үйрендіңіз бе? Әлде сіз қатігез, жүрегі қасарысқан, күйініш, кешірімсіздік және ренішке толы адамсыз ба? Егер осылар сіз жайында жазылса, онда сіз мойынсұнуға әлі үйренбегенсіз. Иә, кейбір реніштер тез кете қоймайды. Одан азат алу үшін сіз көп жұмыс істеп, күш салу керексіз. Осының барысында сіз өсіп, рухани кемелденесіз. Рухани жетілуіңіз оңай емес, әйтпесе барлығы сондай болушы еді. Көпшілік адамдар кездестірген қарсылықтардың салдарынан, мұндай деңгейге келе бермейді. Бұл жерде қарсылықтың бары рас, өйткені біздің қоғамымыз әділетсіз де өзімшіл болып табылады. Өйткені осы әлемнің әміршісі қоғамымызды қоршап алған. Сондықтан да Мәсіхтің кемелдігіне кіру үшін, осы өзімшілдікке қарсы тұру үшін басымыздан қиыншылықтарды өткізуіміз керек. Пауыл өзі орнатқан қауымдарға бару үшін үш қалаға барып шығады. Оның мақсаты шәкірттерінің жан дүниелерін нығайтып келу болатын. Оның оларды қалай жігерлендіргенін қарайық:

*«Сенімдеріңе адал болыңдар! Болашақтағы Құдай Патшалығының заманына жеткенше біз әлі де талай азап шегуге тиіспіз...».*

*- Елшілердің істері 14:21-22*

Ол олардың өмірлері жеңіл болады деп уәде бермеген. Осы әлемнің түсінігі бойынша өмірлерінде жетістік болады деп те уәде бермеген. Оларға тағайындалған жолды қуанышпен өтуге шешім қабылдаса, онда олар үлкен қарсылықпен кездесетіндері жайында айтып, оны Пауыл «азап» деп ескерткен. Егер сіз кәдімгі қайықпен ағысқа қарсы жүзсеңіз, ары қарай жылжу үшін сіз ескекпен есуіңіз керек. Егер сіз шаршап, ештеңе

істемей отырсаңыз, онда ағыстың жылжығанымен кете бересіз. Тура осылай біз Құдайдың жолымен жүруге шешім қабылдасақ, көптеген азаптармен кездесеміз. Осы сынақтардың барлығы маңызды сұраққа деген сіздің жауабыңызды көрсетеді. Осы әлемдегі өзінікін ғана ойлайтын адам сияқты боласыз ба, әлде аянбастық өмір сүресіз бе? Егер біз Иса үшін өмірімізді жоғалтсақ, онда біз Оның өмірін табамыз. Соның барысындағы күреске емес, ақыры аяғындағы нәтижесіне көңіл аударыңыз. Петр осыны жақсы айтып кеткен:

*«Қымбатты бауырластарым, өздеріңнің «от кешіп» ауыр азап шегіп, сыналғандарыңды оғаш нәрсе деп ойламаңдар. Қайта, неғұрлым көбірек Мәсіх секілді азап шексендер, соғұрлым көбірек қуаныңдар. Сонда Мәсіх салтанатты ұлылықпен қайта оралып, ашық көрінген кезде де шаттанып қуанатын боласыңдар».*

*- Петрдің 1-ші хаты 4:12-13*

Байқаңызшы, ол азап шегудің деңгейін қуаныштың деңгейімен салыстырады. Мұндай қуанышқа қалай қол жеткізуге болады? Мәсіхтің салтанаты ашылған кезде, сіз Онымен бірге мадақталасыз. Сіздің ішіңіздегі Мәсіхтің мінезі қандай деңгейде болса, сондай деңгейде сіз де мадақталасыз. Сондықтанда ренішке қарамаңыз. Керісінше болашақ салтанатқа қараңыз.

**Өзіңнің дұрыстығыңды  
дәлелдегенше  
Сүрініп қалған бауырыңа  
көмектескенің жөн.**

## БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ- ТАТУЛАСУ

---

*«Ежелгі адамдарға «Кісі өлтірме!  
Кісі өлтірген әркім сотталуға тиіс» деп бұйырылғанын  
естідіңдер. Ал Мен сендерге былай деймін: кімде-  
кім басқа адамға өзінің кәрін төксе, сол сотталмақ,  
Басқаны «Сенен еш пайда жоқ!» деп балағаттайтын  
әркім Жоғарғы кеңес алдында жауап бермек, ал  
«Құдайдан безген ақымақ!» деп жамандайтындар  
тозақ отына түседі. Сонымен сен Құдайға арнаған  
сый-тартуыңды гибадатханадағы құрбандық үстеліне  
алып барғанда бауырласыңның өзіңе өкпелеп жүргені  
сонда есіңе түссе, алып келгеніңді сол жерде қалдыр да,  
бауырласыңа барып, онымен татулас!  
Бұдан кейін қайтып келіп, сый-тартуыңды Құдайға  
бағыштап ұсын».*

- Матай 5:21-24

**Б**ұл аяттар Таудағы уағыздан алынған. Иса мынадай сөздермен бастайды: «Ежелгі адамдарға... бұйырылғанын естідіңдер». Содан соң жалғастырады: «Ал Мен сендерге..» Иса осы уағызды бітіргенше осындай салыстырмаларды келтіреді. Басында Ол біздің іс-әрекетімізді ретке келтіретін заңды атап өтеді. Содан соң сол заң жүрегімізде қалай орындалатынын көрсетеді. Кісіні тек шынайы қолмен өлтірген ғана емес, жүрегінде кісіні жек көрушіні Құдай кісі өлтірушімен теңейді. Сіздің жүрегіңізде не болса, сіздің сондай

адам болғаныңыз. Осы уағыздың бөлігінде Иса реніштің салдарын анық ашып көрсетеді. Ол реніш пен күйінішүшін алатын жазаның қаншалықты ауырын көрсетеді. Әрбір адам өзінің бауырластарына бекерге ашуланса, сотталатынын айтады. Егер адам бауырласын Құдайдан безген ақымақ дейтін болса, онда Жоғарғы сотқа беріледі. «Құдайдан безген ақымақ» «мисыз немесе ақымақ» дегенді білдіреді. Осы сөз сол кездері Иудейлердің арасында ұрысқан кезде немесе жамандаған кезде қолданылатын. Егер адамның ашуы «ақымақ» сөзін қолдануға мәжбүрлесе, онда оған тозақтың отына түсу қаупі төнеді. «Ақымақ» сөзі «кәпір» дегенді білдіреді. «Ақылсыз (ақымақ) адам «Құдай жоқ» деп ойлады» (Забур жыр. 13:1). Сол кездері адамды «ақылсыз» деу өте қатерлі айыптау болатын. Мұндай сөз адамның ашуы жек көрушілікке айналған кезде ғана айтылады. Қазіргі сөзбен салыстырсақ: «Тозаққа түс!» деп айтып, тура соны шынымен тілегенімізді білдіреді. Егер біз ашуымызды жоймасақ, ол жек көруге айналады. Егер жек көрушіліктің көзін құртпасаңыз, онда сізді тозаққа апару қаупі төніп тұр. Содан соң егер сізде біреумен бұрыс қарым-қатынас болса, онда құрбандықтарыңды қойып, біріншіден, барып онымен татуласуы керек. Неліктен біз бірден барып татуласуымыз керек? Өзіміз үшін бе, әлде сол адам үшін бе? Біз сол бауырласымыз үшін барып татуласуымыз керек. Өйткені оның реніштен арылуына көмектесуіміз керек. Егер біз оған ренжулі болмасақ, онда Құдайдың сүйіспеншілігі оның ашулы болып қала беруіне мүмкіншілік бермей, реніштен азат болуына көмектеседі. Мүмкін сіз ешқандай жамандық жасамаған шығарсыз. Жақсы ма, жаман ба, ол маңызды емес. Бізге қазір өзіміздің дұрыстығымызды дәлелдемей, сол сүрініп қалған бауырласымызға көмектесу. Реніштің мындаған себептері болады. Мүмкін сізге ренжіген адамның ойынша, сіз әділетсіз іс жасадыңыз, бірақ шынайы түрде сіз ештеңе де істеген жоқсыз. Ол бұрыс ақпарат алғандықтан, бұрыс тұжырым жасайды. Бір жағынан ол дұрыс ақпарат алса да, бұрыс тұжырым жасайды. Біздің аузымыздан шыққан сөздер сол адамға жеткенше, бұрмаланып жететін болады. Сол адамды жаракаттауға

ниетіміз болмаса да, біздің сөздеріміз бен іс-әрекеттеріміз мүлдем басқа нәрсені көрсетіп жатады. Біз өзімізді ниеттерімізге қарап соттаймыз, ал басқаларды іс-әрекеттеріне қарап соттаймыз. Кейде адамдар сенің ниеттеріңді дұрыс түсінбейді. Кейде біздің шынайы ниеттеріміз өзімізге де көрінбейді. Оларды таза деп біз сенгіміз келеді. Бірақ Құдайдың Сөзі арқылы оны сүзгіден өткізсек, оның таза болмағанын көреміз. Ақырында мүмкін біз сол кісіге шынымен де қарсы күнә жасаған шығармыз. Сіз ашуланып, қысымшылықта жүргеніңізде, сол адамға сіздің кесіріңіз тиіп қалған шығар. Немесе, керісінше сол адам әдейі сізге қайта-қайта шабуыл жасаған шығар, ал сіз осыған төзе алмай, тура сол жамандықпен жауап бересіз. Реніштің қандай себебі болса да, ренжулі адамның сана-сезімі түнеушілікте болады. Ол біздің шынайы ниетімізді білдім деп ойлап, өзінің пікірін адамдардың болжамдарына, сыртқы белгілерге, елдің қауесеті мен сыбыстарға сүйеніп құрастырады. Бұрыс ақпарат ала тұра, қалайша сіз дұрыс тұжырым жасайсыз? Сол адамдар шын жүректен оған әділетсіздік жасалды деп ойласа да, біз оларды түсінуіміз керек. Ол реніштің қандай себебі болса да, біз бойсұнып кешірім сұрауға дайын болуымыз қажет. Сіз күнәлі болмасаңыз да, сол адаммен татуласу керектігі туралы Иса айтады. Біз бойұсынушылықта жүріп, татуластыруды алып келуіміз үшін рухани жетілдірілген болуымыз керек. Ренжіп қалған адамның татуласуға бірінші қадам жасауы өте қиын. Сондықтан ренжіткен адамның бірінші барып татуласқанын Иса ескертеді.

## **ЕГЕР СІЗ БІРЕУДІ РЕНЖІТСЕҢІЗ, ОДАН ҚАЛАЙ КЕШІРІМ СҰРАУ КЕРЕК?**

Пауыл елші айтады:

*«Ендеше өзара тату жүріп, бір-біріміздің рухани өсуімізге көмектесетіннің барлығына жан-тәнімізбен ұмтылайық!».*

*- Римдік. хат 14:19*

Бұл аят біз ренжіткен адамымызға қалай жақындауымызды үйретеді. Егер сіздің сол адамға көңіліңіз қалып, ашуланып барсаңыз, онда сіз табыса алмай кетесіз. Бұл бар мәселені одан сайын ушықтырып жібереді. Тәкаппарлықтан бас тартып, бойұсынушылық арқылы жүрегімізде тыныштық сақтауға тырысуымыз қажет. Сіз тек осылай ғана адамдармен табысасыз. Маған ренжулі немесе ашулы адамдарға мен бірінші болып жақындаған кезімде, олар маған бас салып жанжалдасатын кездер болады. Олар маған өзімшіл, басқа адамдарға көңілімді аудармайтын, тәкаппар, дөрекі және тік мінезді адам деп айыптайтын. Әрине, мен сонда оларға былай жауап бергім келетін: «Жоқ! Бұл олай емес. Сіздер мені түсінбейсіздер!» Бірақ мен өзімді қорғаштағым келген кезде, жағдай одан бетер ушығып, майға от құйылғандай болып, олардың реніштері одан да терең болатын. Бұл тыныштыққа ұмтылу болған жоқ. Өзіңіздің құқығыңызды қорғауыңыз ешқашанда тыныштыққа әкелмейді. Осының орнына мен аузымды түйіп, олар айтқысы келгендердің бәрін айтып бітірмейінше, оларды тыңдауға үйрендім. Мен олардың пікірлерімен келіспесем де, олардың пікірлерін құрметтейтінімді айтып, өзімнің ниеттерім мен қарым-қатынасымды қайта қарастыратыным туралы айтамын. Содан соң мен оларды ренжіткеніме өкінетінімді айтамын. Кейде олар мен туралы шындықты айтады. Мұндай жағдайда: «Сіздікі дұрыс! Мені кешіруіңізді өтінемін». Бірақ сізге тағы да айтып кетейін, табысуға келу үшін бойсұнушылықта жүруіңіз қажет. Мүмкін Иса сондықтан осы сөздерді айтқан шығар:

*«Біреу саған қарсы дау көтерсе, оған еріп сотқа бара жатқанда онымен тезірек татуласуға тырыс! Олай етпесең, қарсыласың сені сот алдына апарды, ал сот сақшыға ұстап беріп, сақшы сені түрмеге қамайды. Саған шындығын айтамын: сен берешегіңді соңғы тынығына дейін төлемейінше, сол жерден шыға алмайсың!».*

- Матай 5:25-26



Тәкаппарлық өзін қорғағанды жақсы көреді. Ал бойсұнушылық: «Сіздікі дұрыс. Мен тура осылай жасағаным рас. Мені кешіріңіз» деп айтады.

*«Көктен келген даналық адамды ең алдымен пәк таза қылады, содан кейін оны ынтымақшыл, төзімді, ымырашыл, қайырым мен игі істер жасағыш, ешкімді алаламайтын әділ қылып, екіжүзділіктен арылтады».*

- Жақыптың хаты 3:17

Құдайдың даналығы ымырашыл (яғни көнгіш) болады. Ол көнбейтін емес және жанжалға апармайды. Құдайдың даналығына берілген адам біреудің пікірін қабылдап және оған көнуге қорықпайды. Егер де әрине ол шындыққа тіпті ұйқаспаған жағдай болмаса.

## **СІЗДІ РЕНЖІТКЕН АДАМҒА ҚАЛАЙ ЖАҚЫНДАУЫҢЫЗ КЕРЕК?**

Біз ренжіткен адамдармен қалай сөйлесу жайында талқыладық. Енді бізді ренжіткен адамдармен қалай табысқа келуге болатыны туралы сөйлесейік.

*«Егер бауырласың саған қарсы күнә жасаса, оған барып, істегені туралы оңаша сөйлесіп, әшкереле. Егер де айтқаныңа құлақ асса, бауырласыңды қайтадан тапқаның».*

- Матай 18:15

Осы аятты кейбіреулер дұрыс рухта қолданбайды. Оларды ренжіткен кісіге жақындап, оны кек пен ашу рухында әшкерлейді. Оларды ренжіткен адамдарын соттау үшін осы аятты пайдаланады. Олар осы аяттың егжей-тегжейіне бармайды: бір-бірімізге әшкерелеуге барған кезімізде, қандай ниетпен баруымызды Иса үйретеді. Біз бір-бірімізге

айыптаумен емес, табысу үшін жақындауымыз керек. Біздің бауырластарымыз бізге қаншалықты әділетсіздік жасағаны туралы айтқанымызды Иса қаламайды. Біз оларға барған кезімізде, қарым-қатынасымызды қалпына келтіру үшін барлық кедергілерді алып тастағанымыз жөн. Бұл Құдаймен қарым-қатынасты қалпына келтіруге ұқсайды. Біз Құдайға қарсы күнә жасадық, бірақ Ол

*«...әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді».*

*- Римдік.хат 5:8*

Бізді ренжіткен адамдармен табысу үшін, өзіңізді қорғаудан бас тартып, тәкаппарлықты жоюға дайынсыз ба? Біз Құдайдан кешірім сұрамастан бұрын, Ол бізге сүйіспеншілігін төкті. Біз өзіміздің күнәлі екенімізге көзіміз жетпей тұрып Иса бізді кешіруге шешім қабылдады. Ол бізге Өз қол ұшын созды, бірақ біз Оның табысу сөздерін қабылдамайынша, Құдай Әкемен табыса алмайтын едік.

*«Осының бәрі де Құдайдың ісі. Ол бізді Мәсіх арқылы Өзімен татуластырып, бізге басқаларды Өзімен татуластыру қызметін аманаттады. Құдай адамзатты Мәсіхтің арқасында Өзімен татуластырды, енді олардың күнәларын мойындарына артпай, татуласу туралы Ізгі хабарды жариялауды бізге тапсырды. Осылайша Мәсіхтің өкілдеріміз, біз арқылы Құдайдың Өзі адамдарға ескертеді. Мәсіхтің атынан: «Құдаймен татуласыңдар!» - деп өтінеміз».*

*- Қорынттықтарға арн. 2-ші хат 5:18-20*

«Татуласу» сөзі барлық жалпы негіздерден бастамасын алады: ол- біз бәріміз де Құдайға қарсы күнә жасадық. Біз Құдай үшін ажыратылғанымызды білмейінше, татуласу мен құтқарылуды қаламайтын боламыз. Жаңа өсиетте адамдардың

барлығы Құдайдың алдында күнәкар екендігі туралы Исаның шәкірттері уағыздайтын. Олардың күнәкар екенін не үшін айтулары керек болды? Оларды соттау үшін бе? Құдай бізді соттамайды.

*«Құдай Өзінің рухани Ұлын адамзатты соттауға емес, құтқаруға жіберді».*

*- Жохан 3:17*

Мүмкін осылар адам өзінің қандай күйде жүргенін біліп, өзінің күнәлары үшін кешірім сұрау үшін керек шығар. Адамды тәубеге не алып келеді?

*«Әлде сен Құдайдың мейірім көрсетіп, өзіңді теріс жолдан қайтарғысы келетінін ұқпай, Оның мол мейірімділігін, сабырлылығын және шыдамдылығын менсінбейсің бе?».*

*- Римдіктерге 2:4*

Құдайдың мейірімділігі бізді тәубеге алып келеді. Тозақтағы отқа үкімге кесілген біздерді Құдайдың сүйіспеншілігі құтқарады. Өзінің жалғыз ұлын Исаны бізді құтқару үшін айқыш ағашқа жіберген кезде, бізге Өзінің сүйіспеншілігін дәлелдеді. Біз Оған қарсы күнә жасасақ та, Ол бізге бірінші болып жақындады. Ол Өзінің қол ұшын соттау үшін емес, бізді құтқарып, қалпымызға келтіру үшін созады. Біз Құдайдан үлгі алып, бізді ренжіткен бауырласымызға бірінші болып жақындауымыз керек. Иса келесі үлгіні бекітті: бауырласыңа барып, оның күнәсін көрсету. Бірақ оны соттау үшін емес, сендерді бөліп тастайтын қандайда бір кедергілерді алып тастап, қарым-қатынасты қалпына келтіріп табысу үшін айту керек. Біздің ішіміздегі Құдайдың мейірімділігі бауырласымызды тәубеге әкеліп, қарым-қатынасты қалпына келтіреді.

*«Сонымен Иемізге қызмет еткеніме бола түрмеде жатқан мен сендерге Құдайдың өздеріңді шақыруына лайық өмір сүріңдер деп ескертемін. Барлық жағдайларда кішіпейіл, ілтипатты, бір-*

*біріңе төзімді болып, сүйіспеншілік көрсетіңдер.  
Құдай Рухымен иемденген бірліктеріңді өзара  
байланыстырған татулық арқылы сақтауға  
ұмтылыңдар!».*

*- Ефестіктерге 4:1-3*

Біз осы тыныштықты осылар арқылы сақтаймыз: бойсұнушылық, мейірімділік, ұзақ шыдамдылық, кішіпейілділік және бір-біріміздің әлсіз жерлерімізді сүйіспеншілікпен жасырамыз. Осылайша сүйіспеншіліктің байланысы нығаяды. Мен ренжіткен кейбір адамдар маған соттаушылықпен келеді. Кейде осының салдарынан менің табысқым келмейтін. Айтпақшы, мен олардың менімен табысқылары келмейді деп ойлаймын; олар өздерінің маған қаншалықты ызалы екенін көрсеткілері келеді. Ал кейбір мен ренжіткен адамдар маған бойұсынушылықпен келетін. Осындай адамдарға сөздерін аяғына дейін бітіруге мұрсат бермей, ойымды өзгертіп, олардан кешірім сұрайтынмын. Сіздерге мынадай сөздерді айтып келген адамдар болды ма: «Мен сіздің осыны білгеніңізді қалаймын: сіздің маған мынадай нәрселер істегеніңіз үшін сізді кешіремін?» Олар осыларды жайып салғаннан кейін сізге: «Сен менен кешірім сұрау керексің!» дегендей қарап тұрады. Сіз сасып қалып, абыржып қаласыз. Мұндай жағдай сіздің жүрегіңізді жаралайды. Олар сізбен табысу үшін емес, сізді қорқытып, басқару үшін келеді. Бізді ренжіткен адамды кешіруге шешім қабылдамайынша, ол не деп айтсада, оған бармауыңыз керек. Сол адамға барар алдында, біз оған деген барлық жағымсыз сезімдерімізден арылуымыз керек. Әйтпесе біз сезімдерімізге беріліп, шипа әкелмей, бауырласыңызды жарақаттайсыз. Егер бізді ренжіткен адамды шартсыз кешіріп, онымен табысқымыз келсе, ал ол бізді тыңдағысы келмесе, не істеу керекпіз?

*«Ал егер тыңдамаса, қасыңа бір-екі кісі ертіп алып,  
оған тағы бар. Осылай әрбір сөз екі не үш куәгердің  
айтқандарымен дәлелденсін. Егер де оларға да*

*құлақ аспаса, бұл туралы сенушілер қауымына айтып бер. Ал егер қауымды да тыңдамаса, онда оған Құдайға мойынсұнбайтын басқа ұлт адамына не күнәкар салықшыларға қарағандай қара».*

*- Матай 18:16-17*

Осылардың барлығында бір мақсат, ол - татуласу. Шын мәнінде Иса былай дейді: «Әрекеттеріңді қайта-қайта жалғастыра бер». Ренжіткен адам әр кезең барысында еліктірілгенін байқадыңыз ба? Бізді ренжіткен адамға бармай тұрып, өзіміздің ренішіміз туралы басқаларға жиі айтамыз. Біз осыны жүрегімізді ұғынбағандықтан істейміз. Өз әңгімеміздің нұсқасын бәріне айтып жүруімізге құқығымыз бар деп ойлаймыз. Ал басқалар оқиғамызды тыңдап, онымен келіссе, ойымызды нығайтып, жұбаныш алып келеді. Бірақ мұндай іс-әрекетте өзімізден басқа, еш нәрсе де жоқ.

## **БАРЛЫҚ НӘРСЕНІҢ НЕГІЗІ**

Егер біздің ниетімізде Құдайдың сүйіспеншілігі болса, онда біз сәтсіздікке ұшырамаймыз. Сүйіспеншілік ешқашанда сізді ұятқа қалдырмайды. Егер біз басқаларды Иса сияқты сүйсек, онда сол адам бізбен татуласқысы келмесе де, біз азат боламыз. Киелі кітаптағы келесі аяттарға назар аударыңызшы. Біз қандай да бір жағдай болмасын әрдайым Құдайдың даналығына жүгінуіміз керек. Ол бізге әрдайым қол жетімді:

*«Қолдарыңнан келгенше, барлық адамдармен тату болыңдар».*

*- Римдіктеге 12:18*

Құдай бізге айтады: «Қолдарыңнан келгенше...». Өйткені кейбір адамдар бізбен татуласудан бас тартады. Немесе кейбіреулер бізбен татуласу үшін мүмкін емес шарттарды қояды. Осы шарттар Құдаймен қарым-қатынасқа кедергі етуі мүмкін. Мұндай жағдайда адамдармен қарым-қатынасты

қалпына келтіру мүмкін емес. «Қолдарыңнан келгенше...» дегенге көңіл бөліңіз. Біз қолымыздан келгеніміздің бәрін істеу керекпіз, әрине егер шындыққа қарсы келмесе. Біз татуласуға қолымыздан келмеген кезде, жиі қиындыққа беріліп, тез жеңіліп қаламыз. Менің бір досымның маған жағымсыз жағдайдан бірден қашпауым үшін мынадай кеңес бергенін ешқашанда ұмытпаймын: «Джон, сен осы жағдайдан құтылу үшін Киелі кітаптың сөздерімен ақталатыныңды білемін. Осыны істемес бұрын сол жағдай үшін мінажатта тұрып, қолыңнан келгеннің бәрін істеуге тырысып, осы жағдайға Құдайдың сүйіспеншілігін алып келгеніңе көзінді жеткіз». Осыдан соң тағы да қосып: «Кейін артыңа қарап, осы қарым-қатынасты қалпына келтіруге қолыңнан келіп тұрса да, ол үшін күшінді салмағаныңа өкінетін боласың. Қолыңнан бәрін істеуге тырысып баққаннан кейін, амалың қалмаған кезде ғана осыны істе. Бірақ шындыққа қарсы келме», - деді. Мен осы кеңеске ризашылығымды білдіремін және ол Құдайдан келген даналық болғанына келісемін. Исаның сөздерін қараңызшы:

*«Татуластырушылар бақытты: олар Құдайдың рухани балалары деп аталмақ!».*

*- Матай 5:9*

Ол айтпады: «Татулықты сақтайтындар ғана бақытты». Татулықты сақтайтындар тайталастан аулақ болу үшін бәріне де барады. Ақиқатқа қарсы шығуға дейін барады. Бірақ мұндай татулық шынайы емес. Бұл - көпке бармайтын жалған татулық. Татуластырушы сүйіспеншілікпен тайталасқа барып, шындықты айтады. Мұндайда татуласу мәңгілікке созылады. Ол жалған және жеңіл желпі қарым-қатынасты сақтамайды. Ол шындықты, ақжүректікті және сүйіспеншілікті қалайды, өз ренішін жалған күлімсіреумен жасырмайды және өзінің батыл сүйіспеншілігімен тыныштықты алып келеді. Құдай адамзатпен тура осылай жасайды. Ол ешкімнің өлгенін қаламайды. Бірақ Ол адамды құтқару үшін ақиқатқа қарсы шықпайды. Ол адамдық шарттарға емес, шынайы арналуға негізделіп

татуластыққа әкеледі. Бұл ешқандай зұлымдықпен үзілмейтін сүйіспеншіліктің дәнекерін дамытады. Ол біз үшін Өз өмірін қиды. Біз тек осылай істеуіміз керек. Осының бәрінің негізі Құдайдың сүйіспеншілігі екенін ұмытпаңыз. Ол ешқашанда таусылмайды, солмайды және бітпейді. Ол өзінікін іздемейді. Ол ашуланбайды да ренжімейді (Қорынтықтырға 13:5 қараңыз). Пауыл елші айтқандай, сүйіспеншілік барлық күнәларды жеңе алады:

*«Мен Оған сиынып, былай деп тілеп отырмын: сендердің сүйіспеншіліктеріңмен қатар жан-жақты рухани білімдерің мен көрегендіктерің бұдан да арта берсін. Соның нәтижесінде әр жағдайда ненің ізгілікті екенін ажырата білсеңдер екен деймін. Осылай сендер Мәсіх қайта оралар күні мінсіз пәк болып, Иса Мәсіхтің көмегімен мольнан әділ іс-әрекеттер жасап келген боласыңдар. Содан Құдайдың ұлылығы көрініп, мадақталмақ».*

*- Філіпіліктерге 1:9-11*

Құдайдың сүйіспеншілігі- реніш деген тұзақтан арылудың кілті. Бірақ та бұл кезде мол сүйіспеншілік болу керек. Ол әрдайым өсіп және нығайып тұру керек. Біздің қоғамымыз көп сөзге толы, бірақ әрекет етпейтін, жеңіл-желпі сүйіспеншілікке бастары айналып қалған адамдарға толы. Бізді сүрінуден сақтайтын сүйіспеншілік өз өмірін тіпті дұшпанның игілігі үшін аянбай беруге даяр. Егер біз тура осындай сүйіспеншілікте жүрсек, онда біз азғырылуға түспей, шайтанның тұзағына түспейміз.

# ЭПИЛОГ

## ІС-ЖҮЗІНДЕГІ ҚАДАМДАР

---

Осы кітапты оқу барысында Құдайдың Рухы сізге өткен немесе қазіргі бір қарым-қатынас жайында ескертуі мүмкін. Мүмкін ол жүрегіңізде біреуге қарсы бір нәрсе шығар. Мен сізді азат ететін мінажатпен мінажат етуге Құдай жетелеп жатқанын сеземін. Бірақ мінажат етер алдында, Ол сізбен Өз Рухымен өткен шағыңызға өтіп, сіз кімге ренжіген болсаңыз, соны есіңізге түсірсін. Сол адамдарды көрсетіп жатқан кезде, Оның алдында тыныштықта отырыңыз. Ол сізге белгілі адамдарды нақты қылып көрсетеді. Сіздің күмәніңіз де қалмайды. Құдай осыларды көрсетіп жатқан кезде, сіз сол кездегі сезінгендеріңізді есіңізге түсіресіз. Қорықпаңыз. Ол сіздің қасыңызда тұрып жұбатады. Олардың сізге істегендердің бәрін кешіріп жатқаныңызда, олардың бір қатарда тұрғанын елестетіп көріңіз. Олардың әрқайсысын жеке кешіріңіз. Олар сізге қарыз болғандарын бұзыңыз. Содан соң осы мінажатпен сиыныңыз, бірақ тек осымен шектелмеңіз. Осыны тек нұсқау ретінде қолданып, Киелі Рухтың жетелеуіне ашық болыңыз:

*«Көктегі Әке! Мені ренжіткендерді кешірмедіктен, Сенің алдыңда күнә жасағанымды мойындаймын. Осы үшін тәубе етемін, мені кешірші. Мен Сенсіз оларды кешіре алмайтынымды да мойындаймын. Сондықтан да мен оларды кешіруге шешім қабылдаймын [олардың әрқайсысының есімдерін жазып, кешіріңіз және оларды жіберіңіз]. Олардың бүкіл маған жасаған істерін Исаның қанымен жуып тазалаймын. Олар маған ешнәрсе де қарыз*



*емес. Маған қарсы жасалған күнәларды кешіремін. Әкем! Менің Тәңірім Иса сияқты адамдардың Оған қарсы жасаған күнәларын кешіруге сұрағанындай, менде маған қарсы күнә жасағандарды кешір деп сұраймын. Оларды жарылқашы және Сенімен тығыз байланысқа алып келші». Аумин.*

Енді кешірген адамдардың есімдерін дәптерге қай күні кешіруге шешім қабылдағаныңызды жазыңыз. Сізге ренішке берілмеу үшін көп жаттығу керек болатын шығар (осы тұжырымды түсінбесеңіз, 13-ші тарауды қайтадан дұрыстап оқыңыз). Олар үшін мінажат еткен кезде, өзіңіз үшін мінажат еткендей сиыныңыз. Сіздің жазбаларыңыз осыған сенімді болуыңызға көмектеседі. Егер неше түрлі ойлар миыңызға шабуыл жасайтын болса, оларды Киелі кітаптың сөзімен жариялап, өз шешіміңізді ауызбен айтыңыз. Сіз оларды кешіру үшін Құдайдың рақымын сұрадыңыз. Батыл болыңыз және сенімнің игі ерлігіне ат салысыңыз. Жүрегіңіз мықты болып, нығайған кезіңізде, оларға барыңыз. Сіз өзіңіздің емес, олардың игілігі үшін бара жатқаныңызды ұмытпаңыз. Осы істегендеріңіз, сіздің жеңісіңіздің кепілі болады (Матай 18:15 қараңыз). Осылар Құдайдың игілігіне қажет.

*«Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышымен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онiкi! Аумин».*

*- Яхуданың хаты 24,25*

# Шайтан тұзағы

**Кез–келген адам** қақпан құрар алдында екі нәрсені білу керек. Біріншіден, қақпанды білдіртпей жерге көму қажет. Екіншіден, қақпанға «алдамшы жем» қою керек. Біздің жанымыздың қас жауы шайтан осы екі қағиданы пайдалана отырып, бізді өзінің қауіпті қармағына түсіреді. Оның қақпаны көрінбейді, ал «алдамшы жемі» күтуде.

Осы кітапты оқыған кезде, сіз осы қиын сұрақтарға жауап табасыз:

- «Өз басымнан өткен» оқиғаларды неліктен айтқым келіп отырады?
- Күмән мен сенімсіздікпен мен қалай күрестім?
- Өзімнің өткен жарақаттарыма оралуды тоқтату үшін мен не істей аламын?
- Мені терең ренжіткеннен кейін, қалай сенімділікке қайтып келгенім туралы

Осы кітап дұшпанның қауіпті тұзағына түспеуді және Құдаймен кедергісіз қарым-қатынаспен болып, шайтанның шабуылдарына қарсы тұруға үйретеді.



Джон Бивер өзінің бестселлер болған кітаптарында (алпыстан аса тілдерге аударылған «Шайтанның тұзағы», «Құдайға жақындау», «Мәңгілікке ұмтылатындар» және т.б.) Құдайдың ақиқатын батылдықпен және құмарлықпен ашып береді. Ол бүкіл дүние жүзін аралап уағыздайды және әлемге танымал «Messenger TV» бағдарламасының ортақ құрылтайшысы. Джон өзінің әйелі Лиза және төрт ұлдары, келіні және немерелерімен Колорадо Спрингсте тұрады. Оның әйелі Лиза да танымал уағыздаушы және бестселлер кітаптардың жазушысы.

Кешірімеудің қауіпті тұзағынан азат болған өмір [www.CloudLibrary.org](http://www.CloudLibrary.org)



Көбінесе ақпарат алағанда кеше ме?  
Менің жеріңе көшіріп аламын!

teach reach rescue  
**Messenger  
International.**  
[www.messengerintl.org](http://www.messengerintl.org)

Бұл кітап сатылмайды.  
Автордан берілген сыйлығы.

Джон мен Лиза Бивердің Facebook пен Tweeter ден қарап,  
қауымның қызметтері жайында ақпарат алыңыздар.

